ISSN 2415-8119
1 (02) 2017

Кітапхана хабаршысы

ақпараттық-сараптамалық, ғылыми-тәжірибелік журнал

БИБЛИОТЕЧНЫЙ ВЕСТНИК LIBRARY BULLETIN



Алаш туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз!

Сұлтанмахмұт

"БІР ЕЛ - БІР КІТАП"

акциясы - 2017

БІР ЕЛ - БІР КІТАП







ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Кітапхана хабаршысы

БИБЛИОТЕЧНЫЙ ВЕСТНИК LIBRARY BULLETIN

1(02) 2017

Астана, 2017 жыл

Редакциялық алқа төрайымы

Үмітхан Мұңалбаева

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор

Редакциялық алқа мүшелері:

Әкім Тарази
Несіпбек Айт
Ғарифолла Есім
Дархан Қыдырәлі
Серік Тұрғынбекұлы

Бас редакторы
Үмітхан Мұңалбаева
Бас редактордың орынбасары
Талдыбек Нұрпейіс
Жауапты редакторы
Әсем Сағиқызы
Тілшілер:
Бауыржан Сегізбаев
Жәмилә Зайырова
Мөлдір Төлепбайқызы
Ағылшын тіліндегі редактор
Ләзиза Құттым
Аққербез Ұзақова
Дизайнер
Айнаш Урдабаева
Басылымға жауапты
Талдыбек Нұрпейіс

Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігіне
қарасты
«Астана қаласындағы
ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы»
республикалық мемлекеттік мекемесі
Журнал ҚР Инвестициялар
және даму министрлігі
Байланыс, ақпараттандыру және
ақпарат комитетінде тіркеліп,
2016 жылғы 15 сәуірдегі
№15957-Ж куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қаласы, Достық көшесі, 11
тел.: 8 (7172) 472 668, +7 778 917 51 56
e-mail: kitap111@mail.ru

Тираж: 3000 дана

- *Автордың пікірі мен көзқарасына редакция жауап бермейді;*
- *Жарияланған мәліметтердің дұрыстығына және мәтініне авторлар жауапты болып танылады;*
- *Редакцияның келіп түскен материалдарға түзету енгізуге құқығы бар;*
- *Қолжазбалар кейін қайтарылмайды.*

“БІР ЕЛ - БІР КІТАП” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ 6

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ 13

ВИРТУАЛЬНЫЕ СЛУЖБЫ ВУЗОВЫХ БИБЛИОТЕК КАЗАХСТАНА: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ 45

ЖАН ДАҒДАРЫСЫ ТУРАЛЫ ЖАЗАТЫН СУРЕТКЕР 72

ЖОЛДАУ - 2017 83

Қазақстан 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ

Елдің еңселі “Ақиқат” журналы турасында 93





ЖЫЛ КІТАБЫ

Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРҰЛЫ

Бүгін Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында «Бір ел – бір кітап» Республикалық акциясы аясында жалпыхалықтық оқуға Жыл кітабын таңдау отырысы өтті. Аталмыш акцияға биыл 10 жыл болады. Биылғы акцияға бес мың оқырман қатысқан, оның екі жарым мыңы әлеуметтік желі арқылы дауыс берген.

Комиссия мүшелері:

М.Жолдасбеков, Н.Айтұлы, М.Кемел, Т.Жұртбай, Ж.Әлмашұлы, Р.Мұқанова, Д.Қамзабекұлы, Д.Қыдырәлі, А.Ысымұлы, С.Досжанова, Ш.Құрманбай, М.Ершу, Л.Қапышева, С.Тәуекелов, Ү.Мұңалбаева.

Ал акцияға ұсынылған кітаптардың тізімі төмендегідей болды:

1. *Абайдың қарасөздері.*
2. *М.Әуезов «Абай жолы».*
3. *М.Мақатаевтың шығармалары.*
4. *І.Есенберлиннің шығармалары.*
5. *Ә.Кекілбаев «Үркер».*
6. *Ә.Нұрпейісов «Қан мен тер».*
7. *Ш.Мұртаза «Қызыл жебе».*

Енді комиссия мүшелерінің сөйлеген сөздерінен қысқаша үзінді келтірейік. Жыл кітабын таңдау отырысында алаштанушы, ғалым Т.Жұртбай: «Ә.Нұрпейсовтің кітабын мың жерден ұсынғанмен де, бүгінгі күні оны оқудың қажеті жоқ. Одан да Сәбиттің «Ботагөзін» оқытайық. «Қызыл жебе» де бүгінгі күннің талабынан шығып тұрған жоқ. Оқырмандардың талғамын реттейтін кез болды ғой. Абай, Мұхтар, Ілиястар оқылды. Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романы бақандай 67 баспатабақ. Оны кім оқып отырады? Одан да Әбіштің ішіне төрт повесті енген «Дала балладаларын» ұсынар едім. Бұл таңдау оқырмандарға да жеңілірек болар еді», - деп өз ойын білдірді.

Ақын Н.Айтұлы: «Мен Тұрсынның сөзіне толығымен қосыламын. Және тағы бір айта кетерлігі - осы уақытқа дейін қалыс қалып келе жатқан екі автор бар. Олар - Шортанбай мен Қасым Аманжолов. Осы екеуін тізімге кіргізу керек еді...» - деді.

Жазушы-драматург Р.Мұқанова: «Оқырманымызға белгілі бірақ осы күні ұмытылып бара жатқан Б.Соқпақбаев, Т.Әлімқұлов, Т.Айбергеновтерді қосуды қалар едім», - деп ұсыныс тастады.

Белгілі алаштанушы ғалым Дихан Қамзабекұлы: «Алашты насихаттайық, алаш әдебиетінен бастайық. Сондықтан да Бернияз, Міржақыптарды ұсынамын», - десе, әуелгіде Шортанбай мен Қасымды қосу керектігін айтқан Несіпбек Айтұлы: «Жол – Сұлтанмахмұттікі! Алдыңғы сөздерімді қайтып алдым...» - деп қайта таңдау жасады.

Ақын, жазушы Сәуле Досжанова: «Мен дауысымды Сұлтанмахмұтқа беремін!» – дей келе, комиссия мүшелері де алаштықтарды таңдамаса сын болатындығын жеткізді.

Тіл білімінің білгірі Шерубай Құрманбайұлы: «Биыл – Алаш жылы. Осынау тізімге Міржақыпты қосуға болатын еді», – десе, қаламгер Мырзагелді Кемел: «Менің таңдауым – Сұтанмахмұт, Бернияз, Міржақып!» – деп сөздің тоқетерін бір-ақ айтты.

«Қазақ радиосы» әдеби-сазды редакциясының жетекшісі Л.Қапышева: «Тізімге Міржақыптың қосылғанын қалар едім», – деді алаштықтардың ішінде Жақаңның орны ерекше екеніндігін меңзеп.

Ақын Маржан Ершу болса: «Биыл – шынымен де, Алаш жылы ғой. Сұлтанмахмұт – ұлт ақыны. Ендеше, Сұлтанмахмұт оқырмандардың ойынан шығады деп ойлаймын», – деп өз пікірін ортаға тастады.

Комиссия мүшелерінің сөзінен кейін Ұлттық академиялық кітапхана басшысы Үмітхан Дәуренбекқызы: «Облыстық кітапхана басшыларының да пікірін біле отырайық», - деп ұсыныс тастады.

Кітапхана басшыларының таңдауы – Сұлтанмахмұт, Ш.Мұртаза, Қадыр, Мұқағали, С.Елубай, Б.Мұқай, Міржақып, Бейімбет, Бернияз сияқты қаламгерлер болды. Қызу талқыдан соң комиссия мүшелеріне қайта сауалнама жүргізілді. Барлығы да бірауыздан Сұлтанмахмұт Торайғыровқа тоқталды.

Сөз соңында модератор Ғ.Есім: «Біз Қазақ Мүддесі үшін жұмыс істеуіміз керек! Ешқандай да бұратартушылыққа жол бермеуіміз керек. Тізімде Сұлтанмахмұттың аты-жөні жоқ болғанымен де, көріп отырсыздар, оның аруағы басым түсіп отыр», - деп бәтуа байлады.

Сонымен 2017 жылдың кітабын таңдауда қызу пікірталас болды. Комиссия отырысының қорытындысын Мәдениет және спорт министрлігі Мұражайлар мен кітапханалар басқармасының бас сарапшысы Серғазы Тәуекелов: «Бүгінгі ашық өткен кітап таңдауында дұрыс шешім қабылдадық деп ойлаймын. Биыл – Алаштың 100 жылдығы. Сондықтан да Сұлтанмахмұттың шығармаларын дәріптейік!» - деп түйіндеді.

Дайындаған:
Бауыржан БАЙҚҰЛ

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ

АЛАШ ҰРАНЫ

Алаш туы астында,
Біз Алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді,
Сарыарқаның даласы.
Құрт аурудай жайлаған,
Құртпаққа бізді ойлаған,
Қанымызға тоймаған,
Қолымызды байлаған,
Ерімізді айдаған,
Елімізді лайлаған.
Жерімізді шимайлаған,
Өшті залым қарасы.
Жасасын, Алаш, жасасын!
Алаш Туы астында,
Қолдайтын Алаш бабамыз.
«Туысқандық», «теңдік» деп,
Туын қолға ап шабамыз.
Берілгенде тілектер,
Жарылмай ма жүректер?!
Заң жасайтын орынға,
Жұртпен бірге барамыз!
Қатардан орын аламыз!
Жасасын, Алаш, жасасын!
Алаш туы астында,
Куә болсын арымыз.
Көркейтуге Алашты,
Құрбандық біздің жанымыз!
Былай тұрсын малымыз,
Алаш деген ел үшін
Сарыарқаның жері үшін,
Бостандық берген ер үшін,
Төгілсін біздің қанымыз!
Аялмасын жанымыз!
Жасасын, Алаш, жасасын!
Алаш Туы астында,
Өлсек бірге өлдік біз.
Не жақсылық, не қайғы,
Көрсек бірге көрдік біз!
Ішкі жанжал таласты,
Күншілдікпен қарасты,
Мына жерге көмдік біз!
Жасасын, алаш, жасасын!
Алаш Туы астында,
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді ешкімнің Алашты,
Қорлығына бермейміз!
Адамдықтың жолына,
Бастаған ерлер соңында,
Басқаға көңіл бөлмейміз,
Қандай шайтан келсе де,
Алдауына көнбейміз.
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз!
Жасайды Алаш, өлмейміз!
Жасасын, Алаш, жасасын!

1917 жыл

Сұлтанмахмұт Торайғыров

АЛАШ ОРДА

Дархан Қыдырәлі,
Халықаралық Түркі Академиясының президенті,
«Егемен Қазақстан» РГ» АҚ Басқарма төрағасы:

– Өте жақсы пікірлер айтылып жатыр. Осы «Бір ел – бір кітап» акциясын жүйелі жүргізіп келе жатқан Ұлттық академиялық кітапхана басшылығына және барлық кітапхана қызметкерлеріне мен ризашылығымды білдіремін. Биыл Алаштың 100 жылдығы. Елімізде көптеген іс-шаралардың өтетініне күмәніміз жоқ. Бірақ, мына ұрпақтың санасына сол Алаш ұғымын сіңіре беру үшін биылғы акцияда Алаш тақырыбы қамтылу керек деген ойдамын. Мағжан Жұмабаев пен Жүсіпбек Аймауытовтар бұған дейінгі акцияларда оқылған екен.

Бізде Сұлтанмахмұт Торайғыров деген ақынымыз ұмытылып бара жатыр. «Қараңғы қазақ көгіне, Өрмелеп шығып, күн болам!» деген рухты жырлаған ақын. Қазіргі кезде оны оқыту керек. Сұлтанмахмұттың «Әлиханның Семейге келуі» деген өте керемет шығармасы бар. Көркемдік жағынан келсек, Алаш қайраткерлерінің ішінде Сұлтанмахмұт Торайғыровтың бәсі жоғары. Міржақып Дулатов пен Ахмет Байтұрсыновты да айтуға болады. Бірақ, Сұлтанмахмұттың көркемдік жағы, рухы биылғы жылға сәйкес келетін сияқты.

Менің ойымша Шераған да, классик жазушыларымыз Әбдіжәміл Нұрпейісов пен Әбіш Кекілбаевтан көзі тірісінде «Кімге дауыс бересіз?» деп сұрағанымызда осы Сұлтанмахмұт Торайғыровты айтар еді деген өзімнің ойым бар. Қазіргі қазақ жастарына идеал керек. Супермэндер дейміз, неше түрлі жасанды геройларға табынып, солардың аттарын жамылып жүрген жайы бар. Ал ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын жастарымызға үлгі ретінде көрсетуімізге болады. Оның шығармалары заманымызға келген үлкен сый, тамаша тарту. Қыршын кетсе де, барлық саналы ғұмырын халқына арнаған ұлы тұлға. Біздің жастарымыз С.Торайғыровтың тәлімін, тағылымын оқып өссе, шын мәнінде отаншыл болып шығады деген сенімдеміз. Сұлтанмахмұт Тройцкіде оқып, діни білім алған. Сол себептен татар, башқұрт және басқа да бауырлас халықтармен әдебиетімізді жақындата түседі деп ойлаймын. Себебі, кезінде татар ақындары Ғабдолла Тоқай мен Ғалымжан Ибрагимовтер Сұлтанмахмұттың бірге жүрген достары болған. Сұлтанмахмұт Торайғыров сол заманның ғана ақыны емес. Біз қазір «Мәңгілік ел» мұрасы деп жүрміз. «Мәңгілік ел» тұғырының бағыты қандай? Философиясы неде деген сауалды жиі естиміз. Оның мағынасын С.Торайғыровтың «Алаш туы астында, Күн сөнгенше сөнбейміз» деген философиясы айтып тұр. Бір жағы биыл Алаштың жылы. Екінші жағынан ұлттық идеямызға және Мәңгілік елдің анықтамасына Сұлтанмахмұт Торайғыровтың осы сөзі жауап бола алады.

Сәуле ДОСЖАНОВА,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі Аппаратының жауапты қызметкері

– Айтайын дегенім – егер биыл Алаштың 100 жылдығына бірдеңе жасай алмасақ, ұлттығымызға сын болады. Сондықтан қалай болғанда да биыл Алаштың 100 жылдығында «Күн сөнгенше сөнбейміз!» деп кеткен арыстарымыздың басын топтап бір шығармаларын алу керек пе, солардың ішінде жас кеткен Сұлтанмахмұтты алу керек пе, әйтеуір биылғы жылды қалай да Алашқа арнау керек деп ойлаймын. Өйтпесек, сын болады бізге. Онсыз да оларға арналған бірдеңе болып жатқан жоқ бізде. Үмітхан Дәуренбекқызы, сіз ерекекке бергісіз қайраткер әйелсіз ғой. Сіз осыны қолға алсаңыз, тындырасыз.

Мен енді қорытынды туралы бір ойымды айтып жіберейін... Сұлтанмахмұтты қолдап отырсыздар. Шындығында биылғы жыл – Алаштың жүз жылдығында Алашты осылай көтергеніміз дұрыс болды. Сұлтанмахмұттың айтқан өлеңдерінің бәрі де біздің мемлекеттік ұстаныммен сәйкес келеді, айтып отырғаным сол – «Мәңгілік ел» идеясына келеді.

Онан кейін оның өлеңдері балаларға да жаттап алуға ыңғайлы. Айтуға да ыңғайлы. Тіпті біздің қазақтың тақылдаған балалары соның өлеңін жатқа оқып жатқаны көз алдыма елестеп тұр. Сол үшін азаматтардың бұл таңдауына мен өте қуанышпен қосыламын.

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ:

АЛАШТЫ НАСИХАТТАЙЫҚ, АЛАШ ӘДЕБИЕТІНЕН БАСТАЙЫҚ

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор, алаштанушы, «Құрмет» орденінің иегері, Еуразия ұлттық университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры Дихан Қамзабекұлының Қазақстан Республикасының Ұлттық Академиялық Кітапханасында өткен «Республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясында» сөйлеген сөзі

– Жақсы ойлар айтылып жатыр... Бірақ біз былтырғы жылдың оқиғасын ұмытып кетіп жатырмыз. Былтыр Соқпақбаевты айттық, алдыңғы жылға қояйық деп. Одан кейін барып Әбіш ағамызды бір юбилейге келтірейік дедік. Әбіш ағамызды бәріміз жақсы көреміз. Кеше бәріміз де кабинет аштық, аудитория аштық деген сияқты. Сондықтан да ешкімнің көңілі қала қойған жоқ. Дархан Қыдырәлі мырзаның сөзі дұрыс. Алаш жылы ұмытылмауы керек деп ойлаймын. Алашты насихаттайық, алаш әдебиетінен бастайық! Бернияз бар, Міржақып бар, Сұлтанмахмұт біраз айтылып жүр, оқу құралдарында, оқулықтарда бар. Алаштың 100 жылдығында Алаш тұлғаларын ойланып ұсынсақ дұрыс болар еді. Себебі, жасырып не керек, Үкіметтің Қаулысы жоқ, бірақ осы отырған бәріміз қоғам емеспіз бе, қоғам сіз бен бізден тұрмай ма?! Ендеше, бір шығарманы алып, сол Алашты өзіміз насихаттасақ – сіздерге де, бәрімізге де үлкен еңбек болады ғой деп ойлаймын. Сол үшін мен Бернияз Күлеевті ұсынар едім. Ол қайтыс болған кезде Мағжан: «Біз – тәспі едік, тәспінің бір тасы үзіліп түсті», - деген.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ:

ӘБДІЖӘМІЛ НҰРПЕЙІСОВТІҢ «ҚАН МЕН ТЕРІ» МЕН ШЕРАҒАҢНЫҢ «ҚЫЗЫЛ ЖЕБЕСІН» ЖӘНЕ БҰРЫНҒЫ ЖЫЛДАРЫ ҰСЫНЫЛҒАН КІТАПТАР АВТОРЛАРЫНЫҢ ОРНЫНА АЛАШ ҚАЛАМГЕРЛЕРІН ҚОСҚАН ДҰРЫС

Филология ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының корреспондент мүшесі,
«Астана» Халықаралық қаржы орталығы Әкімшілік директорының орынбасары
Шерубай Құрманбайұлының «Бір ел – бір кітап» акциясында сөйлеген сөзі

– Мен бұл комиссия жұмысына бірінші рет қатысып отырмын. Осыған дейін оқырмандар арасында арнайы сауалнама жүргізіліп 7 кітап таңдалыпты. Сол 7 кітап бізге комиссия қарауына ұсынылып отыр екен. Сауалнамаға 2 жарым мыңнан астам адам қатысыпты. Екі жарым мың оқырман пікірімен санаспай, біз мына жерде 15-20 адам шешім қабылдасақ, ол біржақты шешім болады. Егер де біз осындай шешім қабылдайтын болсақ, онда оқырмандардан алдын ала сауалнама жүргізіп не қажеттілігі бар еді деген ой туындауы мүмкін... Арнайы сауалнама жүргізілгендіктен, оқырмандар ұсынысы да ескерілсін. Олар ұсынған кітаптардың жартысы қалдырылсын да, қалғанын өзіміз толықтырайық.

Сондықтан, біздің ұсыныс – мына 7 кітаптың арасынан Тұрсекең, Тұрсын Жұртбай қазіргі уақыттың талабына жауап бермейді деген Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қан мен тері» мен Шерағаңның «Қызыл жебесін» және бұрынғы жылдары ұсынылған кітаптар авторларының орнына Алаш қаламгерлерін қосқан дұрыс деп ойлаймыз. Біз осы ұсынысты қолдаймыз. Биыл – Алаш жылы. Сіздердің тараптарыңыздан қолдауға ие болмаған шығармалар орнына Алаш қаламгерлерінің еңбектері қосылғаны өте орынды. Сөз түйіні осыған келе жатқан сияқты. Осы Алаш қайраткерлерінің ішінен Сұлтанмахмұт айтылып жатыр, Бернияз ұсынылды. Осы тізімге Міржақыпты да қоссақ дұрыс болар деп ойлаймын. Содан дауыс беру кезінде біреуіне тоқталармыз.

Талдыбек НҰРПЕЙІС,
тарих ғылымдарының кандидаты,
ҚР ҰАК ғалым-хатшысы

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ЕҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

Қазақстан Президентінің «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауынан кейін азамат ретінде өзімнің түйген пікірімді білдіргім келеді.

Қазақстан шынында да, ширек ғасырда әлемдік алпауыт мемлекеттермен иық тірестіре алатындай дәрежеге жетіп, қыруар іс тындырды. Елімізде үлгілі дамудың өзіндік моделі қалыптасты. Әрбір отандасымыздың жүрегінде елімізге деген шексіз мақтаныш сезімі орнықты. Оны еңкейген қарттан, еңбектеген балаға дейін айтып жүр. Қазақстандықтар өзінің ертеңіне, туған елінің болашағына сеніммен қарайды. Биылғы Жолдау әлеуметтік ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, жеткен жетістіктерімізді одан сайын еселей түсуге бағытталған.

Қазіргідей жаһандық дағдарысты еңсерудің жолдары қарастырылып жатқан тұста Жолдауда айтылған санқырлы ұсыныстар ерекше маңызды. Себебі, ол жалпы экономика мен қоғамның жаңғыруының жаңа кезеңіне бастау береді деп білемін. Бұл маңызды құжат, ең алдымен, ұлттық экономиканы көтеруге, халықтың әлеуметтік жағдайын күшейтуге ықпал етеді.

Жолдаудағы экономикалық бөліктің мәні шикізат экспорттайтын негізгі салаларға ғана емес, сонымен қатар жаңа жоғары технологиялық, озық бастамаларға да негізделген экономикалық өсудің жаңа моделіне көшудің ұсынылатынында. Бұл Қазақстанға аталған бастама сәтті іске асырылған жағдайда әлемдік тауар нарықтары конъюнктурасына тәуелділіктен шығып, болашақта әлемдік деңгейдегі бәсекелестікке қабілеттілікті айқындайтын анағұрлым перспективалы технологияларды дамытуға және жаңа саланың жоғары қарқынмен өсуі есебінен даму жылдамдығын арттыруға мүмкіндік береді.

Президент шетел инвестициясын тартуда Қазақстанның көшбасшылығын сақтап қалуды тапсырды. «Бұл жұмыс инвестиция тарту жүйесінің үйлестіру реформасы аясында жүзеге асырылады. Бірінші қыркүйекке дейін инвестициялық стратегияны қабылдау қажет» деп нақтылағанын көріп отырмыз.

Сонымен қатар шағын бизнесті мамандандыруды келешекте оларды орта деңгейге көшіру перспективасымен дамыту шараларын қабылдау маңыздылығын көрсетіп берді. Расында, шағын және орта бизнес жаңа инновациялық кәсіпорындар төңірегінде дамуға тиіс. Үкіметке индустрияландырудың екінші бесжылдық жоспарын «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасымен үйлестіруді тапсыру және Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, жұмысын жаңа бастаған бизнесмендерге әдістемелік көмектің тиімді тетіктерін жасауды тездетуді ұсынуы қуантады. Кәсіпті бастау үшін кез келген адамға қаржы керек. Ендігі уақытта мемлекет өзі кәсіп ашамын деген жандарға 16 млн теңге көлемінде несие бермекші. Міне, бұл шын мәніндегі қолдау, қарапайым адамдарға жасалған зор мүмкіндік.

Халық ықыласпен қарсы алған Жолдау «100 нақты қадам» Ұлт жоспары аясында «Қазақстан – 2050» стратегиясын нәтижелі жүзеге асыру үшін барша қазақстандық қоғамды бір мақсат, бір мүддеге топтастыра алатын аса қуатты күшке ие болады деп ойлаймын.

Елбасының Жолдаудағы: «Болашағын айқындап, сын-қатерлерді күтіп отырмастан, оған табанды түрде қарсы тұра алатын халық қана жеңіске жетеді» деген сөзі барша қазақстандыққа зор жауапкершілік жүктегендей болды. Яғни,

ынтымақ, бірлікпен жұмыла еңбек еткенде ғана күн санап қарқынды түрде өзгеріп жатқан жаңа жаһандық дамуға ілесе алатынымызды тағы бір қадап айтты. Жолдауда әлеуметтік қамтамасыз ету саласына байланысты да біршама өзгерістер қамтылған. Атап айтсақ, Президенттің тапсырмасы бойынша биылғы жылдың 1 шілдесінен бастап бала туғанда берілетін бір реттік жәрдемақы көлемі 20 пайызға өсіріледі. Сондай-ақ ең төменгі күнкөріс шегін де қайта қарастыру керектігі назарға алынған. Себебі, күнкөріс деңгейі қазақстандықтардың нақты тұтынушылық шығыстарына сәйкес келуі тиіс. «Бұл қадам 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақы, мүгедектерге және асыраушысынан айырылған отбасыларға арналған жәрдемақы, мүгедек бала тәрбиелеп отырғандарға берілетін атаулы көмек пен жәрдемақы көлемін 3 миллион адам үшін өсіруге мүмкіндік береді» деп атап көрсеткеніндей, қаншама азаматтарға қолдау мен көмек көрсетілмек. Сонымен бірге, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап атаулы әлеуметтік көмек көрсету шегін ең төменгі күнкөріс шегінің 40 пайызынан 50 пайызға дейін өсіріп, оның жаңа форматын енгізу керектігін де ұсынды. Ендігі жерде жұмыс істеуге қабілетті азаматтардың бәрі тек қана жұмыспен қамту бағдарламасына қатысу шарты арқылы ғана қолдауға ие болмақ. Бұл – бір ғана сала бойынша жүзеге асатын жаңартулар. Сондықтан уақыт талабына сай Жолдауда көрсетілген елімізді жаңғырту жөніндегі міндеттерді еселі еңбек пен бірлігіміздің арқасында жүзеге асыра аламыз.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауы бізге ерекше әсер етті. Мемлекет басшысы мемлекеттік басқару жүйесіндегі билік тармақтары арасында өкілеттіктерді бөлудің мәнін әдеттегідей нақты түсіндірді. Ұлы дала даналарының тілектері мен ұсыныстарын біріктіріп, көптеген ұрпақтың ойы мен пікірін білдірді.

Биылдан бастап «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырыла бастады. Барлық жастың университет пен институттарда оқи алмайтындығына байланысты бұл – дұрыс қадам. Жұмысшы мамандықтарына тегін оқыту мемлекетке пайдалы, ал жастарға еңбек нарығының сұранысына сай мамандық алатынына сенімділік береді.

Жолдауда Елбасы мемлекеттік-жекеменшік серіктестіктің де маңыздылығына тоқталып өтті. Расында, көптеген салада, әсіресе, қызмет көрсету мен жеке басқарулар мемлекеттікке қарағанда сапалырақ. Сондықтан екеуін біріктіре отырып жұмыс істеу ортақ игілікке ықпал етеді.

Елбасы айтқандай, Қазақстан – жас, көпұлтты, болашағына сенімді және қарқынды дамып келе жатқан мемлекет! Біз Тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдық даму жолынан өттік. Алдағы 25 жылда бұдан да биік белестер күтіп тұр. Бірлікпен жеңіп, барлық мәселелерді ынтымақта шешіп келген Қазақстан халқы қазір де бір кісідей жұмыла іске кіріседі деп ойлаймыз.

Қазақ елі дамудың бірнеше сатысынан өтіп, дағдарыстың тар жолынан аман шығып, өзгелерден бөлек бағытын айқындауда. Қазақстан ғылым мен техниканың қарыштауына, сапа мен стандартқа сай келетін өнімді экспорттауға, бұқара халықтың жаппай еңбекке жұмылуына, жаңа мүмкіндіктерді ашуға қазірдің өзінде дайын екенін Елбасының әр сөзінен аңғаруға болады.

Жаһандану саясаты әлемді жаулап алғалы, біздің ел де көштен қалмауды көздеген еді. Индустрияландыру, ақпараттандыру мен техникалық мүмкіндіктерді дамыту, мемлекеттік қызмет түрін электрондық негізге көшіру, ғылым мен техниканы дамыту – осы үдерістің жемістері.

Мемлекет басшысы өз сөзінде осы үдерістің одан әрі жетіле түсуі керек екенін атап өтті. «Әлем қарқынды түрде өзгеріп келеді. Бұл – жаңа жаһандық болмыс, оны біз қабылдауға тиіспіз» деді Елбасы.

Бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту де Мемлекет басшысы назарынан тыс қалмады. 2050 жылға қарай шағын және орта бизнестің үлесі кем дегенде 50 пайыз болуын қамтамасыз етуді тапсырған Елбасы көрегендігін тағы бір қайтара дәлелдеді.

Осы шараларды бизнес жүргізу және қаржылық сауаттылыққа үйрету ісін ұйымдастырумен қатар атқару керек. Елімізде отбасылық кәсіпкерлікті дамыту бағытында кешенді шараларды жүргізуді ерекше тапсырған Елбасы бизнестің барлық шығынын жаппай азайту жөнінде шаралар қабылдауы қажеттігіне де тоқталды. Бұл, әсіресе, энергетика, көлік және логистика, сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларындағы қызмет көрсету құнына қатысты. Бүгін өз ісін бастаймын дейтін жас кәсіпкерге осыдан артық нендей көмек керек. Сол кәсіптің көзін тауып, елге ерінбей қызмет ететін болсақ жаңа өмірге қадам басамыз. Бұл даму бізді өркендеуге жеткізетініне сенімдімін.

Бұл жолғы Жолдауда Елбасы Қазақстанның 2050 жылы озық 30 елдің қатарынан көріну мақсатына жетуінің ары қарайғы жолдарын қандай өзгерістерге ерекше мән беру керек екенін нақты белгілеп берді. Экономиканы ары қарай дамыту тек экономика салаларын әртараптандырумен шектелмей, оларды цифрлық технологияны қолдана отырып, дамыту міндеті уақыт талабынан туындаған міндет деуге болады. Төртінші өнеркәсіптік революция немесе «Индустрия 4.0» деген не? Бұл – қарапайым тілмен айтқанда, өндірістегі бұрын адам қолымен атқарылып келе жатқан көптеген қызметтерді роботтарға алмастыру, автоматтандыру. Сондықтан Жолдаудағы бірінші басымдылықта Индустрия 4.0 элементтерін жаппай енгізу арқылы экономиканы дамыту еңбек өнімділігінің артуына мүмкіндік беретіні көрсетіліп отыр. Бұл бізге еңбек өнімділігінен басқа қандай мүмкіндіктер беруі мүмкін? Өнеркәсіптік революцияның жаңа сатысының элементтерін өндіріс салаларына енгізу елімізде әлемдік нарыққа шыға алатын бәсекеге қабілетті өнімдер шығаруға мүмкіндік бермек. Бәсекеге қабілетті өнімдер көбейсе, ол кәсіпкерлерге тек ғана ел ішінен емес, сыртқы нарықтарда өз өнімдерін сатып, табысқа кенелуіне жол ашпақ. Сол себепті, Жолдауда экспорт саясатын дамыту, шетелден инвестиция тарту мәселесі қатар қарастырылып отыр. Мұның да өзіндік мәні бар. Қазіргі таңда әлемнің Швеция, Германия, Түркия сияқты басқадай алдыңғы қатарлы мемлекеттерінде экспортты дамытуға бағытталған нақты стратегиялары бар. Бұл орайда экспортқа тек жаңа өнімдер шығарылуға тиіс деп түсінбеуіміз керек. Жолдауда елімізді алға сүйрей алатын бұрыннан бері қалыптасқан аграрлық экономика, тау-кен металлургия саласы, мұнай-газ кешендері сияқты дәстүрлі салаларының да бәсекеге қабілетін ары қарай арттыруға алдағы уақытта ерекше көңіл бөлінетіні айтылған. Қазіргі кезде елімізде экспорттың 2/3 (үштен екі) бөлігіне жуығын шикізат саласы құрайтыны белгілі. Әлемнің алдыңғы қатарлы экономикаларында қалыптасқан жаңа үрдіс, шикізат қорының азаюы ары қарай шикізаттық емес салаларды, оның ішінде қызмет саласын дамыту айтарлықтай табыс әкелетінін көрсетіп отыр. Олай дейтініміз – әлемнің кейбір дамыған елдеріндегі жұмыс күшінің 60 пайызға жуығы осы қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылып отырғанын көрсетеді. Сонымен қатар экономиканың кез келген саласын дамыту, цифрлық технологияға негізделген экономика дамыған инфрақұрылымды қажет етеді. Сондықтан Жолдауда соңғы жылдары жүзеге асырылып келе жатқан «Нұрлы

жол» бағдарламасы аясындағы шараларды ары қарай толықтыра отырып, логистикалық инфрақұрылымды дамытуға да ерекше мән берілген. Сондай-ақ 2020 жылға дейін транзиттік жүк тасымалдаудан түсетін табысты 5,5 есе арттыру көзделіп отыр. Жолдаудың тағы бір ерекшелігі – белгіленген басымдылықтың әрқайсысы еңбек нарығын дамытумен байланыстырылған. Айталық, экономиканы технологиялық жаңғырту аясында «еңбек нарығын жаңғырту» міндеті алға қойылған. Бұл міндет аясында қойылған міндет Төртінші өнеркәсіптік революция элементтерінің өндіріске жаппай енгізілуі, жұмыс орындарын жаңа заман талабына сай дамыту салдарынан қысқаруы мүмкін жұмысшылардың келешекте жұмыссыз қалмауы үшін алдын ала нақты шаралар атқарылмақ. Олай дейтініміз, жаңа өнеркәсіптік революция элементтерін енгізу жаңа мамандықтарды талап етуі сөзсіз. Сондықтан тек біздің елімізде ғана емес, әлемдік еңбек нарығында бірқатар мамандықтар ескіріп, қатардан шығуы мүмкін. Бұл жұмысшылардың жаңа талаптарға бейімделуін қажет етеді. Сондықтан Жолдауда еңбек нарығына кадр дайындайтын білім беру саласының да жаңаша дамуы керектігін адами капиталды дамыту жөніндегі төртінші басымдықта айтқан. Бизнес салаларының дамуына жағдай жасауға арналған шаралар да қосымша жұмыс орындарының ашылуына мүмкіндік берері сөзсіз. Бұл орайда биылғы жылдан бастап, жүзеге аса бастаған «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы» жалпы шаралардың саннан сапаға көшкенін, сапалы жұмыс орындарын ашуға бағытталғанына дәлел болмақ. Жоғарыда аталған басым бағыттардың жүзеге асуы тұрақты макроэкономикалық жағдайдың болуын талап етеді. Сондықтан макроэкономикалық тұрақтылық жеке басымдық ретінде қарастырылған. Қорыта келгенде, Елбасының биылғы Жолдауы экономикалық өсімді арттыра отырып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған кезекті стратегиялық қадам деуге толық негіз бар.

Елбасы Қазақстан халқына арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында бюджет-салық саласындағы бюджеттік шығындардың тиімділігін арттыру маңызды екені жайында тапсырма берді. Бюджеттік шығындардың тиімділігіне байланысты қиындықтарды бюджеттік инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда байқаймыз. Соның бір маңызды факторы – инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда мердігерлермен жасалатын келісімшарттардың қысқа мерзімге арналғандығы. Мұндағы қиындық, мердігерлердің алдындағы мемлекеттің қаржылық қызметі жылына бір-ақ рет қабылданады. Дегенмен көптеген бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша (жол құрылысы, мектеп, аурухана, т.б.) жұмыстың орындалу мерзімі 3-4 жылға созылады. Белгілі жұмыс бойынша келісімшарттарды жеңіп алған мердігерлер келесі жылдың қаржысы анықталмаған қиындыққа тап болады. Бұл бизнеске, яғни, Қазақстанның бүкіл экономикасына тежеу болады. Бір жағынан, қолданыстағы бюджеттік жүйе бюджеттік қаржыны дәл биылғы жылда игеру қажеттігін талап етеді. Бұл жыл аяғындағы жанталасқа апарып соқтырады, мемлекеттік органдар мердігерлермен бірге қандай жолмен болса да өтіп бара жатқан жылдағы ақшаны «игеруге» тырысады. Нәтижесінде, біз сапасыз жолдар, мектептер мен ауруханаларға ие боламыз.

Бұл қиындықты шешу үшін республикалық және жергілікті бюджетті екіге: инвестициялық бюджет және ағымдағы шығындар бюджеті деп бөлу ұсынылады. Ағымдағы шығындарға арналған бюджет бір жылға жоспарланады және бекітіледі. Ағымдағы шығындарға арналған бюжет бойынша мемлекеттің қаржылық қызметі ағымдағы бір жылдың бітуімен аяқталады. Инвестициялық бюджет көпжылдық (10 жылға дейін) болып саналады, инвестициялық жобаның бюджетіне сәйкес барлық шығындарды қоса отырып жыл сайын құралады. Инвестициялық жобаларды қаржыландыру ағымдағы жылға жетіспеген жағдайда, қалған қаржы автоматты түрде келесі жылға ауыстырылады және қайта бекітуді талап етпейді. Инвестициялық бюджет үшін қаржы бөлу ағымдағы шығындарды қаржыландырудан бөлек болады. Ұсынылып отырған тәсіл, біздің ойымызша, инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға байланысты бюджеттік шығындардың тиімділігін арттырады.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы басты басымдықтардың бірі – цифрлық экономиканы дамыту. Елбасы атап көрсеткендей, Төртінші өнеркәсіптік революция цифрлық экономиканы құруға негізделіп отыр. Бұл қазақстандық ұлт үшін тарихи ілгерілеулер мен жаңа мүмкіндіктер екені сөзсіз. Осыған орай Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын талдап-жасап, қабылдау тапсырылды. Сарапшылар елімізде Төртінші өнеркәсіп революциясын жүзеге асыруға байланысты алуан түрлі пікірлер білдіруде. Ең бастысы, «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру барысында еліміз дамуының бірқатар басым-бағыттарына айрықша серпін беріледі. Сондықтан цифрлық экономиканы дамыту еліміз дамуында зор маңызға ие болмақ. Бұл бағытта Үкіметтің ең алдымен, экономикалық дамудың жаңа моделіне өту процесін жеделдетуге мүмкіндік беретін цифрлық экономиканың басым-бағыттарын жан-жақты анықтап алғаны жөн.

Егер шетелдердің тәжірибесіне жүгінсек, кешенді цифрлық инфрақұрылымды дамытудың Қазақстанның экономикасы үшін тигізер пайдасы орасан зор. Мұның өзі бизнес құрылымдарының мүмкіндіктерін анағұрлым ұлғайтуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасы мен тиімділігін жақсартуға мүмкіндік береді. Біріншіден, Елбасы еліміздің экономикасын дамытуда шағын және орта бизнестің атқаратын рөлі зор екендігін сан мәрте атап көрсетті. Цифрлық экономиканы дамытудың бизнес үшін мүмкіндіктері өте көп. Екіншіден, Мемлекет басшысы еліміздің экономикасын дамытудың басым бағыттарының бірі – тұрғындарды жұмыспен қамтуды арттыру екендігіне тоқталды. Себебі, шетелдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, цифрлық экономиканы жүзеге асыру арқылы жаңа жұмыс орындарын құруға зор мүмкіндік ашылады. Үшіншіден, цифрлық экономиканы дамыту барысында тұрғындарға сапалы мемлекеттік қызмет көрсету жолға қойылады.

Қорыта келгенде, Үкіметтің барлық артықшылықтар мен сын-қатерлерді ескере отырып, цифрлық экономиканы дамытудың кешенді бағдарламасын талдап-жасауы қажет. Сондай-ақ бағдарламаны жасау барысында инновациялық технологияларды талдап-жасаудың озық әдіс-тәсілдерін жан-жақты зерделеп алған мақұл.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев халыққа арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталатын Жолдауында елде үшінші жаңғыру басталғанын мәлімдеді. Бұл ЕАЭС бойынша және бүкіл Еуразияның даму келешегі үшін Қазақстанның одақтастары көзқарасымен қарағанда өте маңызды құжат.

Маржан ЕРШУ,
ақын, филология ғылымдарының кандидаты

МАХАМБЕТ МІНЕЗДЕС АҚЫН

Меңдекеш Сатыбалдиев – 80 жаста

Махамбет – ақын. Махамбет – жыр. Ақынның өз бейнесі – жырында. Өзі өлеңіне, өлеңі өзіне ұқсаған ақындар бақытты. Ақын болып жаратылу бақыт та, сор да. Ақын бақытты. Артында асыл сөзі қалса. Ақын сорлы. Өлеңнің киесінен қорықпаса. Ол үшін ақынға түйсік пен батырлық көп керек шығар. Батырлық білекке емес, жүрекке бітеді. Ақын – жүрегі аузын ашып жырласа, сол жүректігінен шығар. Жүрегін мұң мен ыза, өрт-өлең мен өрлік билеген Махамбет бабамыз:

«Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,
Қанатың қатты мойның бос.
Исатайдан айрылып
Жалғыздықпен болдым дос», –

деп қамыға, күрсіне жырлайды. «Қызғыш құс» – Махамбеттің ішкі айқайы.

Ақын да, батыр да пенде. Ет пен сүйектен жаралған. Исатайдай асыл досынан айрылып, ақынның рухани жалғыз кең даланы басына көтеріп, көл қорыған қызғыш құстай күй кешуі. Бұл қызғыш құспен қоштасып, бір сапарға аттануға бел байлағаны сияқты. Махамбет өзінің ішкі жан толқындарын өлеңіне қосқанда, қара аспандай мұнарланады, найзағайдай шатырлайды:

«Еділді көріп емсеген,
Жайықты көріп жемсеген,
Таудағы тарлан шұбар біз едік.
Исатайдың барында
Қара қазан, сары бала
Қамы үшін қылыш сермедік.
Шабытымыз келгенде
Ерегіскен дұшпанды
Шетінен сүйреп жеп едік».

Махамбет поэзиясында Махамбеттің өз образы және Исатай образы қатар өрілген, Расында, Махамбетше жазу мүмкін бе? Мүмкін емес. Әр ақын өзінше жазады. Махамбеттік мінез, Махамбеттік екпін, Махамбеттік сарын Меңдекеш Сатыбалдиев жырларында бар. Олай болуы заңды шығар.

Дауылпаз ақын туған топырақта дүниеге келген Меңдекеш бала жастан Махамбеттің өр рухты жырларымен сусындап өскен.

Ақын туралы Әбіш Кекілбаев «Жайсаң» атты мақаласында былай деп жазады: «Көзін ашпай жатып жетім қалып, кісі қолында, тағдыр талқысын көрудей-ақ көріп өсіпті. Бұғанасы қатпай жатып, ауыр жұмыстар істеп, қар төсеніп, мұз жастанып, ауыр дертке ұшырапты. Талай рет оташының қолына түсіп, қабырғасын сөктіріп, бір жақ бұғанасынан түгел айрылып, өкпесін кестіріп, үштен бірі арқылы тіршілік кешті. Одан басқа адамның қарадай опырылып, опат табатын-ақ қасіреттері. Меңдекештің тұла бойы тұнған молшылық еді. Осыншама жоқшылықтың ортасында, осынша бейнет арқалап өсіп, мұншама дархандықты қайдан тауып жүр?! Алқалы жиын көрсе, арқаланып, үлкен-кішінің бабын тауып, сүйкімді мінезімен, тапқыр әзілімен бәрінің жанын балбыратып, қай отырыстың да қошын келтіретін жібек мінез, желең көңіл жайдары жан еді. Есіңді кетірердей ерекше үйірімді еді. Бірақ ешкімге қылдай қиянаты жоқ, айтып жеткізе алмастай адал еді. Сөзінен, көзінен, өзінен әлде бір теңдесі жоқ оптимизмнің, өмір сүйгіштіктің лебі есіп тұратын. Ол сөйтіп, ел мүсіркейтін халден ел таңғалатын күйге бір-ақ жетті. Өмірде де, өлеңді де өжеттігінен танбады».

«Қабырғасын қаусатып,
Бір–бірінде сөксе де.
Қабағын шықпас ер керек
Біздің бүйткен бұл іске».

Немесе:

«Арғымақтың баласы,
Арығанын білдірмес», –

деген Махамбетке тән мәрттік мінез Меңдекештің өз бойынан да, өлеңнен де көрінеді дейтініміз сондықтан. Әйгілі ақынның «Қызғыш құс» өлеңін бойтұмардай қастерлеп, кітабына таңдап алуы да тегіннен тегін емес. Меңдекештің «Қызғыш құс» атты таңдамалы өлеңдер жинағы өзі өмірден өткен соң жарық көрді. «Махамбетке» деген өлеңінде Меңдекеш ақтарылып бар сырын айтып кеткендей:



«Ақиқатпен – қылышпен жеңем дедің,
Зұлымдықты айдаһар іңіндегі.
Қайран қалам ғұлама – кемеңгерім
Жүз жылдан соң оятты үнің мені.
Сен айдаһар жұтуды ойлағанда,
Бұл қазақты қызғыштай қорғадың-ау.
Найзағайлар төбеңде ойнағанда
Жайратқышың, дариға, болмадым-ау...»

Бұдан соң ақпа-төкпе ақын шабыты арнасынан асып, қара дауылын азанда қазан сапырып «Махамбеттің монологы» болып бұрқырады:

«Қара аспандаймын-ау қаһарлы басыммен,
Қопармаспын ба, Қап тауының тасын мен?!
Құл бола алман көндігіп,
Қорғасын – қайғы қалжыратқанда,
Құзғындар көзі қанды баққанда
Қабыландай салам мен бүлік...»

Махамбеттің дәл осылай сөйлегені, ханнан қаймығып, биден бүгіліп көрмегені, тағдырының қатал заңымен қасарысып, қас жауының алдында сөзімен де, ісімен тайсалмай кеткені тарихтан аян.

Ақынның Махамбетке арнаған өлеңдері бір шоғыр. «Меңдекеш өзінің қажыр-қайратқа толы омыраулы ойларын өз аузынан айтуға әлі де болса жүрексінеді. Оларды дулығалы Махамбет ақынның дуалы аузымен айтқысы келеді. Ауыздығымен алысқан тұлпардай тарпаң жыр жолдарын Меңдекеш атақты атасының аузына салып, ол өлеңді «Махамбеттің монологы» деп атаған. Батыр бабамыздың «Ереуіл атқа ер салмай» атты жойқын жырындағы «е» әрпінен ерліктің ебгей желі қалай соқса, өнер мұрагерінің қайталанатын «қ» әрпінен қайсарлықтың қара желі соғып тұрғандай», – деп Қадыр Мырза Әли әділін айтқан.

Қазіргі қазақ поэзиясына алпысыншы жылдардың бел ортасында келіп, «құйрықты жұлдыздай» ағып өткен тұрлаулы творчестволық тұлғалардың бірі – Меңдекеш Сатыбалдиев бар-жоғы отыз алты жыл-ақ ғұмыр кешті. «Азырақ болып ортаңда, көңілінде жүрсем көбірек» деп өзі айтқандай, оның әдеби шығармашылығы бүгінгі күннен биік әстетикалық талғамы мен талабына жауап беретін, идеялық – көркемдік жағынан аса құнды еңбектер екені дау тудырмаса керек.

«...Қаңқ етіп қанша артында қазы қалған,
Жалт етіп қанша артында жазы қалған.
Жатыр міне, батырдың бас сүйегі
Қабірден күні кеше қазып алған.
Өлеңмен отырды ма өсіңкіреп,
Ұлымен сүйіскендей төсін тіреп.
«Қапыда кеттім!» – депті-ау қайран батыр
Шапқанда басын қылыш бесінші рет.
Сонда да бассыз дене күйременті,
Құзғындай жау үстіне үймелепті.
Өз қанына шомылып бара жатып
Ақын жауын есікке сүйреп өтті.

Сонда да батыр қанша өкінді екен,
Ажалмен неге ойнауға бекінді екен?
Махамбеттің басы да біле білсек
Дүние-ай, жалаң қылыш секілді екен!»

– деп жырлады өзегі толы өрт өлең – ақын. Енді бірде ақ алмастай суырылып, иманды әрі қаһарлы Исатай болып, «Исатайдың соттағы сөзі» болып үн қатты:

«Сары мұрт жендет!
Аш арыстанға адырайма, ақырма!

Төбеңнен сенің шатырлап түсін
Қазықтай қағам тақырға.
Менің басыма алтын тігін еді-ау,
Албасты міскін Жәңгір хан
Мен сендердің бастарыңа
Байламаспын қара бақыр да.
Қаралаңдар!
Ақталу үшін қойындарыңа қыз салмаймын.
Басыма балта төндірсеңдер де
Шіміркенбейді маңдайым.
Мен – даланың көксерек, көкжал бөрісімін
білсеңдер –
қандарыңды ішпей қанбаймын».

Бұл өлеңдегі ақын тілінің тегеуіріні, уытты салмағы Махамбет жырына қосқан, өмірде біз көрмеген ер Исатай бейнесімен жарасып кеткен.

Меңдекеш ақын қайтыс болғаннан кейін оның жыр дәптерінен табылған өлеңдердің ішіндегі «Құпиялар» атты өлең ақынның бір мінезін ашатындай.

«Мен жоғалсам, жоғалармын.
Арасында жатпаспын қоғалардың.
Бір қадалып қас дұшпан кеудесіне
Махамбет жебесіндей –
Мен жоғалсам, жоғалармын...» -

дегені «мен ел көзінен жоғалармын, бірақ елеусіз, ескерусіз қалмаспын» деп өлеңдегі өз болашағын меңзегені сияқты.

Ақын түйсігі қателеспепті. Артында қалған қабырғалы елі – қазағы Меңдекешті, оның өрелі де өжет жырларын ұмытқан жоқ. Бұл – бір. Бүгінде Атырау қаласындағы үлкен көше Меңдекеш Сатыбалдиев есімімен аталады. Құлсарыдағы 2000 мың орындық мектеп және Атырау облыстық жас ақындар бірлестігі де – Меңдекеш ақын атында. Бұл – екі. Мектеп те, көше де өз орнында. Бірақ әттеген-айы сол, өткен жылдың желтоқсанында Меңдекеш атындағы жас ақындар бірлестігі жабылып, «Фариза жұлдыздары» деген жаңа атау алып клуб боп кетіпті. Ойласақ, кезінде «Оңғарсынова жолдас, сіз атышулы ақын атана ма деп жүрсек, әбден жүнжіп кетіпсің ғой» деп жанашырлық танытып, сол кездегі «Коммунистік еңбек», қазіргі «Атырау» газетіне мектепте мұғалім болып жүрген жерінен жұмысқа шақырған, өлеңдегі ұстазы емес пе еді Меңдекеш?! Бұл жайында Фариза Оңғарсынова «Шашы ағарған қыз» кітабында жазады.

«Мен жоғалсам, жоғалармын.
Арасында жатпаспын қоғалардың.
Бір қадалып қас дұшпан кеудесіне
Махамбет жебесіндей –
Мен жоғалсам, жоғалармын...»

Ойландыратыны, жаны жайсаң, ақынның қас дұшпаны болуы мүмкін бе? Мүмкін екен. Шын ақынды танымаған, бағаламаған, сөзінің қадіріне жетпеген адам – мәңгүрт. Ендеше, ежелден мәңгүртке ақын атаулының жаны қас қой... Сондай-ақ, Меңдекеш бұл өлеңінде «қас дұшпан» деп дүние - дұшпанды да айтқан. Абай атамыз да «Адам - бір боқ, көтерген боқтың қабы» демеді ме?!

«Мен ешкімге қайрамадым тісімді,
Түңілген жоқ –
Көрген жандар түсімді.
Қастасуға құрбан етпек жайым жоқ
Достасуға сарп ететін күшімді.

***

...Мен даңққа жақындаман бір табан,
Қорқам оның боранынан бұрқаған.
Дауысы жоқ даңқты әнші болғаннан
Әнім артық еш даңқсыз шырқаған», –

деп өлеңінде өзінің жайсаң, ақжарма мінезін ашқан Меңдекеш ақын жырларын бүгінгі жырсүйер қауым да сүйіп оқиды.

Рахымжан Отарбаевтың қыркүйек айында баспасөзге атышулы сұхбат бергені ел есінде болар. Сол сұхбатында Рахымжан ағамыз «Өзі аспанда екі жұлдыз қатар жанса бірінің жарығын бірі басып кетеді. Өлеңде де осы қағида өміршең. Мәселен, Төлеген Айбергенов өзімен қатар шыққан талантты ақын Меңдекеш Сатыбалдиевтің жарығын басып кетті», - депті. Рахымжан Отарбаев қателеседі. Бұған жауапты Меңдекештің Төлегенге арнаған өз өлеңінен табамыз:

«...Көбіміз кейде көтере алмаған
өлеңнің жүгін үстеген.
Сен күркірегенінде,
Найзағайлардан да үстем ең!
Тебіренген сені көргендей болам мен әлі,
Теңізді көрсем деңгейден төмен түспеген.
Атырау жаққа омырауыңды ашып келмесең,
Маған да арын бітер ме еді, арындылығыңды көрмесем?!
Қайқы қылыштай қайқиып шыға келдің-ау
Мінәжат етіп Махамбет жатқан жерге сен...»

Бұны Рахымжан Отарбаев біледі ме?! «Біледі ме, біледі. Біле тұра селт етпейді жүрегі», - деген Мұхтар Шахановтың атақты өлеңінде айтылғандай, бір жылдың төлдері болса да, Меңдекештің жарығын Төлеген баспағанын, Меңдекештің Төлегеннің арынынан қуат алғанын, Меңдекештің өз биігіндегі ақын екенін, әрине, Рахымжан ағам ішінен жақсы біледі деп ойлаймын.

Біле тұра, Меңдекештің жарығын басуға құмартуы түсініксіздеу.

36 жасында жыр-көгінен құйрықты жұлдыздай ағып өткен жарықтық Меңдекеш Сатыбалдиев былай деп жырлап кетіпті ғой:

«Қыран қонар шыңның басы,
Желіктірсе әркімді.
Мен үшін тек санаменен
Шыңға шығу тартымды.
Сөкпеші, жұрт, бірде биік,
Бірде төмен жүрермін.
Арманымды алынбаған
Шыңдарыма жібердім...»

Меңдекеш ақын айтқандай, санамен ойласақ жақсы. Биыл Меңдекеш Сатыбалдиевтың туғанына 80 жыл. Меңдекеш Сатыбалдиевтың әдеби мұрасын талқылап таразылау – ақынға құрмет ету болып табылады.

«КНИГОЛЮБТАҒЫ» МАҚАЛА

Амангелді КЕҢШІЛІКҰЛЫ,
әдебиет сыншысы

Үмітінді үкілеген тұңғыш кітабының қуанышы жүрегіңді қалай жылытса, ол туралы баспасөз бетінде білдірген алғашқы пікір одан бетер жаныңа ыстық. Қара ормандай қаптаған оқырман түгіл, әдеби ортаға да әлі жөнді танылып үлгермеген сенің өнердегі бірінші қадамыңа сәт-сапар тілеген жалғыз ауыз сөздің өзі шалқар шабыт сыйлап, күдігіңнің бұлтын сейілтіп, алдағы күнге деген сеніміңді арттырып, балапан сезіміңе қанат бітіреді емес пе? Тұсауы жаңа ғана кесіліп, әдебиет табалдырығынан именіп аттаған талапкердің өз творчествосы жөнінде жазылған мақаланы оқыған кезде қалай тебіреніп, тәтті әсердің құшағында балқып, қандай күйге түсетінін тәптіштеп бермесем де түсінетін шығарсыз. Жиырма жыл бұрын дәл осындай тілмен айтып жеткізуге болмайтын ғанибет сезімді басымнан кешкенім әлі күнге дейін есімде.

Иә, иә, сол жылы Алла жарылқап, әдебиет әлеміне қарай алғашқы қадамын басып, балапан сезімдеріне қанат бітіп енді таныла бастаған менің бір топ замандастарымның тұңғыш кітаптары жарық көрді. Мемлекеттік тапсырыспен, «Отырар» кітапханасы сериясымен шығып, оқырманға жол тартқан жүздеген кітаптардың ішінде менің де «Ақ жауын» атты сын мақалалар жинағым бартын. Тоқсаныншы жылдардың сең соққандай сергелдеңге

түсірген экономикалық дағдарыстарын еліміз енді-енді еңсеріп, айылын жия бастаған өліарада шыққан тұңғыш кітаптарымыз жүрегімізге әдемі сенім ұялатып, сөніп бара жатқан үмітіміздің шоғын үрлегендей болған. Кітабымыз қолымызға тиген соң бұрынғыдай емес, өзімізді әжептәуір ақын, жазушы, сыншы сезініп, шығармаларымызды талантты ағаларымызға сыйлап, қуанышымыз қойнымызға сыймай, мәз-мәйрам болып жаттық. Ашық айтпасақ та, бәріміздің де көңіліміз жарыққа ұмтылған көбелектей алып-ұшып, әдеби ортаның бір ауыз лебізін асыға күттік.

...Кітабым шыққан кездегі қуанышымның қызуы басыла бастаған күндердің бірінде менің сын-мақалалар жинағыма алғысөз жазып, сәт-сапар тілеген, өнердегі ұстазым, һәм қамқоршым Зейнолла Серікқалиев ағам ойламаған жерден хабарласты. Телефон арқылы азды-кем амандық-саулық сұрасқан соң ол: «Сенің кітабың туралы «Книголюб» газетіне шыққан орыс тілінде жазылған мақаланы оқыдың ба?» деп күтпеген сұрақ қойды. Аң-таң қалып, оқымағанымды мойындадым. Зекең болса: «Газетті тауып алып, міндетті түрде оқып шық. Өте сауатты жазылған дүние. Кітабыңа ғана емес, шығармашылығыңды да жан-жақты талдап, жоғары баға беріпті», – деп одан бетер менің қызығушылығымды арттыра түсті.

Ертеңіне бүкіл Алматыны табанымнан таусылып шарлап «Книголюб» газетін көк базардың жанындағы дүңгіршектердің бірінен әзер таптым. «Первая книга критика» деп аталатын газеттің тұтас бетін алған көлемді мақала расында да жақсы жазылыпты. Автордың менің творчествомды ғана емес, жалпы қазақтың әдеби әлемінің қазанында қайнап жатқан дүниелердің бәрін де назардан тыс қалдырмай, оқып жүретіні жазу мәнерінен-ақ байқалып тұрды. Бір өкініштісі, басылымда мақала авторының аты-жөні көрсетілмепті. Кімнің жазған дүниесі екенін білгім келіп газет редакциясына сан мәрте телефон шалғаныммен, ешкім жауап бермеді.

Көңілім толқып, ойым сан-саққа жүгіріп, ұйқым қашып, түні бойы кірпігім желімденбей қойды. «Орыс оқырмандары алдындағы менің абыройымды асырып, мерейімді өсіріп тастаған жұмбақ жан кім болды екен?» деген жегі сауал таң атқанша жаныма тыныштық бермей, мазамды алды. Орыс тілінде жазатын, оның ішінде қазақтың сөз өнерін біледі-ау деген авторлардың бәрін ішімнен тізіп шыққаныммен, кімнің мақаласы екеніне ақылым жетпей, басым қатты.

Жауабы табылмаған талай сауалды мезгіл тасқыны ағызып әкеткенімен, осы бір сұрақ ойымнан кетпей, көңілімнің бір түкпірінде беріштей бекіп, тастай орнығып жатып алды. Құстай ұшқан уақыт заулап, көзді ашып-жұмғанша он жыл да зымырап өте шықты.

2008 жылдың желтоқсаны еді. Бір себептермен қызмет ауыстырып радиоға жұмысқа тұрдым. Алматының көшелері ақ мамыққа оранған қыстың ортасында сұхбат алу үшін әдебиетіміздің ақсақалы, жазушы Герольд Бельгерге жолығуға тура келді. Сыртынан ғана біліп, баспасөзде жарияланған еңбектерін оқып жүргенім болмаса, кездесетін кейіпкерімді жыға танымаймын.

Әуелі екеуміз телефонмен сөйлестік. Өте биязы, мәдениеті жоғары, зиялы адам екенін сөз саптау мәнерінен аңғардым. Ол сұхбат беретін уақытын белгіледі. Сағат төртке келістік. Кешігіп қалмауымды өтінді. Кешкі бесте Герағаңа тағы да бір тілші сұхбат алуға келеді екен.

Үйден ертерек шығып, сағат тілі тура төртті көрсеткенде жазушы пәтерінің түймедей қоңырауын бастым. Есікті Герағаңның өзі ашты. Амандық-саулық сұрасқан соң, әуелі әңгімелесетін тақырыбымыздың нобайын әйгілеп алдық.

Өмірімде бірінші рет Герағаңнан сұхбат алып отырған мен ол кісінің қандай қитұрқы сауалдар қойылса да күлбілтелемей, ешкімнен тайсақтамай сөйлейтін батылдығына, ойын ішінде бүгіп қалмай, ашық айтатын турашылдығына дән риза болдым. Бұл сұхбатты алуға Герольд Бельгердің «Кезбенің үйі» («Дом скитальца») романының Германияда жарық көруі түрткі болып еді. Жазушының көркем туындысы маған қатты ұнаған. Романда кезінде жер аударылып, қуғындалып, тағдырлары тәлкекке ұшырап Қазақстанға келген немістер жайында баяндалады. Кітапта жазушының көзімен көрген жағдайлары, басынан кешкен оқиғалары өте әсерлі сипатталыпты. Шығарманы оқи отырып, қазақтардың немістерді қабылдауында және олардың біздің халыққа оңай сіңісіп кетуінде



табиғи заңдылық бар екенін аңғарасың. Неге дейсіз ғой? Немістер де, қазақтар да неше түрлі азап пен қорлықты басынан өткерген халықтар ғой. Сондықтан, езгі мен теперішті көп көрген ұлттарда бір-біріне деген бауырмал сезім күшті болады және олар бірін-бірі жақсы түсінеді. Герағаңның қазақтың жанын жақсы түсініп, бауыр басып кетуінің негізгі себебі осында жатқандай болып көрінеді, маған. Әйтпесе, сонау тоқсаныншы жылдардың қиыншылығында артына қарайламай Германияға тартып отырса, ешкім де оны кінәламас еді. Табалап, соңынан сөз де айтпас еді. Қаны неміс болғанымен, рухы қазақ еді, Герағаңның. Рухынан бас тарта алмады. Жазушымен сұхбаттасып отырғанымда осы шындыққа көзімді жеткізгендей болған ойлардың сағымы санамда мұнарланды.

– 1941 жылы бізді Еділ бойынан Қазақстанға, Сібірге жер аударды, – деп бастады ол әңгімесін. – Ол жерде біздің автономиялық республикамыз болатын. Мен сол республиканың астанасы Энгельс қаласында тудым. Жеті жасымда Қазақстанға келіп, содан бері осы елде тұрамын. Шығармадағы негізгі оқиға осыдан басталады. Ал, 1956 жылы Совет одағында тұратын немістер жылымықты сезіп, оларға аз да болса бостандық берілді. Оған дейін немістердің барлық жағынан жолы кесіліп, құқығы шектеліп, тіпті, оларды жоғары оқу орнына қабылдамайтын. Еркін жүруге құқығы жоқтын. Мен сол жылымықтың арқасында алғашқылардың бірі болып жоғары білім алу бақытын иеленген неміспін.

1954 жылы КазПИ-ге бар-жоғы бес-ақ неміс оқуға қабылдандық. Бізге дейін ол білім мекемесіне бірде-бір неміс оқуға түсе алмаған. Ал, кәсіби диплом алғысы келген кейбір немістер аты-жөнін, ұлтын өзгертіп жазуға мәжбүр болған. Менің романым немістердің еркіндік алуына рұқсат етілген осы кезеңмен аяқталады. Роман Астанадағы «Аудармa» баспасынан 2003 жылы жарық көрді. Екі жыл бұрын «Раритет» баспасы романды қайта басты.

Біраз уақыт өткеннен кейін Германиядағылар романға қызығушылық танытып, Берлиндегі «Ханц Шиллер» баспасынан неміс тілінде шықты. «Қазақ кітапханасы» деген сериямен елімізде туған он бес шақты автордың кітабының қатарында неміс жерінде менің романым да жарық көрді.

Марқұм әкем енді мен Еділге қайтпаймын, өз Отаныма оралмаймын, қазақтың арасында қаламын деген шешімге тоқтап, ақыр соңында қазақ ауылында зәулім ағаш үй салған азамат. Романның оқиғасы да осы бір эпизодты суреттеуден басталады. Шығармадағы кейіпкерлер – аяулы әкем, еңбек армиясында болып, талай қиыншылықты көрген інісі Христиан және Гарри есімді үшіншісі – өзім.

Гарридің көзі арқылы қазақ ауылының тыныс-тіршілігі, бозбала шағындағы қазақ қызына құлай ғашық болған тұңғыш махаббаты, т.с.с бәрі баяндалады. Қазақтармен жақсы қарым-қатынасының арқасында алғашқылардың бірі болып төлқұжат алған, осы дархан елдің жақсылығын көрген неміс баласының тағдыры сипатталады бұл туындыда.

Романда ойдан шығарылған оқиға жоқтың қасы. Жалпы, менің жазушы-лығымның бір ерекшелігі кейіпкерлерімнің көпшілігі өмірде болған адамдар. Оларды сол күйінде шығармаларымда сипаттаймын да, тіпті, кейбіреулерінің аты-жөндерін де өзгертпеймін. Шығармамда біздің ауылдағы талай кісілердің есімдері сол қалпында жүр. Менің бұл туындымды деректі, автобиографиялық роман десеңіз де қателеспейсіз.

– Неміс халқы романыңызды қалай қабылдады?

– Ол туралы әзірше хабарым жоқ. Романның тұсаукесері таяуда ғана өтті. Мені немістер Кельнге шақырған. Бірақ денсаулығыма байланысты бара алмадым да, сол жақтағы немістер, таныс жазушыларым, достарым, сосын неміс тіліне аударған Лихтенфейльт дейтін келіншек қатысып, мен туралы жақсы пікір айтып, жылы лебіз білдіріпті. Германиядағы елшіміз Нұрлан Оңжанов кітаптың тұсаукесерінің қалай өткенін хабарлап маған хат жазды, ал Әлжанов есімді қазақ маған арнап неміс тілінде өлең жазып, оны жұрт алдында оқып берді. Баспагердің айтуы бойынша, шығарманың тағдыры дұрыс болатын сыңайлы. Өйткені, онда шындық, немістерге бейтаныс қазақ тірлігі бар. Сондықтан, баспагер романның оқылатынына сеніп, таяуда оның екінші басылымын жарыққа шығаруға әрекет етіп жатыр, – деді Герағаң, көңіл кесесіне сыймаған қуанышын жасыра алмай, күлімдеп.

Негізгі жұмысымды аяқтап, сұхбатты алып болғаннан кейін екеуміз уақыт тауып бүгінгі әдебиет, қоғамдағы түрлі оқиғалар, саясаттағы өзгерістер жайында да сөйлестік. Қоштасар кезде Герағаң «Айтпақшы, сен сыншысың ғой. Жазғандарыңды оқып жүремін. Мен де кейде қолым қалт еткенде сын жазамын, әліме қарамай. Біреулерді – сынаймын, біреулерді – мақтаймын. Жақында сол жазғандарым кітап болып шықты. Сол еңбегімді саған сыйлайын. Оқып көрерсің» деп қолтаңбасын жазып, таяуда жарық көрген сын кітабын берді. Күйбең тіршіліктің қамымен жүріп апта соңында ғана кітапты қолыма алудың мүмкіндігі туды. Үйреншікті әдетіме салынып, алдымен кітаптың мазмұнын қарай бастағанымда он жыл бұрын оқыған «Первая книга критика» деген мақала көзіме оттай басылды...

ҒАЛАМШАР ДА АДАМДЫ БАҒЫП-ҚАҒАДЫ

Олжас ОМАРҰЛЫ,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Мәдениеттану мамандығының 2-курс магистранты

Қазақтың танымының тереңдігіне бүгінде өзіміз таң қалатын болдық. Ұятты тірлік екені рас енді, бірақ бабалардан жеткен мұраны қайта қаузап, насихатын жасап, үнемі айтып отырмағымыз керек екендігін түйсінеміз. Ұлттың телегей-теңіз танымында баланың өмірге келуінен, қария болып, бақиға аттанғанына дейінгі кезеңді қамтып, пенденің өсіп-өнуінің қалай болмағын сипаттап беретін ескі әңгімелер бар. Солардың бірін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазып қалдырыпты. Оның «Жұлдыздардың бізді бағып-қағу реті» деп аталатын еңбегі бізге таңсық болғанымен, бұрыңғылар үшін әдеттегі ұғым саналатын біраз мәселе қамтылған. Біз осы әңгімені тарқатып көрмекке бекіндік.

Жалпы, адам тәрбиесі, ұрпақтың саналы һәм сапалы болуы қазақ үшін өте өзекті болыпты. Алаш баласы «тектіден текті туады» деп, қан тазалығын сақтау, жүйелі тәрбие беру төңірегінде талай нақыл мен аңыз-әңгіме қалдырған. Бағзы замандa ерлікке толы ғұмыр кешкен Майқы би «Кімнен кім туады?» деген сұраққа былай деп жауап берген екен:

Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады.
Асылдан асыл туады,
Жалқаудан масыл туады.
Масылдан мал бақпас туады,
Тілазардан қылжақбас туады,
Таздан жарғақбас туады,
Сараңнан бермес туады.
Соқырдан көрмес туады,
Мылжыңнан езбе туады,
Қыдырмадан кезбе туады.

Ақылгөй баба тізбектеп, жіктеп, жіліктеп бәрін айтып кеткен сияқты. Дегенмен заманмен бірге адамзат баласының табиғаты да құбылып, сан өзгеріске ұшырары хақ. Қазақтың ғұлама ғалымы, әулиесі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы: «Бала деген Құдайдан сұрайтұғын нәрсе емес, ерлі-байлы екі кісінің еңбегі, қолдан жасап, егіп, өсіріп алатұғын ағашы. Осы ағашты жеміс ағашы қылып өсіріп, өндіріп алатұғын қайратты сабаздар да бар. Кісі – сол, адам – сол! Ол бір жерден өрік-мейіздің тұқымын алып келіп еккен жоқ. Бірақ жытһады, тілеуі жемісті ағаш болуын ойлап, баққан, қаққандықтан» дейді. Ал енді «шыр етіп дүние есігін ашқан баланың ендігі жердегі тәрбиесі қалай өрбиді?» деген сұраққа толық тұшымды жауап алу үшін қайтадан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Жұлдыздардың бізді бағып-қағу реті» деген шығармасына жүгініп көрелік. Аталған шығармада «Күн – айдай әлемнің патшасы болса, басқа жұлдыздар күннің қара бұқара әскері есепті. Ай болса күннің уәзірі, сондықтан «Ай мен Күндей – әмбеге бірдей» дейтұғыны – сол. Ғытард деген жұлдыз – хатшысы, Зәһре деген жұлдыз – ойыншы, сырнайшы, сауық жасайтұғын өнерпазы. Мәріх деген жұлдыз – әскербасы, қылыш ұстайтұғын батыры. Міштірі деген жұлдыз – қазы, би, төрешісі, Зұхал дейтұғын жұлдыз – қазнашысы» дейді ғұлама. Мұнда айтылған Ғытард деп отырғаны – Меркурий, Зәһре – Шолпан, Мәріх – Марс, Міштірі – Юпитер, Зұхал – Сатурн ғаламшарлары. Мәш-һүр Жүсіп осы аспан денесінің адам өміріне

қалай әсер ететіндігі жайлы толғанады. Яғни, қазақтың адам жасына қатысты айтатын әңгіменің астарында өзгеше сыр жатқанын ұғамыз. Ғытарды немесе Меркуриді хатшыға теңеу арқылы қазақ жас кезде білім алудың маңызды екендігін атап өткен. Қарттық кезеңде адамды қамқорлығына алады дейтін Зұхал немесе Сатурнды «қазынашы» депті бұрыңғылар. Қазақтың қартты қазынаға теңейтіні содан болса керек. Дегенмен осы тұста ескере кететін бір жайт – біз Мәшһүр Жүсіптің шығармасындағы аспан денелерінің атауын автор өзі қалай жазды солай келтірдік. Әйтпесе, бұл ғаламшардың барлығының атауы арабша. Арабтар Ғытард емес Утәрид, Зәһра емес Зуһра, Мәрік емес Миррих, Міштірі емес Мұштари деп атапты ғаламшарларды. Мәшекең бұл атауларды қазаққа бейімдеп атай салған. Бір қызығы, ХХ ғасырдың басындағы ұлт зиялылары өзге тілден келетін сөздерді көп аудармаған, тек ұлттың тіліне бейімдеп қолдана берген. Әлихан Бөкейханның «Дүниенің құрылысы» немесе «Астрономия» оқулығында да өзге тілден енген атауларды қазақ қалай айтса, солай жазылған. Мысалы, ағылшындар көне грек тілінен енген деген сөзді көп өзгертей «planet» деп қолданса, Ә.Бөкейхан оны қазақша «пыланет» деп атай салған. Мәшекең де солай араб тілінен енген атауларды қазақ қалай атаса, солай хатқа түсіре салыпты. Бірақ бұл – басқа әңгіме. Біз шығарманың тереңіне үңілуімізді жалғастырайық.

Ғұламаның айтуынша, бала туып, жарық жалған дүниенің жүзіне келген соң, бірінші болып Ай құшағына енеді екен. Төрт жыл айға шейін Ай бағып қағады. Ай өзі қандай асығыс болса, жас баланы да сондай тез-тез өсіруге ыңғайлайды. Солай болғаны үшін айтылады: «Бесік баласы бес түлейді», – деп, бес жылда бес түлейді. Абай атамыз айтпақшы, осы тұста баланың жаны семіреді. Осы кезде бала мейлінше шығармашылық еркіндікте болады. Қазақтың «Бес жасқа дейін балаңды патшаңдай ұста» деп баласын тыймай еркін ұстауы осыдан болар бәлкім?! Қош, мұнан кейін баланы өз құшағына Ғытард жұлдызы алады. Он екі жасқа жеткенше бағып қағады. Бұл жұлдыз баланы ғылым – білімге, жазушылыққа баулитын көрінеді. «Солай болатұғыны үшін төрт жастан асқан соң, баланы мектепке берудің керегі де сол» дейді. Дәл осы сөздерді жазып отырған Мәшһүрдің өзі бес жасында мектепке беріліп, алты жасында Шар кітапты мәнісімен жаттап, жұрт аузына ілініп, көп көзіне түскен. Он екі жастан асқан соң отыз жасқа жеткенше адам баласын Күн құшағына алады. Күн баққан кісісін көзге түсіруге тырысады екен. «Отыз жаста көзге түсуге жарамаған жаман өмірінде түк кеспейді» дейді автор. «Отызында орда бұзбаған, қырқында қамал алмайды» деген тәмсіл осыған байланысты болу керек. Отыздан асқан соң Мәріх жұлдызы құшағына алады. Бұл қайрат, жігер, өткірлікпен алас ұрғызады. Мұнан кейін Міштірі құшағына алады. Бұл күйініп, түйініп, бай болу, әр нәрсесі сай болуды ойлатады. Алпысқа жеткенше бағады, қағады. Алпыстан асқан соң Зұхәл құшағына алады.«Бұл Зұхәл жұлдызы адамды ойға салып, дүниеге харыс қылады». Осы ретте жоғарыда аталып өткен жұлдыздардың адамзат баласына әсерін Бұқар жырау бабамыздың бай бейнелі тілімен көркемдесек артық болмас:

Жиырма деген жасыңыз
Ағып жатқан бұлақтай,
Отыз деген жасыңыз
Жарға ойнаған лақтай.
Қырық деген жасыңыз
Ерттеп қойған құр аттай.
Елу деген жасыңыз
О да бір көшкен ел екен,
Алпыс деген жасыңыз
Қайғылы-мұңлы күн екен,
Сексен деген жасыңыз
Қараңғы тұман түн екен,
Тоқсан деген жасында
Ажалдан басқа жоқ екен.

Мәшекеңнің айтуы бойынша, адам баласы туған бетте онымен қатар күн-көктегі жұлдыздардан да бір бала туады. «Пері деген мақұлық бар, онан да бір бала туады. Шайтан деген мақұлық бар онан да бір бала туады. Осы жұлдыздар адам баласымен жалған дүниенің жүзіне бір сағатта келеді. Осы бала тірі жүрсе, осылардың бәрі бұл баламен маңайлас, бастас жолдастары болады. Бір қызығы, адамзат баласы секілді жұлдыздың да жаманы, жақсысы бар. Жаманын нас жұлдызы десе, жақсысын сәтті жұлдыз деседі. Егер де баламен бірге туған жұлдыз сәтті болса, демек онда бақыты талайлы, жұлдызы жоғары болып, басқадан үстем болады. Ал нас жұлдызымен айқасып туған бала өмірде сәтсіздікке көп ұшырап, құты қашып, жаман атанатындығы содан екен» дейді Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Осы шығармадан біз ежелден адам баласымен бірге жасасып келе жатқан жын, сайтан, перілердің де адам тағдырына әсері айрықша болатынын білдік. Яғни, ұлттың танымында адамының өсіп-өнуіне, дамуына қатысты айырықша ұғым болды деген сөз. Ғұлама өз еңбегінде: «Адам қараптан қарап жаман атанбайды екен, біреудің перісі күшті болады, біреудің жыны күшті болады, ал біреудің сайтаны күшті болады. Адамды осылардың қай-қайсысы болса да, билеп кетуі бек мүмкін. Өз басын өзі алып жүруге мыңнан біреу-ақ жарайды. Осы көрініп жүрген жамандарды біресе жын билеп кетіп, біресе сайтан билеп кетіп, жаманның жаман атанатындығы содан екен. Біреу кісі өлтіреді, біреу ұрлық қылады, енді біреуі ойнас қылады» – деп тоқталады бұл мәселеге. Автор осыған Құдайдың еш қатысы жоқ екенін айта отырып, жын-шайтанның бірі олай, бірі бұлай ұйытқытып, адамды есінен адастырып, әуре-сарсаңға түсіретінін айтады. Тәңірі ерік беріп, таңдау құқығын берсе, жын-сайтан тек сыбырлаушы. Түптің түбінде балшыққа белшесінен бататын адамның өзі.

Тәрбие басы адамның өзінен басталары даусыз ақиқат. Жәлеладдин Руми бұл әлемнің құдды тау сияқты екенін, ал біздің істеген істеріміздің сол тау арасындағы айқайға ұқсайтынын, содан шығатын жаңғырық біздің ісіміздің қайтарымы екенін айтады. Көп жағдайда мұны біз өкінішке қарай есімізден шығарып аламыз. Жыраулардың жырынан, ғалымдардың еңбегінен баяндап, үзінді келтіргендегі мақсатымыз «Үлгісіз сөз болмайды, мақтасыз бөз болмайды» демекші, көнекөз қариялардың бізге қалдырған өсиетін жадымыздан еш шығармай, үлгі етсек деген тілек еді.



Уркия Рыщанова,
Почетный деятель культуры РК, сотрудник фонда редких книг
Костанайской ОУНБ им. Л.Н.Толстого

«ЮНОСТИ ЧЕСТНОЕ ЗЕРЦАЛО» - первый русский учебник по этикету

Сотрудниками фонда редких книг Костанайской ОУНБ им. Л.Н.Толстого организована выставка изданий, посвященная 300 - летию книги «Юности честное зерцало». Выставка«-Не роскошью кичиться, а делами гордиться» состоит из трех разделов:

1.«Юности честное зерцало» - первый русский учебник по этикету

2. Российские периодические издания нач. XX века о проблемах воспитания и образования

3. Произведения русских классиков о проблемах воспитания и образования.

Надо сказать, что «Юности честное зерцало» – пособие для обучения и воспитания детей дворянского сословия, составленное по указанию Петра I. Появление этой книги можно назвать значительным событием в истории детской литературы. Предполагаемые составители издания – епископ Рязанский и Муромский Гавриил и Яков Брюс, сподвижник Петра. Источником послужили разные русские и переводные тексты, в том числе трактат Эразма Роттердамского и «Домострой» Кариона Истомина.

«Юности честное зерцало» пропитано духом петровских преобразований, несло в себе призыв не кичиться роскошью и знатностью, а гордиться делами. Книга формировала новый стереотип поведения светского человека, избегающего дурных компаний, мотовства, пьянства, грубости, и придерживающегося европейских светских манер. Фактически, это первый в России учебник этикета.

Император Всероссийский Петр I был человек прогрессивный и к воспитанию молодежи относился с большим интересом. Поэтому повелел своим мудрецам подготовить книгу «Юности честное зерцало». Это не сказка о правдивом

зеркале, как кто-то из современных ребят может подумать.»Зерцало» означает «сборник», или «энциклопедия», или «правила поведения». То есть как юноше или девушке в разных ситуациях вести себя, чтобы чести не уронить и все сделать по чести.

«Зерцало» было издано в соответствии с духом петровских реформ, когда основу всей книгопечатной продукции составляли разного рода руководства и наставления. В первой части были помещены азбука, таблицы слогов, цифр и чисел, а также нравоучения из священного писания. Книгу можно считать одним из первых пособий по обучению гражданскому шрифту и арабскому написанию цифр, введёнными указом Петра I в 1708 г. вместо прежнего церковнославянского обозначения. Вторая часть – это собственно «зерцало», то есть правила поведения для «младых отроков» и девушекдворянского сословия.

Молодому дворянину вменялось учиться иностранным языкам, фехтованию, танцам и верховой езде, послушание родителям и старшим. Девицам должно было учиться смирению, трудолюбию, молчаливости, также с почтением относиться к родителям. Уделено в книге внимание правилам поведения на государственной службе, за столом, при общении с другими людьми.

Надо отметить, что книга не отличается строгим планом, стилевым единством. Об одном и том же говорится в разных местах. Страницы, адресованные юношам, написаны сжато, страницы для девочек — пространны и многословны. Пожалуй, самой большой заслугой авторов книги является язык и стиль изложения, в целом выразительный, образный, местами даже простонародный. Это первая печатная книга для детей и юношества, написанная на живом русском языке, украшенная пословицами, поговорками, меткими выражениями. Так, не рекомендовалось по улице «рот розиня ходить яко ленивый осел». Или: за обедом «сиди прямо, не хватай первый из блюда, не жри как свинья», «Легкомысленная одежда, которая бывает зело тщеславна и выше меры состояния своего, показует легкомысленный нрав».

Издание «Юности честное зерцало» не является иллюстрированным изданием в современном понимании этого термина. В эпоху начала петровского правления, когда только формируются и укрепляются основы книгопечатания, понимание «детской книги» еще не существовало. «Зерцало» – книга для юношества, которая постепенно становится книгой и для детей младшего возраста. В оформлении этой книги все выглядит совсем не так, как во «взрослых» изданиях: формат книги, размещение двух азбук в две колонки, разного уровня написание букв, разные межстрочные интервалы, гравированные украшения в тексте, концовки и прочее – все было рассчитано на детское восприятие. Можно сказать, что своеобразный поиск способов иллюстрирования детских книг прослеживается именно в издании «Юности честное зерцало» и других изданий азбук и прописей XVIII века.

Несмотря на следование европейским требованиям о соблюдении этикета, составители книги так и не смогли полностью отойти от российских патриархальных традиций. Практически вся книга посвящена поведению юношей, о девицах в ней вскользь упомянули в самом конце, дав несколько общих правил, в которых чувствовалось стойкое влияние «Домостроя». Для девиц во главу угла ставились набожность, смирение, молитвы, почтительное отношение к родителям и старшим, скромность, стыдливость и т. п.

Зато для юношей были подробно изложены нормы поведения при различных жизненных ситуациях. Начинались они с рекомендаций по поведению в семье: «В первых наипаче всего должни дети отца и матерь в великой чести содержать. И когда от родителей что им приказано бывает, всегда шляпу в руках держать, а пред ними не вздевать, и возле их не садитися, и прежде оных не заседать, при них во окно всем телом не выглядовать, но все потаенным образом с великим почтением, не с ними вряд, но немного уступи позади оных в стороне стоять, подобно яко паж некоторый или слуга».

Любопытно, что авторы дополнили вполне европеизированные требования российским колоритом: «У родителей речей перебивать не надлежит, и ниже прекословить, и других их сверстников в речи не впадать, но ожидать, пока они выговорят. Часто одного дела не повторять, на стол, на скамью, или на что иное, не опираться, и не быть подобным деревенскому мужику, которой на солнце валяется, но стоять должни прямо».

Здесь же были изложены и требования к поведению за столом: «Не прилично им руками или ногами по столу везде колобродить, смирно ести. А вилками и ножиком по торелкам, по скатерти или по блюду чертить, не колоть и не стучать, но должни тихо и смирно, прямо, а не избоченясь сидеть».

Не могли составители обойти вниманием и проблему пьянства: «Честный отрок должен остерегать себя от неравных побратенеств в питье, чтоб ему опосле о том не раскаяваться было. И дабы иногда новой побратеник не напал на него безчестными и необыкновенными словами что часто случается. Ибо когда кто с кем побратенство выпьет, то чрез оное дается повод и способ к потерянию своея чести, так, что иной принужден побратеника своего устыдиться. А особливо когда оной отречется или нападет несносными поносительными словами».

Таким образом, книга посвящена правилам «житейского обхождения», но говорится в ней не только о том, что некрасиво драться или чавкать над едой, но и о том, как важно быть справедливым, порядочным, честным, добросердечным...

С тех пор минуло 300 лет! Молодежь давно берет пример из других зерцал.

А все же книжка Петра I будет довольно занимательна, полезна и в наше время. Тем более, если каждое изложенное в ней правило сопровождается разъяснениями и веселыми комментариями популярного детского писателя Успенского!Кстати, однажды Эдуард Успенский, написав очередную историю про Чебурашку, оторвался от печатной машинки и решил что-нибудь почитать. И попалось ему в руки «Юности честное зерцало». Писатель так увлекся, что даже про Чебурашку забыл. А потом понял, что этот литературный памятник забыт совершенно напрасно. И если его чуть-чуть пояснить, откомментировать, то он может очень пригодиться современным воспитателям и воспитуемым. Вот так и получилась эта книга.

Молодому дворянину вменялось учиться иностранным языкам, фехтованию, танцам и верховой езде, послушание родителям и старшим. Девицам должно было учиться смирению, трудолюбию, молчаливости, также с почтением относиться к родителям. Уделено в книге внимание правилам поведения на государственной службе, за столом, при общении с другими людьми. Юности честное зерцало пропитано духом петровских преобразований, несло в себе призыв не кичиться роскошью и знатностью, а гордиться делами. Книга формировала новый стереотип поведения светского человека, избегающего дурных компаний, мотовства, пьянства, грубости, и придерживающегося европейских светских манер.

Фактически, это первый в России учебник этикета. Пособие имело большой успех. Оно было переиздано дважды в 1717 году. Популярность пособия не падала в течение всего 18-го столетия. С тех пор прошло 300 лет.

Кроме юбилейной Книги на выставке представлены произведения русской классики, где проблема воспитания и образования проходит красной нитью, такие как: автобиографическое произведение М. Горького «Детство»,роман-эпопея Л.Н. Толстого «Война и мир», рассказ И.А. Бунина «Цифры»,В.Одоевского «Отрывки из журнала Маши», повесть А.С. Пушкина «Капитанская дочка» и др..

Также на выставке представлен журнал «Вестник воспитания» основанный в 1890 году на средства врача московской детской больницы, автора книг по медицине и педагогике Егора Арсеньевича Покровского.Недостатка в педагогической прессе на тот момент не существовало, но Покровский считал, что воспитание детей - это совместное дело педагогов и врачей. Однако специального издания, в котором они могли бы публиковать свои работы о нравственном и физическом воспитании ребенка, в России не было. Обосновав необходимость такого издания, Покровский учредил «Вестник» и адресовал его родителям и воспитателям. В новом журнале статьи о педагогическом мастерстве удачно сочетались со специальными статьями о санитарии, школьной гигиене, физической подготовке ребенка, что вызвало большой интерес.

После смерти Покровского издание «Вестника» взял на себя Николай Федорович Михайлов, санитарный врач, соратник Покровского, который работал с ним в журнале, начиная с первого выпуска.

В целом в литературных памятниках нашли отражение как общеэтические нормы поведения, так и специфические черты воспитания, относящиеся к периоду восприятия русской традиционной культурой элементов образа жизни стран Западной Европы.

«Юности честное зерцало» регламентировало практически все аспекты общественной жизни: от правил поведения за столом до государственной службы. Книга формировала новый стереотип поведения светского человека, избегающего дурных компаний, мотовства, пьянства, грубости и придерживающегося европейских светских манер.Этот педагогический трактат надолго стал пособием для воспитания русской молодежи высокого происхождения.

Научить молодое поколение правильно вести себя в обществе, быть вежливыми, воспитанными, культурными людьми — такая цель стояла перед создателями выставки. Эти вечные истины изложены неповторимым языком петровского времени.

(To the 95th anniversary of the birth of Vertinskaya Pavlova, honored librarian of the Kazakh Soviet Socialist Republic)

THE CALLING OF LOYALTY

Anna Pavlovna Vertinskaya (Seliverstova came in Kostanai regional library seventeen year old girl due to its first director Elena Mikhailovna Petrushina. In her autobiography, Anna Pavlovna Vertinskaya (Seliverstova) wrote that she was born December 19, 1921 in the city of Kostanai in a working class family Nikitovich Paul Seliverstov. Her father, born in 1900, s1914 to 1920 worked at the mill manufactory. In 1920 he was called Red Army, but on health grounds was dismissed from the ranks of the Red Army.

From 1921 to 1928 he studied the peasantry. From 1929 to 1932 worked at the factory named after Komoschenko Chelyabinsk. From 1932 to 1947 he worked factory №6 of Kostanai as elevator. In April 1947 father died. Mother Anna Pavlovna was a housewife.

After 9 years she graduate from scool named after M.Gorky, Anna Pavlovna came in July 1937 as a laboratory assistant at the manufactory №6. In March 1938, She resigned at her own request and got a temporary clerk in the Provincial Department of Public Education.

«You know, all of us in life have to meet such a person, which then remember with gratitude and love,» – said Anna Pavlovna herself afterwards. «For me, it was Elena Petrushina. She was in charge of our library; we can say it has created. I do not know that it would take me. A job is known to be technical, but it requires attention and care.

Elena often came to us used to sit with me for a long time, watching. And one day she asked, «Will you go with me to the library?» She loved books since childhood, but the work of librarians represented primitive. Just think – issued books, recorded in card accepted – struck.

I, too, work ... I do not imagine that i able to know a lot at tht place. It's April 19, 1938». Upon returning from maternity leave the employee Anna Pavlovna was transferred April 25, 1938 in Kostanai regional library. When she graduated from the regional library and library courses in the August, she was credited to the state librarian of the reading room. Since April 1939 she worked as a librarian subscription, and from 1941 to August 1942 – the head of the subscription and the book depository.

For any business, Anna Pavlovna was taken with enthusiasm and business disputes in the hands of the young. Library work fell to her liking. Since the beginning of the Great Patriotic War, the library continued information and cultural services and evacuated residents in our city of Moscow, Leningrad and other places, informing them of the situation at the front and in the rear, mobilizing their readers to fight the enemy. Designed the book exhibitions, thematic folders, information stands, in the walls of the reading room were conducted lectures on relevant topics, and in hospitals loud readings for wounded soldiers, points of issue in the aviation school to work on a 507-plant. Librarians have been actively involved in the collection of gifts for the soldiers and their families. A striking example of the support that the library has provided its readers, who find themselves at the front, is the correspondence of Pavlova Vertinskaya (Seliverstova) with I.Y. Pinchuk. A soldier asked to send him the story, and the Charter of the CPSU (b), «Capital» of Marx, «Wait for me,» Konstantin Simonov, the works of L.N. Tolstoi, MA Sholokhov, J. Hasek, Ignatiev, and later expressed his gratitude received for the book.

In August 1942, Anna Pavlovna Vertinskaya (Seliverstova) was mobilized into the labor army to rail (Senarskaya station), where she worked as the head of library. October 20, 1942 the director of the Kostanai regional library in the political department Senarskaya station was sent the following letter: «Kostanai Regional Library asks you to second Seliverstova Pavlova, who works for you, at the disposal of the Kostanai Regional Library. The library serves the large mass of the population of the city and the region is in need of library workers. The library work without a degree, from the library in time of war requires a great deal of political and mass work.

At the moment it is very difficult to find a librarian, library schools in Kostanai there. Seliverstova is a qualified specialist in library technology, and you have it is used for other purposes; it may be replaced by another employee. We ask you to meet us. You know that it represents, so we hope that you give us Seliverstova release. What we ask not refuse. Director of the region libraries – M. Kortki. Library requests to answer.

This letter demonstrates how Kostanai regional library was interested in such a qualified person as Anna Pavlovna Vertinskaya (Seliverstova). But quickly the issue is not resolved. I had, apparently, connected higher authorities. May 18, 1943 came an urgent telegram to the political Senarskaya station: «Immediately loaned Seliverstova (sic) Pavlova order Kostanai regional committee of the party personnel department».

Upon his return to Kostanai, Pavlova on 8th July 1943 was appointed as the director of the regional library. More than 33 years of her directorship accommodate and heroic years of the Great Patriotic War, and the period of post-war reconstruction, and the virgin epic, and more. Worked together with Anna Pavlovna remember her always taut, tidy, beautiful woman. She always wore a strict business suit and did not like pants: They say that a woman librarian should always be a woman.

In 1951 he graduated from the Ufa Pavlova Library College, and in 1957 in absentia from the Leningrad Institute of Culture. Since then it has maintained a reverent attitude and to the town on the Neva River, and to the people living in it, and their teachers, encouraging his colleagues to pursue higher education library there. Pavlova is one of those directors who care about the association is not limited to the terms of office. And when Pavlova was asked what is the secret of the excellent work of the library, she always replied in the collective cohesion, friendship and partnership. It is easy to say, «Team cohesion»! Much more difficult to achieve this. Here orders cannot do anything, to find the key to the heart is not so easy for each person. Anna Pavlovna was able to do

it. In the 60 years Pavlova could often be found in any local library, giving friendly advice. She knew every librarian was able in time to help and support. Willingly transferred her rich experience to young colleagues enthusiastically discloses to them the essence of the library profession. Her position is well characterized by the following words: «Yes, love for their profession, for their work is needed not only to the librarian. But we have no such love is impossible.

Anna Pavlovna had a clear vision of the library, its goals and objectives. «The library – this is the same university, only without a diploma,» – she said in an interview. «This is not just a library. On our shelves you will find the answer to any question. All day sit out in our diploma students. We helped defend their dissertations than one ten scientists. Now they go to us who write doctoral. Interestingly, none of these very busy comrades ever left us dissatisfied. If the current was not necessary literature, the library he got out after a while it. We came to the aid of ILL – ILL. Through it from any Soviet library can write books for a certain period. «Pavlova Vertinskaya (Seliverstova) laid the foundation of the active nature of the service, which is being established, was the determining factor in the future in the early postwar years. Her talent is not only a sensitive perception of the demands of life, but also the ability to select and train cadres for the implementation of these requirements. He reined «reader cult» in the library. Reading room and ticket were always overcrowded; many readers use the services of IBA, obtaining books from major libraries in the country, working points of issue in enterprises and institutions of the city. Library life was in full swing: in the evening on Sundays in the reading room and debates held in the evening of questions and answers, oral magazines, popular science lectures, in the patent department collected inventors and innovators, on the weekends there is a lawyer on duty, who advised on patent law. In all this was a direct merit of Anna Pavlovna, who requests and needs of the readers are always put in the first place in his work. Anna Pavlovna loved readers. She said that among the readers «have children and seven grandchildren of those who for the first time once crossed the threshold of the library. We are linked by a genuine friendship. And believe me, this is the greatest happiness of librarian. People come to us for advice, ask a book that came from the heart, and a librarian - reader one - should be able to offer such a book. It is necessary to influence the terms of a young man read, to win the full confidence of the reader, or issuing books can become a monotonous, formal obligation.

The thirst for knowledge among people is growing every day, and we have to do



17.7.43 г.



Июля 17-го дня 1943 года.

Уважаемый товарищ!

a lot of work to instill young people a good literary taste. After all, the librarian assumes moral responsibility, if a young reader interested in the bad books». Anna Pavlovna took an active part in public life: repeatedly elected a member of the city committee of the party (in the ranks of the CPSU (b) it entered in 1946), for 6 years headed the party organization of the regional department of culture, engaged in propaganda work, was a mentor youth. Under its direct origin in the years 1975-1980 was held centralized library systems of the region, it was one of the initiators of the opening of school in the city of culture, and in it the library department, whose first edition was held in 1977. June 21, 1961 Pavlova Vertinskaya (Seliverstova) was awarded the honorary title «Honorary Librarian of the Kazakh SSR». A decision of the executive committee of Kostanai Oblast Council of People's Deputies of November 11, 1977 for the number 91 it was set personal pension of local importance. Even leaving the post of director of the library, Anna Pavlovna continued to work actively, passing his invaluable experience to young employees. She has brought up a whole galaxy of library workers in the area.

The best thing about the merits of Pavlova says numerous awards. During his work in 1938, she was awarded the medal «For Valiant Labor in the Great Patriotic War of 1941-45» (1946), «For development of virgin lands» (1957), «For Labor Valor» (1960), «For valiant labor» (1970), «Thirty years of Victory in the Great Patriotic war of 1941-45» (1975), «Labour Veteran» (1978) and honorary signs «For Merit of the republic «(1961),» For excellent work «(1968),» excellent cultural patronage over the Armed forces of the USSR «(1968),» In honor of the 20th anniversary of the development of virgin lands «(1974) «Winner of socialist competition in 1973» (1973), had the gratitude from the head of the regional library and from the chief №2445 evacuation hospital for wounded soldiers good service books, and thanks to the letter from the Chairman of the Committee the Council of Ministers of the Kazakh SSR, numerous ratification of the Presidium of the Supreme Soviet of the Kazakh SSR, the Ministry of culture, the regional party committee, the Regional Executive Committee, Regional Committee of the Komsomolsk, the Department of culture and the Presidium of the Regional Committee of the Union of workers of culture. When asked Anna Pavlovna, what is the happiness of her life, she said: «Is not happiness – to work in such a wonderful and friendly team, engaged in work that captivates you from which you get full satisfaction. It is not happiness – to feel needed and useful person and to know that people appreciate your work! Is not happiness – constantly feel the trust and respect of comrades»!

Urkiya Ryschanova
Honored Worker of
Culture of Kazakhstan,
rare books fund employee
Kostanay OUNB named after
L.N. Tolstoy
The Republic of Kazakhstan

Фатима Бектурбекова,
ҚР Ұлттық кітапханасы
Ақпараттық ресурстар қызметінің топ жетекшісі

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚР ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫНЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының 25 жылдығына тұспа-тұс 1931 жылдың 5 мамырынан оқырмандарға кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетіп келе жатқан

Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына – 85 жыл!

ҚР Ұлттық кітапханасы (ҚР ҰК) тәуелсіз еліміздің және әлем мәдениетінің рухани қазынасы жинақталған, өзіндік тарихы бар білім мен ғылымның қоймасы және жаңа технологиялармен жабдықталған ең ірі мәдениет ақпарат ошағы болып табылады. Бүгінде өз оқырмандарына жан-жақты мәдени-танымдылық, ғылыми-ағартушылық, әдістемелік, ақпараттық бағытта қызмет көрсетіп келеді.

ҚР ҰК 1989 жылы автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйені (АБИС) құрастырды. 1992 жылы қазақстандық кітапханалар технологияларының ерекшеліктеріне бағдарланған және ұлттық стандарттардың, дәстүрлердің, сондай-ақ тілдің талаптарына негізделген республикалық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйені (РАБИС) енгізді. Бүгінгі таңда, РАБИС бағдарламасы республикадағы 723 кітапхананы бірыңғай компьютерлік желіге біріктіріп отыр. Қолданыстағы көпжылғы тәжірибе РАБИС-тің осыған ұқсас кітапханалық бағдарламалардан ешқандай кем түспейтінін, лайықты жүйе екенін көрсетті. Осы уақыт ішінде ҚР ҰК-ның электронды каталогында 3 млн. астам библиографиялық сипаттаманың мәліметтер қоры жасалды. Бұдан өзге кітапханада толықмәтінді ақпараттың 516 Гбайтта толықмәтінді контенті құрылды.

Ақпараттық ресурстардың үздіксіз өсуі, өңдеу құралдарының жаңару үдерісі мен әдістері, ақпараттарды сақтау және жіберу РАБИС-ке жоғары талаптар қойды. 2015 жылы ҚР ҰК жетілдірілген жаңа Web-РАБИС бағдарламасын қолданысқа жіберді. Бұл бағдарламаның мүмкіндіктері кең, авторитеттік файлдарды құру және жүргізу, библиографиялық көрсеткіштерді автоматты түрде қалыптастыру және т.б. Java технологиясымен

жасалған Web-РАБИС пайдаланушыға құжаттардың толық мәтінімен және жер шарының кез-келген нүктесінен олардың аудио-бейне-Интернет қосымшаларымен жұмыс істеуге, мобильді құрылғы арқылы электрондық каталогтарды қарауға мүмкіндік беретін толықмәтінді және гипермәтінді мәліметтер қорын құруды қолдайды. Оқырмандарға ақпаратты шығару үшін компьютермен жұмыс істеуге машықтануды аса талап етпейтін қарапайым әрі ыңғайлы интерфейс жасалған. Қажет ақпаратты жылдам және ауқымды іздеу барлық электрондық каталогтар және библиографиялық сипаттама элементтері мен олардың үйлесуі бойынша жүргізіледі.

Web-РАБИС бағдарламасына «Кітап қорын толықтыру», «Каталогизатор», «Іздеу және тапсырыс беру», «Кітап беру», «Оқырмандарды тіркеу» және т.б. модульдер кіреді.

«Кітап қорын толықтыру» модулі кітапхана қорын толықтыруға байланысты үдерістерді тиімді автоматтандыруға арналған. Модуль кітапхананың кітап қорын әдебиетпен толықтыруды, комплектаторлар жұмысының барлық негізгі өндірістік-технологиялық үдерістерін автоматтандыруды қамтамасыз етеді. Жүйе автоматты түрде жазбалардың санын, данасын, сомасын санап және оларды бухгалтерлік мәліметтермен салыстыра отырып, партияның құрамын бақылайды. Жүйе кез-келген кезеңге есептік құжаттарды (инвентарлық кітабын, бақылау көрсеткіштерін, қажетті есептерді, түсімдерді есепке алу кітабын (жиынтық кітабы түбіртектерді) шығаруға мүмкіндік береді. Барлық есеп Excel кестесінде шығарылады.

«Каталогизаторлар» модулі электрондық каталогты және мәліметтер қорын құруға және енгізуге арналған. Модульде электрондық басылымдарды, барлық құжат түрлерінің библиографиялық жазбаларын енгізу және редакциялау; библиографиялық жазбаларды іздеу элементтерімен, тақырыптық айдармен, кілттік сөздермен, қосымша сілтемелермен жарақтандыру; авторитеттік файлдарды құру; библиографиялық жазбалардың көпдеңгейлі құрылымын қолдау және т.б. жұмыстары жүргізіледі. Бұл модуль ұжымдық ресурстарды жасау және пайдалану үшін ыңғайлы құрал болып табылады. 2012 жылы ҚР ҰК-сында Орталық Азия кітапханаларының

ішінде алғашқы болып Авторитеттік файл құрылды. Авторитеттік файл – каталогизаторлардың құжатқа ғылыми сипаттама жасауда және библиографтардың ақпарат іздестіру жұмысын жеңілдететін нормативті сипаттаманың машина оқитын жазбасы. Мәселен, Яссауи, Ясауи, Яссави, Иассауи, Йассауи сияқты өзгешелікпен жазылған фамилиялар, сонымен қатар белгілі жазушы М.О.Әуезовтың – «Мұхтар», «Ауыл баласы», «Арғын», «Қоңыр», «Жаяу сал», «М.», «М.Ә.», «Екеу», «Арқалық», «Айғақ» және т.б. осы сияқты бүркеншік есімдері (псевдоним) бір файлға жинақталатын болады.

«Іздеу және тапсырыс беру» модулі оқырмандарға қызмет көрсетуді автоматтандырылған тәртіпте: оқырмандардың сұраныстарын өңдеуді, резервке қойылған әдебиеттердің іріктелуі мен тапсырыс берілуін, кітап берілімін, қорда тұрған кітаптардың мәртебесін қадағалауды, сондай-ақ басқа да тиісті технологиялық операциялардың барлығын қамтамасыз етеді. Модульде барлық электрондық каталогтар мен библиографиялық жазбалардың элементтері және олардың үйлесімі бойынша жедел әрі кеңейтілген іздеу қарастырылған. Пайдаланушының тапсырысы электрондық оқырман билеті қуатталғаннан кейін жүзеге асырылады.

«Кітап берілімі» модулі кітапхананың оқу залдарына кітаптар мен мерзімді басылымдарды беру/қайтару үдерісін автоматтандыруға арналған. Модульде қордың пайдаланылуы мен сұранысы бойынша статистикалық мәліметтерді қалыптастыру мүмкіндігі қарастырылған. Ол алдыңғы модульдердің мәліметтерін пайдаланады және кітапқа әрі қарай бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Оқырмандарды тіркеу» модулі оқырмандардың мәліметтер қорын құруға және жүргізуге арналған. Бұл модульде оқырмандардың есептік жазбаларын енгізу және редакциялау, оқырманның суреті және бірегей штрихкод бар оқырман билетін қалыптастыру, басып шығару жұмыстары іске асырылады. Модульде оқырман туралы жеке мәліметтік есеп түрлерін қалыптастыру және алу жүзеге асырылады. Мысалы: кітапхананың оқырман құрамының жасы, жынысы, ұлты, білімі және т.б. «оқырмандар» мәліметтер қоры жеке деректерді қорғайды және Web-РАБИС-тің басқа модульдарымен біріктіріледі. «Оқырмандарды тіркеу» модулінде оқырмандардың кітапхананың оқу залдарына өтуін бақылау функциясы бар. Кірген кезде оқырман билетінің штрихкоды оқылады, сол арқылы автоматты түрде келім саны туралы мәліметтерді алуға және оқырманның оқу залына өткізбеген әдебиеттері бар-жоғына бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Web-РАБИС бағдарламасына Қазақстандық корпоративтік каталогтау орталығының жиынтық каталогы (ҚККО) тіркеліп, алдағы уақытта артық операциялардан құтылуға мүмкіндік беретін болады. Бұл Орталық облыстық кітапханалар үшін қолайлы болмақ. Айта кететін болсақ, ҚР ҰК сайтында (nlrk.kz) орналасқан ҚККО 2002 жылы РАБИС бағдарламасын пайдаланушы кітапханалардың бірлескен орталығы болып құрылған. Орталықтың мақсаты Қазақстан Республикасының кітапханалық-ақпараттық ресурстарын пайдалана

отырып «Қазақстан» жиынтық электронды каталогын құру. Қазақстандық корпоративтік каталогтау жұмысы нәтижесінде библиографиялық жазбаларды бірреттік енгізу арқылы көпреттік пайдалану, «Қазақстан» дерек қорындағы жазбаларға әлемдік қолжетімділікті қамтамасыз ету, жоба қатысушыларының еңбек ресурсы мен уақытын үнемдеу, кітапханалық қызметтің ұсынылу сапасы мен әдісін дамыту іске асқан. Осы орталықтың нәтижесінде еліміздегі барлық аймақтар мен ауылды жерлердегі кітапханалар ақпараттарға қашықтықтан қолжеткізе алуда. ҚККО-ның корпоративтік өнімдері негізінен, республика бойынша тегін міндетті дананың депозитарийі болып табылатын ҚР ҰК-ның электронды каталогтар қорынан жинақталған.

ҚР Ұлттық кітапханасында республика кітапханаларына «Web-РАБИС» кітапханалық-ақпараттық бағдарламасын таныстыру мақсатында бірнеше тұсаукесерлер өтті. Ұлттық кітапхана мамандары 2016 жылдың маусым-шілде айларында еліміздің кітапханаларына әдістемелік көмек көрсету мақсатында Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе т.б. облыстарға іс-сапармен барып, web-РАБИС бағдарламасының модульдерімен таныстырды, артықшылықтары мен ерекшеліктері туралы айтты. Web-РАБИС-тегі Қазақстандық корпоративтік каталогтау орталығының дерекқорына библиографиялық жазбаларды енгізу және қолдану туралы ақпараттар берілді. Сонымен қатар, Ұлттық кітапхананың Ақпараттық ресурстар қызметі осы жылдың тамыз айынан бастап республикамыздағы 77 кітапханашы-каталогизатор мамандарына «Каталогизаторлар мектебі» атты үйрету, оқыту, кәсіби шеберлігін жетілдіру сабағын жүргізді. Сабақ барысында кітапхана қорына ағымда келіп түсіп жатқан құжаттарды жоғары сапада ғылыми өңдеу және аналитикалық сипатталған библиографиялық жазбаларды түзу жолдары үйретілді. Ұлттық кітапхананың электронды ақпараттық-библиографиялық ресурстар қорындағы библиографиялық жазбаларды Қазақстандық корпоративтік каталогтау орталығы арқылы экспорт/импорт жасау жолдары көрсетілді.

Қорыта айтқанда, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесінің дамуы еліміздің Тәуелсіздік жылдарында республикаға танымал АБИС, РАБИС бағдарламасы болып құрылып, қазіргі уақытта әлемдік ақпараттық талапқа сай құрылған, интернетке шығу мүмкіндігі бар Web-РАБИС бағдарламасымен өзін танымал етуде. Web-РАБИС бағдарламасы қолданысқа енгізілгені бері оқырмандар және кітапханашылар тарапынан жоғары бағаланып, жұмыстар нәтижелі атқарылуда. Облыстық кітапханалар Web-РАБИС бағдарламасын алдағы жылдары сатып алуды жоспарлап, жергілікті бюджеттен қаражат қарастыруда. ҚР Ұлттық кітапханасында құрастырылған автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық бағдарламаны республикадағы кітапханалардың барлығы ортақ пайдаланар болса, уақыт талабына сай бірыңғай ақпараттық кеңістікте дамыған кітапханалар қатарынан көретініміզге сенімдіміз.

Маржан Примбетова,
Қазақ гуманитарлық заң университетінің доценті

Ұлт ұстазы АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ шығармашылығының маңызы

Қазақ елінің рухани биіктігінің басты белгілерінің бірі – бай әдеби мұрасы мен жазба әдебиеті. XX ғасырдың басында қазақ халқы аса ірі қоғамдық-саяси өзгерістерді бастан кешкені анық. Сонымен қатар ауқымды рухани жаңғыруларды да болып жатты. Ұлттық мәдениет пен әдебиеттің, білім мен ғылымның туын көтерген, жұртшылықтың санасына демократиялық ойлар сіңіріп, алға жетелеуге ұмтылған зиялы топ қалыптасты. Халықтың зердесіне сәуле түсіріп, санасын оятқан осы топтың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлы болды.

Қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымына өзгеріс енгізген ол өзінің алдындағы Шоқан, Ыбырай, Абайлардың ағартушылық, демократтық бағыттарын жалғастыра отырып, өз заманындағы тұтас бір зиялы қауымына бастамашылдығыменкөшбасшы бола білді.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ақыны ғана емес, ол әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері ретінде тарихта қалды.

Қазақ халқының өткен ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының есімі ел есінде Алаш қайраткері ретінде де белгілі.

Еңбек жолын мұғалімдік қызметін бастаған Ахмет Байтұрсынұлы 1895-1897 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездерінде ауылдық, болыстық мектептерде, екі сыныптық училищелерде сабақ береді. Мұғалім бола жүріп ол қоғамдағы болып жатқан құбылыстарға, әлеуметтік өмірге бей-жай қарамады. Халыққа білім

берудің жолдарын, қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелерін зерттеу мүмкіндіктерін қарастырады. Көп кітаптар оқиды, өз бетімен ізденеді. Әдебиеттің қыры мен сырын игеруге барынша күш салған болашақ ғалым-зрттеуші, туған тіл мен ұлт әдебиетінің дамуына өз үлесін қосуды мақсат тұтады. Ол өлең-жырларын жазады, ауыз әдебиетінің үлгілерін жинай жүріп, оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлейді. Өзінің білімімен, ақыл-парасатымен ел аузына іліге бастайды. Ұлт бостандығын аңсаған ақын, күреске үндеген өлеңдер жазып жариялады.

Ол 1913-1918 жылдары өзі ұйымдастырған «Қазақ» газетінің редакторы бола жүріп, кең ауқымды әлеуметтік істер атқарады. Газет бетінде халық өмірінің аса күрделі мәселелерін көтереді және елді оқу-білімге, ілгері ұмтылуға шақырады.

Ұлт ұстазы, айтулы ақынның саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылғы өзгерістермен тұстас келеді. Ақын өмірінде ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндер астасып жатты.

Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолындағы Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса табысты шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылдары өзінің ең жақын сенімді достары Әлихан Бөкейхан және Міржақып Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялылары тарапынан қолдау таба отырып, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарды. Бұл газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақыруда үлкен маңызды істер атқарды.

Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі болды. Мақалада ұлы ақын Абайдың рухани болмысымен қатар, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Қаламгердің 1926 жылғы «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек болатын. А. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Автордың «Әдебиет танытқыш» еңбегі ақындық дарын табиғатын ашқан шығарма ретінде сипатқа ие болды.

А.Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап бергенін «Әдебиет танытқыш» атты еңбегі әдебиет табиғатын жан-жақты ашып және талдап-түсіндіріп берген ғылыми зерттеу болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды және ол әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым ретінде бүгінгі күні де зиялы қауым мен көкірегі ояу оқырмандар есінде.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер екендігін біреу білсе, екінші адам білмеуі мүмкін. Байтұрсынұлы жан-жақты тұлға, қаламгер, озық ойлы ғалым ретінде де қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін үлгілі іс-әрекетімен көрсете білген азамат. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сәле түсірген басылым еді. Сол «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Атап айтқанда, Абайдың қоғам өмірі туралы ойларын дамытып, саяси-әлеуметтік, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшан теңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған.

Байтұрсынұлының екінші кітабы — «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ, қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның Қазақ газетінің 1913 жылы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса

ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 жылы Мәскеуде шығарды.

Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 жылы «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. А. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — «Әдебиет танытқыш» (1926).

А. Байтұрсынұлының әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Оның 1912 жылы қазақша жазылған «Оқу құралы» – тұңғыш әліппелердің бірі. Аталмыш «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау жайында да өз ойын ортаға ашық салып жүрді.

Ал 1916 жылдан бастап жарық көрген «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы ретінде бағалы. Бұл құрал заманауи білім беру саласында да қолданыскание айтулы еңбек болып есептеледі.

Ахмет Байтұрсынұлы туралы:

«...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті» - деп Сәкен Сейфуллин баға берген екен.

Ал аудармашы және түркітанушы Ахмет Байтұрсынұлы туралы ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов те өз кезінде төмендегідей зор баға бергені, бүгінгі айтылар ойымыздың қорытындысы десек болғандай. Мәселен:

«Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын, бірақ зорлықпен, күшпен дегенін болдырып үйренген большевиктер бұл ақиқатты теріске шығарып, оның есімін де, еңбегін де тарихтан өшіруге тырысып бақты. Оны бар ғұмырын адал қызмет етуге арнаған туған халқына жау етіп көрсетіп, «халық жауы» деген жалалы жамылғыны жауып, атқызды, атын атағандарды қуғынға салды. Бәрібір олар мақсатына жете алмады. Жала – бұлт, шындық – күн екен, заманы қайта туып, шындықтың шұғыласы өз нұрын төкті. Ұлтын сүйген ұлтжанды Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы өз халқымен қайта табысты».

Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы зиялы тұлға Ахмет Байтұрсынұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жалғастырған және келер ұрпаққа жеткізіп берген қазақ ғалымы ретінде, алаш ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткерінің есімі ғасырларға жететініне күмәніміз жоқ.

Қазақ халқының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы жайында баспасөз бетінде, арнайы еңбектерде жазылылып, оқырманға жеткізіп беру бүгінгі ұрпақтың парызы болмақ.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы шығармашылығының құндылығы, ақын атқарған қызметтің маңызы жойылмақ емес.

«Абай жолы» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ БЕЙНЕСІ

Майгүл Серікбекқызы,
Павлодар қаласының Ефремовка орта жалпы білім беру мектебінің мұғалімі

Абай – ұлы ақын, философ, ағартушы-демократ, қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы, композитер, халық жақтаушысы, Абай халқы үшін ауыр уақытта өмір сүрді. Қазақтың озық қоғамдық ойының және шексіз далада күнге, сәулеге... қайраттандыратын көркем сөзінің өсуіне қорғасын болып төгілді. Мұның жемісі ретінде халыққа қазақтың реалистік әдебиетінің негізін салушы – Абай бұйырды.

Абай! Ол – ұлы есімімен жүректің дәл түбінен орын алған, қияға шарқ ұрып самғаған, ел болашағына жаңа бағыт іздеген, әзір таппаған, бірақ қайдан табатынын дәл сезіп болған ел баласы, заман жасы, дүйім жұрттың алысты болжай алған., ілгері сүйреген ойы, қиюы қашып, ыдырай бастаған ескі қоғамдағы әділетсіздікке қарсы күресіп, азат та озат ойларда берік тұтынған кесек тұлғалы көрнекті қоғам қайраткер. Ол күнделікті тіршілігімізде, рухани әлемімізді, қараған басымызды алып жүруден бастап, биік адамгершілікке дейінгі аралықта түгел қамтитын жан-жақты құбылыс. [4.135 бет].

Абай – бай әрі дүниеқор феодал Құнанбайдың ұлы. Ол туған ауылына оралғанда, әкесі оны өзінің ісіне баулымаққа ұмтылды. Құнанбайдың елшісі ретінде Абай ауыл-ауылды аралап, әкесінің жарлығын орындады. Осы көріністе Абайдың әкесі сияқты аты шыққан бай боларлық келешегі байқалады, бірақ Құнанбай күткендей және талап еткендей болмады. Өйткені Абайды билік те, байлық та қызықтырмайды. Ол жеке басының амандығы мен игілігін әділдік пен шындыққа құрбан етеді. Абайдың осындай әділдік пен шындықтың құрбаны болуына оқуға деген махаббаты түрткі болғаны сөзсіз. Автор оның шығыс әдебиетін сүйіп оқығанын жазады. Абайдың көзқарасының қалыптасуына оның әжесі Зере мен шешесі Ұлжанның ықпалы да зор еді. Олар бала Абайды жақсы көріп, жағымды жаққа тәрбиелеп, оның беделді азамат болуын қалады. Абай өзінің халқына зор сүйіспеншілікпен қарады. Ол заңсыздық пен қылмыс арқылы бейбітшілікке қол жеткізуді қаламады, оған көптеген қатал патриархалдық заңдар ұнамады.

Әкесімен қақтығыс баяу әрі ауыр болды. Абай өсе келе оның әкесімен қатынасы тіптен нашарлап кетті. Әкесінің пікіріне аса қарсылық білдірген бірінші жағдай – ол кедей әрі еш кінәсі жоқ Қодардың өлім жазасы. Осы жағдайдан

Ә.Қастеев, Абай, 1945.

Р. Есіркеев, Абай, 1968.

кейінгі қу Құнанбайдың жағына Абай шықпады. Абай есейген сайын әкесіне және оның жақтастарына, кейінірек ізбасарлары: Тәкежанға, Оразбайға, Майбасарға және т.б. деген қарсылығы күшейе түсті.

Бұл – эпопеяның жаны мен жүрегі. Абай бейнесін Әуезов өзінің кемел көкірегінде қолына қалам ұстаған күннен бастап аялап, ойында тербетіп, ғұмыр бойы қиялында өрбітіп келген. Әуезовтің өзі Абайға, Абай өзіне айналып кеткенше бұл бейнені қағаз бетіне түсірмеген, іштей пісіре берген.

Әуезовтің өлеңнен өзге артында жартылы жазба дерек қалмаған Абай өмірінен романға материал жинау әрекетінің өзі керемет қызық, нұсқалы: «Алда қашан бел асып кеткен керуеннің айдаладағы жұртына кешігіп жеткен жүргінші – деп жазады ол - сөніп қалған от орнынан болмашы жылтыраған бір қызғылт шоқ тауып ап, оны демімен үрлеп тұтатпақ болды десек, романға материал жинаған менің хәлімде дәл сол әрекет сияқты еді. Мен қарт адамдардың көмескі жадында ұмыт болып қалған көп нәрселерді қайта ойлатып, айтқызып алдым. Алпыстағы Айгерімнің әжімді бетіне қарап, оның бір кезде Абайды тұтқындаған жас шырайлы, ғажап сұлу жүзін «қалпына келтіруім» де әлгідей еді». Міне, осы әрекетінің өн бойында жазушы өзінің бас кейіпкерінің бейнесін ойша қорытып, санада жасап жүрді. [3.95 бет].

Осылайша өзінің қаны мен жанына айналғандықтан да оның бас кітабында бас кейіпкердің тастан қашалғандай көп қырлы, мол бедерлі бейнесі құдды тірі адамдай жанды толыққанды тұлғасы тұтасып шыққан.

Алғашқы кітапта адам, азамат ретінде қалыптасқан Абай кейінгі кітаптарда ақын, қайраткер ретінде қилы-қилы, қимыл-әрекеттерге көшеді. Осы желінің ұзына бойында оның тарам-тарам өсу, даму жолдары, белес-белес өрістеу, шарықтау биіктері жатыр. Бір кереметі – осылардың бәрі тек қана сыртқы сартсұрт, ылғи қолма-қол «қимыл-күшпен емес, шығармашылық іспен» [3.102 бет],яғни ішкі көңіл-күйіндегі нәзік астар мен толқындар арқылы, солардың сан түрлі иін-иірімдері арқылы қат-қабат астарлы көрініс табады. Қаһарман іштей түлеп өседі. Демек, рухани мағынасында Абай, бір жағынан, сыр мен сезімнен, ой мен санадан құйылып жасалған терең психологиялық бейне. Бас кейіпкердің парасат пен пәлсафаға толы болмыс-бітіміндегі қайталанбас қадір қасиет те осында жатыр.

Абай – кең құлашты, мол тынысты эпикалық бейне.

Бұл бейнені эпопеяның басынан аяғына дейін өрмек тоқығандай, бірде-бір тінін үзбестен тартып, асықпай өріп шығарады. Көл-көсір нақты да затты деталь, ұшан-теңіз психологиялық талдау, сана-сала іс-әрекет, қимыл-әрекет – осылардың бәрі Абай бейнесін сомдауға қызмет етеді. Осылардың бәрінде де автор өз қаһарманының «жан диалектикасын» бойлап, ілгерілейді де отырады. Абай тұлғасы оқырманның көз алдында көктей өсіп, автордың өзі айтқандай, құз-жартасты жарып шығып жапырақ жайған шынарға – символды-образға айналады.

Эпопеяның басында Абай өзін қоршаған дүниеге кіршіксіз сәби сезіммен, кінәсіз көзімен қарайды. Семей қаласының Шыңғыс баурайындағы аулына қайтып келе жатып, өзі туған өлкені жанжүректен «жабыса, сағына сүйеді». Бұл кең жазирада мейірбандық пен туысқандықтан басқа, елдік пен ерліктен өзге оғаш мінез бар деп білмейді, қанішер қаталдық, жауыз жендеттік болады деген ой үш ұйықтаса да түсіне кірмейді. «Есенбай жырасында ұры жатады» дегенге сенбейді де, мән бермейді, қайта қасындағы Байтас пен жорға Жұмабайды өзі «ұры» боп қорқытады.

Жас Абайдың туған дала туралы осынау уыз ұғымы өз әкесі Құнанбай өктемдігіне құрбан болған Қодар өлімін көргенде төңкеріліп түседі.

Өзгеріс осыдан басталады. Енді ол Құнанбай мен Құнанбайды қолдаушылар ісіне күдікпен, іштей қарсылықпен қарай бастайды. Бұған қосымша өз басындағы хал де осы ортадан түбінде түңілуге әкеледі. Әлгібір Қарашоқыдағы қанды оқиғадан ауруға шалдығып, төсек тартты, Бөжей үйінде тірі жетім ғып әкесі «ит жемеген тастатқан» кішкене мүскін Камшат тағдыры Абайдың жанын жегідей жейді; аяулы ғашығы Тоғжанға қосыла алмай, тағы да әке шешімімен өзі сүймеген Ділдаға үйленуі... Осылардың барлығы Абайдың о бастағы мөлдір көңіліне қаяу түсіріп, лайлай береді.

Құнанбай болса, Абайдан өзіне ізбасар дайындамақ. Сол оймен ол баласын әр іске бір салып, өз қарамағындағы рубасыларға жұмсап, сынап та көрді. Тумысынан зерек, қабілетті, өнерлі жігіт оттай жанып, шоқтай маздап, әке сынынан сүрінбей өтеді. Барған ауылдарында Абай туралы ұнамды ұғым, жақсы атақ, кейде тіпті бірқыдыру аңыз қалып отырады. «Жігітті жұрт мақтаған, қыз жақтаған» дегендей, Тоғжанның махаббаты да тұңғыш рет Абай Сүйіндік үйіне барғанда – жас қонақ пен әкесінің әңгіме-мәслихатының үстінде тұтанғандай... Абайдың ел ішіндегі есті жас Ерболмен достығы да осындай, азаматтың ат үстінде жүрген шақтарында тапқан рухани олжасы.

Абайдың өз басы, ой-санасы, ұғымнанымы, жалпы ішкі жан дүниесі де, әрине, бір орында тұрып қалған жоқ. Үздіксіз өзгеру, өрбу, жаңғыру, жаңару үстінде болатын. Романда бұл үрдістің ішкі дәйектері, детальдар, психологиялық талдау дегендер аттаған сайын кездесіп отырады.

Ру аралық жанжалдар, талас-тартыстар, олардың өршіп, асқынып барып ұласқан жері – Тоқпамбеттегі, Мұсақұлдағы қарулы қақтығыстар. Абайдың өзі өмір сүріп, өсіп келе жатқан ортаға әлеуметтік көзқарасын қалыптастырады. Бара-бара жас азамат өз жөнін іздеп, бағытын бағдарлайды.

Осы жайлардың қай-қайсысында болмасын осынау өмір қоршауына автор Абай көзімен қараса, Абай өз бойындағы асыл қасиет – өнер көзімен қарайды, дәлірек айтқанда, Абай ақиқатты ақын көзімен таниды.

Құнанбайдың қанды жол қатыгездігі, одан туындайтын жолсыз жаза мен жауыздық, зорлық-зомбылық, ұлып табысқан бөрілер секілді ұйымсыз ұйлыққан қырық рудың қырық көкжалы – жұмылған қырық жұдырық, тағылықпен лақтырылған қырық таскесек. Осы көріністердің жан түңілтер жыртқыштық мәні, жұтқа ұшыраған жарлы-жақыбайлар, қира кезік, құл-құтандар, басында билігі жоқ әйелдер қауымы, еріксіз ұзатылған қыздар, қалың малға түскен келіндер, түрліше өлу-тірілулер, өшу-жануарлар, осылар қалыптастырған салт-сана, әдет-ғұрыптар... осылардың бәрін Абай сырттай бақыламайды, бар ақындық болмысымен іштей толқына сезінеді, тебірене түйсінеді және келеңсіз жайттарға бейтарап қарай алмайды, қалыс қалмайды, әр құбылысқа өзінің

қарым-қатысын белгілейді, не құптайды, не қарсы болады, сол ретпен белсенді қимылға көшеді...

Абай Қарқаралыға аттанарда анасының: «Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін... «Күндестін күні күндес» дегендей, сен білмей-ақ қой. Әкең дұшпан десе, сен әділ бол!» деген өсиетін жадында мықтап сақтайды. Әкесіне жау адамдарға деген оның игі құрметін Бөжей асының ойдағыдай өтуіне сіңірген ерең еңбегінен аңғаруға болады. Өмір бойы Абайдың ең алғашқы рет ұйқысыз түндер өткізіп, қабағы қатып, қажыған жолы осы еді. «Жақсы ағаның зор дәмесін әмсе өстіп ақтағайсың! «Өрісің алда! Бетін дұрыс! Дәл осы бетінен жарылғасын» [2.98 бет] – деп қарт Бөжей мен ақсақалдар алақан жайып, ақ батамен тілеулестіктерін білдірді.

Адамдардың ара-қатынасы ғана емес, тіпті табиғат құбылыстардың өзін Абай статикалық халде емес, динамикалық күйде, анық ақындық түйсікпен тура тірілтіп түсінеді. Айталық, қырдағы кеш, қоңыр іңір «бұның бір жұғымсыз әміршісі, сүйсіндіре мүлгіткен зор мұңдасы тәрізді». Кеше ғана өзара жауласқан рулар бір-біріне сойыл сермеп, шоқпар сілтеп, бір-бірін соққыға жыққан тау бөктерінен «соққан салқын ызғар қатал мінездердің ызғырығы тәрізді. Енді бірде «Абай біртүрлі сілейіп, іштей серпіліп алып, тау жотасынан биіктеп, аспанға қарады. Толық ай ашық көкті қалқып, сызып келіп бір топ шоғыр қара бұлтқа кірді. Кірді де қызық күйге түсті. Абай соған қарап өзге жайдың бәрін ұмытып, аңырып телміре қарады».

Абайдың ақындық бітімі, ішкі жан дүниесі осылайша нәзік және терең ашылды. Дәл осы тәсілмен эпопея авторы бас кейіпкердің іштей түлеуін, өзгеруі мен өсуін көрсетеді. Кітап басында қаладан келе жатқан Абайға жерұйық боп көрінген көктем көркіндегі кербез дала кітаптың аяғында ақ қар астында ақ кебінге оранған өлік секілденеді. Бұл – әншейін көзге көрінген сурет қана емес, көңілге ұялаған шындық. Бұл шындыққа енді Абайдың көзқарасы да басқаша... Әке мен баланың арасындағы жол айырығы осы тұста біржолата белгіленеді. Бұл бұрылысқа әкелген романның өң бойындағы психологиялық дәлелдің күші сондай, оқырман Абайдың әр қылығы мен қимылын дәл өз қимылы мен қылығындай қабылдап, терең түйсінеді. Сондықтан ол әке мен баланың араздасу себебіне сенеді. Бірінші кітаптың аяғында әке мен бала бір-біріне бетпе-бет келіп, ой, пікір, ұғым сайысына түскенде оқырман Абай жағында болады. Абай, сөйтіп, өз өмірінің биік қиясына қарай адымдап, өрлеп келе жатады. «Қияға қадам басқаны рас. Бір күндерде жалаң құздың басындағы тақыр құм мен тастақты жарып, әлсіз нәзік шешек атып, жас шынар пайда болған. Сондай бір өмір гүл шашқан. Енді бұл күнде сол шыңға шыққан жалғыз шынар балғын тартып, жас қуатқа толыпты. Қазір оған қыс пен аяз да, тіпті тау дауылы да қатер болудан қалған еді».

Бірінші кітапта Абай осылайша азамат ретінде қалыптасса, екінші кітапта былай қарай енді өнер адамы, ақын Абай, шын мәніндегі азамат-ақын көрінеді. Бұл тұста авторға «шығармашылығы арқылы Абайдың өзі көмекке келеді» [3.105 бет]. Ендігі өмір Абай ақындығының қайнар-бұлағына айналады. Ендігі жердегі көп-көп деталь Абай өнерінің психологиясын, көптеген өлеңдердің туу құпиясын ашуға қызмет етеді.

Асылы, Абай ақындығының арғы тамыры өзінің туған топырағындағы төл әдебиетте, халық өнерінде, өзін сәби кезінен қиял ғажайып ертегілерімен әлдилеген Зере-әжеде, мұңшыл жырау Барласта, сыншыл жыршы Шөжеде... жатса, бергі бұтағы мен жасыл жапырағы орыс әдебиетінде – Михайлов секілді орыс достары арқылы қолы жеткен Пушкинде, Лермонтовта... жатыр. [1.221 бет]. Романда осы терең және жан-жақты толғамын табады. Таланты мен танымы, ұғымы мен білімі, жалпы ой-санасы, ақыл-парасаты осындай қос арнадан қоректенген азамат-ақынның рухани дамуы, қайраткер ретінде өсуі одан әрі жалғасады. Мәселен, алғашқы кітаптарда Абай өз заманындағы келеңсіздікті, өз ортасындағы әділетсіздікті, феодализмнің тоңмойындығын сынаушы болса, кейінгі кітаптарда ол шеңберден шығып, енді күллі кертартпа Шығыстың келеңсіздігін сынап, әшкерелеуші дәрежесіне көтеріледі.[5.305 бет].

Орыс классиктерінің шыншыл дәстүрінен сусындаған Абайдың ендігі күрес жолының бір ұшы Ресейдегі азаттық қозғалысымен жалғаса жаздағандай. Бірақ реалист-жазушы тарихи шындық шеңберінен шықпайды. Абай алдынан тағдырдың тартары – революционердің үлесі емес, ағартушы ақынның сыбағасы екенін ұмытпайды. Дей тұрғанмен, қазақ қоғамындағы әлеуметтік теңсіздіктер мен күрес тақырыбы соңғы кітаптың күллі идеялық мазмұнын кеулеп, сюжеттік арқауына айналып кеткен. Жаңа мен ескінің тартысы енді осы арнада жүреді. Бұл тайталастар бұрын ауыл аясында болса, енді қала тіршілігін де қамтиды. Қараңғы қазақ даласында рауандаған таң жарығындай Абай ағартушылығынан тараған осынау күрес сәулесі бұрын Дәркембайлар мен Базаралылар үстіне түссе, енді қаладағы Әбендер мен Әбділер, Сейіттер мен Сейілдер маңын нұрландырады. «Абайдың» екінші кітабы мына сөздермен аяқталған еді: «Алда – өмір тартыс. Сол тартыста бұл жалғыз... бір қуаты, бір үміті бар... Қуаты – ақындық, үміті – халық». «Абай жолының» екі кітабында осынау негізгі идея көркемдік жағынан жан-жақты жинақталады.

Төртінші кітаптың аяғында Абай дүниеден кетеді, бірақ екінші кітаптың соңында образ-символға айналған «Абай кемесінің» желбіреген жалауы сол қалпында, сапары тоқтар емес: «Кең жайқын әлемде түзу жол сызып, маңып барады... Жалауында «Тартыс», «Үміт» деген ұран бар. Халық үмітін үстіне арқалаған сол кеме «Келешек» деген жағаға тартты». Көлді теңізге қотарғандай, авторлық идеяны объективті идеяға мұншалық шетсіз, шексіз айдынмен айналдыру - асқан шеберлік. Абай тұлғасы Әуезов талантының осы құдіретіне кепіл.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абай. Энциклопедия. Бас редактор Р.Нұрғалиев. А., Атамұра, -720.

2. Мырзахметұлы М. Мұхтартану және Абай ғұмырнамасы. / Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. А., Санат, 1997, -416.

3. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. А., Санат, 1997, -416.

4. Ахметов З. Абайтану белестері. // Абайдың ақындық әлемі. А., Ана тілі,1995,-272 ,

5. Абай және қазіргі заман. А., Ғылым, 1994, -336.

Гәйшәнлин және оның оңғұттар туралы кітабы

Қалбан Ынтыханұлы,
«Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының
бас ғылыми қызметкері

Қытай туралы көп деген деректердің ішінде Орта Азиялықтарға ең алдымен ес қататыны оның ғасырлар бойы жинақтаған тарихнамалары мен ерте заманғы тарихшыларының жазып қалдырған естеліктері болса керек. Дегенмен қытайдың осы дәуірдегі күллі әлемге танымал оның ішінде Америка және Батыс Еуропаға тіпті де таныс тарихшыларын біздің біле алмай жүруіміздің түрлі себептері бар, бұл арада ол туралы айтып отыруды артық сөз деп есептеймін. Қытайдың осы заманғы тарихшыларын таныстыру және олармен тығыз қарым-қатынастар орнату Қазақстан тарихын зерттеу үшін де маңызды әрі керекті шарттардың бірі. Осыған орай ежелгі көшпенділер тарихын, түрік қағанаттар тарихын, жүйеден қазақ тарихын зерттеген Субихай, Гыңшымин, Гәйшәнлин, Яаңфуше сияқты Қытайдың іші сыртында есімдері танымал тарихшыларын атай кету барлық қазақ тарихшылары мен ізденушілердің құлағына алтын сырға. Субихай жазған «қазақ мәдениетінің тарихы» тіптен бұрмаланбаған тарих, оның әр-бір қазақтың көкірегіне мақтаныш орнататыны сөзсіз. Ал Гайшәнлин өз алдына бөлек тарихшы, ол ежелгі көшпенділер мәдениетін зерттеу ісіне елеулі үлестер қосты. Қытайдың тарих ғылымы саласындағы кейбір бостықтарды толтырды. Тау-төбе еңбектер жазып Қытайдың іші сыртына атын танымал етті. Ендігі сөз кезегін Гайшәнлиның өмірі мен оның Иньшань оңғұттары атты кітабын таныстыруға қарай бұрайық.

Тарихшы, жартас суретін (петроглиф) танушы, археолог ғалым Гәйшәнлин 1936 жылы қыркүйек айында Хыбей провенциясы Таңшиян ауданында дихан семиясында дүниеге келген, ұлты Мәнжүр. Ол 1955 жылы Баудиң қаласындағы банк колледжін бітіріп, Гансу преверциясы Ланжоу қаласындағы бір банкте қызмет істейді, «үлкен қаладағы

банкте жұмыс жасасам да, іштей разы болмай жүрдім, бірақ көнуден басқа амал жоқ еді» (Гәйшәнлин шығармалары, Ішкі Моңғол Халық баспасы, 1990 жыл) деп еске алады сол күндерін бүгінгі қарт ғалым. Сөйтіп жүргенде, 1956 жылы мемлекет тарабынан жастарды жоғарғы оқу орындарына қабылдаудың емтихан түзімі өзгертіліп, қоғамдағы барлық жастар емтиханға қатыстырылады. Жас талант Гайшәнлин де мемлекеттік емтиханға қатысып үздік нәтижемен Батыс терістік униврститетніне археология мамандығы бойынша оқуға түседі. Университетті 1962 жылы таусып Ішкі Моңғолдың Хохот қалысындағы археология орталығында жұмыс істейді, бұл оның ту бастан аңсаған арманы болатын. Ал ғылым жолындағы талпынысын ол студент кезінен бастады. Бір жолғы лекциясында археология мұғалімі Еуропа петроглифтерін таныстыра келіп, қытай жерінен сол кезге дейін ешбір петроглифтердің табылмағанын айтады, лекция тыңдап отырған Гәйшәнлин сол сәттен бастап ойлана бастайды, територияcы соншама үлкен мемлекетте неге петроглиф болмайды? Бұл сұрақ оны күн сайын мазалап тұратын болды, тіпті ол барған сайын үдеп студент Гәйшәнлинді мазасыз күйге түсіреді. Қытай тарихшылары үшін ежелгі заман кітаптарының қашанда ес қататыны рас. Бір күні көне жазбаларды бір-бірлеп аударыстырып отырған Гәйшәнлин кенет «бар екен!» деп айғайлап орнынан тұрып кетеді. Сөйтсе, ежелгі Солтүстік Вей елінің атақты жағарапия ғалымы Лидауюанның «Жер-су мәліметтері» атты шығармасында петроглифтер туралы мәліметтер жазылған екен. Онда, Иншан тауының төңірегіндегі кей жерлерде тас бетіне ойылған суреттер бар екендігі айтылыпты, көктен іздегені жерден табылған Гәйшәнлин енді оны табуға тас түйін дайындалады. Ол жұмысын Ішкі Моңғолға келген соң ресімі археологиядағы ізденісімен бастайды және оны күні бүгінге дейін бір сәт тоқтатқан емес.

Қытайдағы петроглифті алғаш тапқан ғалым Гәйшәнлин болды. 1976 жылы көктем маусымында талай ғасырдың куәсы Иншан тауын сағалап археологиялық зерттеу жұыстарын жүргізіп жүрген жерінде тас бетіндегі суретті алғаш көзі шалды. Дәл сол күннен бастап 1981 жылға дейінгі 11 жылдың ішінде трактормен, атпен, өгіз арбамен, тіпті жаяу да жүріп иньшанның сай-саласын, қуыс-қуысын жалықпай аралап, қажымай ізденуінің арқасында 15 мыңнан астам петроглифтерді тауыпты. Ол ғылымдағы қомақты табыстарын Қытайдың іші сыртындағы газет журналдарда жариялап «қытай петроглифтерінің атасы» атанды, сондай-ақ әлемдегі ғалымдардың назарын бірден Иншанға аударды, сол кездерден бастап Иншан петроглифтерін зерттеу үшін әлемнің түпкір-түпкірінен келетін ғалымдардың аяғы еш қашан толастамады, тіпті жыл сайын өтетін Иншан петроглифтерін тану халықаралық конференциясы да осы Гәйшәнлиннің еңбектерін танудың бір жолы десек те артық айтқандық болмайды. Америкада шығатын «Дүние газеті» 1994 жылы қараша айының 20-нан 24-не дейінгі сандарында Иншань петроглифтері және Гәйшәнлин деген тақырыппен сериялы мақалалар жариялағанды.

Гәйшәнлин 40 жылдан астамғы таза ғылыммен өткен өмірінде 30 монография, 200-ден астам мақала жазды. Шығармалары Жапон, Ағылшын, Корей, Француз, Италия, сияқты тілдерге аударылып әлемге танылды. Монографияларының ішінде «Жібек жолы бойындағы көшпенділер мәдениеті», «Моңғол мәдени мұралары және археологиялық зерттеулер», «Иньшан оңғұттары» сынды еңбектері көшпенді тайпаларды зерттеуге арналды.

Автордың Иньшань оңғұттары туралы кітабы “Қытайдың солтүстігіндегі ежелгі ұлттар” сериасы бойынша шығарылған кітаптардың бірі. Автор кітабында субъектив көзқарастардан өзін аулақ ұстап, археологиалық зерттеу фактлері мен құнды тарихи дерек көздерін арқау ете отырып, жеңіл тілімен тек қана ғылыми тұжырымдар жасаған. Кітап XII, XIII ғасырларда Иншан тауының түстігі мен теріскейін мекендеп, бектік құрған оңғұт тайпасының құрып жоғалуына дейінгі барлық кешірмелерінен нанымды деректер береді.

Ежелгі оңғұттардың бүгінгі ұрпақтары Қазақтың орта жүзіндегі Уақ тайпасы дейтін жорамалдың қаншалықты негізі бар екендігін осы кітаптан қарастыруға болатындай. Кітаптың бір құндылығы, ежелгі етностардың тарихтан өшіп қалу себептерін іздестіретін ғалымдарға, тарихшыларға нанымды фактілерді көрсетіп беретіні сөзсіз. Автор бұл кітапты жазу барысында ешқандай ұлттың, саясаттың мүддесін қарастырмаған, тек қана ғылым тұрғысында ғана болған және ақындық, жазушылық шабыттармен шарықтап кететін қиалдарға да ерік бермеген.

Кітапта ежелгі оңғұттар мекенінен табылған мәдени мұралар көптеп таныстырылады. Оңғұттар мекенінен табылған сол құнды мәдени мұралар тек қана оңғыт тайпасының дерегін бөгенайлап қалмастан, сол дәуірде олармен қатар өмір сүрген наймандар тарихынан да азды көпті деректер көрсетіп береді. Мұның өзі тарихшылар мен ғалымдарға және осы салаға қызығатын оқымыстыларға қандайда бір жаңа деректерді қамдап беріп қарт тарихтың жұмбақ қатпарларының сырын ашуға көмекте-сетіні, дәйекті түйіндердің шешіміне жіп ұшықтарын сабақтап беретіндігі сөзсіз.

Кітапта біз біле бермейтін бірақ біздің тарихымызға қатысы бар адамдар да кездесіп қалады, айталық Алақұс, Айбұқа, Көлқұс сияқты қытай тарихнамаларында өмір баяндары жазылған оңғұт бектері, Ақын Мазучаң бір аты Баян, әрі ақын әрі тарихшы Жаушыяндар да сол ежелгі оңғұт тайпасынан шыққан әйгілі адамдар. Осылай таныстыра берсек таусылар емес, ең жақсысы сол кітаптың өзін тауып оқығаннан артығы жоқ. Ендеше, аталмыш кітапты “Отырар кітапханасы” жанындағы ғылыми орталық қазақ тіліне аударып оқырмандар назарына ұсынып отыр.

КІТАП ТУРАЛЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Кітап - ғалым, тілсіз мұғалім.

Кітап көзі жұмыққа арзан,
көзі ашыққа маржан.

Кітап – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.

Кітап - қаймақ, білім - оймақ.

Кітап - оқығандікі, білім тоқығандікі.

Кітап алтын сандық:
іші толған қазына, құт,
оқы, оқы, ойыңа тұт.

Күш – білімде, білім – кітапта.

ВИРТУАЛЬНЫЕ СЛУЖБЫ ВУЗОВСКИХ БИБЛИОТЕК КАЗАХСТАНА СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Елизавета Камилова,
Эксперт-менеджер Информационно Библиографической Службы Библиотеки Назарбаев Университета

Главной целью Государственной программы «Информационный Казахстан – 2020» является создание условий в образовательной сфере для перехода к информационному обществу. А именно внедрение ИКТ в образовательный процесс высших учебных заведений и создание информационной среды для социально-экономического и культурного развития общества.

Государством поставлена задача по расширению доступа граждан к объектам и материалам учреждений культуры.

Для этого были предложены следующие пути достижения:

- выработка предложений по созданию национальных электронных библиотек, а также свободного электронного каталога библиотек;
- выработка предложений по созданию единого интернет-портала, обеспечивающего доступ к различным информационным ресурсам в сфере культуры и искусства, возможность предоставления электронных услуг;

Наличие виртуальных услуг в вузовских библиотек Республики Казахстан показывает их нацеленность к исполнению данной программы. Основными виртуальными службами удаленного информирования пользователей библиотеки и их обслуживания являются: «Виртуальная справка», «Электронный каталог (Open Public Access Catalog (OPAC))», «Электронная доставка документов (ЭДД)», "тематические путеводители" и присутствие библиотек в социальных сетях.

Для выявления эффективности и продуктивности виртуальных служб вузовских библиотек Республики Казахстан (РК) в январе 2017 года в Библиотеке НУ было проведено исследование, целью которого было изучение наличия у библиотек 131 вуза РК таких форм виртуального обслуживания как:

- веб сайты библиотек;
- веб страницы библиотек на сайте университета;
- электронный каталог (OPAC);
- виртуальная справка;
- ЭДД;
- Тематические путеводители;
- страница библиотеки в социальных сетях (Facebook, ВКонтакте, Instagram, Twitter)

*http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1300000464
**http://edu.gov.kz/kz/news/zhoo

По итогам данного анализа были получены следующие результаты:

Служба, услуга	Есть в наличии (в %)
Библиотечная страница на сайте университета	57 - (44%)
Веб сайт	30 - (23 %)
Эл. каталог	40 - (31 %)
Вирт. справка	23 - (18 %)
ЭДД	3 - (2 %)
Тематические путеводители	1 (0,1%)
Страница биб-ки в соц. сетях	22 - (17 %)

По итогам исследования выяснилось, что у 74 вузовских библиотек отсутствует даже веб страница. Веб страница это уникальный инструмент позволяющий пользователям (студентам и преподавателям университета) оперативно получать информацию о событиях, книжных новинках, устанавливать связь с библиотекарями, раскрывать фонды, ознакомиться с электронным каталогом и базами данных.

В ходе анализа были выявлены характерные разделы веб страниц вузовских библиотек РК. Основные разделы это:

- О библиотеке;
- Структура библиотеки;
- Фонд;
- Правила пользования;
- Адрес и режим работы;
- Электронная библиотека;
- Электронный каталог;
- Новости и общая информация;
- Новинки;
- Услуги удаленного доступа;
- Фотогалерея;

Учитывая что современным и удобным инструментом, дополняющим и расширяющим спектр услуг, оказываемых читателям, является веб страница библиотеки, ее отсутствие у 56% показывает что уделяется недостаточное количество внимания доступности вышеупомянутых видов услуг.

Еще более продвинутой формой присутствия библиотеки в виртуальном пространстве является веб-сайт библиотеки. Благодаря веб-сайту предоставляются более широкий спектр виртуальных услуг На сегодняшний день только у 30 вузовских библиотек имеются веб - сайты.

40% вузовских библиотек имеют функцию поиска через электронный

каталог. Электронный каталог это уникальный поисковый инструмент, обладающий такими преимуществами как:

- Удобная для пользователя навигация;
- Наличие поисковых фильтров;
- Возможность формирования заказа и вывода его на печать;
- Высокая скорость загрузки элементов; и т.д.

Пользуясь услугой поиска информаций через электронный каталог, пользователь имеет возможность проверить наличие нужной книги и даже зарезервировать её.

23 вузовских библиотек РК обеспечили виртуальной справочной службой своих пользователей, это всего лишь 18 % библиотек.

Виртуальная справочная служба (ВСС) – это справочное обслуживание, производимое с помощью электронных средств связи, часто в режиме реального времени, для общения с библиотекарями. Преимущества ВСС для пользователей:

- получение оперативной, профессиональной помощи в поиске информации;
- экономия времени работы в библиотеке, так как часть нужных сведений будет получена заранее;
- отпадает необходимость посещения библиотеки ввиду получения ответов на свои вопросы в режиме виртуальной справки.

Например в Библиотеке Назарбаев Университета предоставляется для пользователей виртуальная справочная услуга "Спроси Библиотекаря", где библиотекарь работает индивидуально с каждым читателем. Вместе ищет материалы по запросу данного читателя, библиотекарь работает с каждым читателем индивидуально и проявляется в таких основных точках процесса обслуживания, как запись, прием-передача запроса; выдача-получение справок, документов, консультация и т.д.

В период октябрь - ноябре 2016 года в Библиотеке НУ был проведен опрос пользователей, в котором участвовали 228 респондентов.По итогам опроса данную услугу положительно оценили 97 % опрашиваемых.

Несмотря на интенсивное развитие вузовских библиотек, библиотеки не могут охватывать все информационные нужды читателей. В такой ситуации существование такой службы как "Электронная Доставка Документов" намного упрощает и делает жизнедеятельность библиотеки полноценной. У 3 библиотек имеется услуга "Электронная Доставка Документов". Данная статистика еще раз доказывает тот факт, что не уделяется внимание на такие важные службы виртуального обслуживания в библиотеках. В Библиотеке НУ существует система межбиблиотечного обмена "Электронная Доставка Документов" с 2011 года. Данная услуга предоставляет доступ к материалам других библиотек партнеров. Для того чтобы воспользоваться данной услугой, необходимо заполнить форму на сайте библиотеки и в течении 3 рабочих дней получить ответ. По результатам вышеупомянутого опроса проведенный в период октябрь - ноябрь 2016 года данная услуга получила 96% положительных отзывов.

Одним из важных виртуальных помощников пользователей Библиотеки НУ является - "Тематический путеводитель (LibGuide)" . "LibGuide" - это система управления контентом используется библиотекарями для того чтобы делиться знаниями и обмениваться информацией путем создания онлайн - руководств на любую тему, по предметам, курсу и т.д. Особенность тематических путеводителей заключается в том что, можно разработать "N" количество путеводителей по всем интересующим вопросам пользователей. Данный путеводитель может содержать текст, видео, аудио, опросник, ссылки на сайты, данные о предметном библиотекаре и т.д. Имеет простой и понятный интерфейс с руководством по использованию.

Социальные сети являются не только средством для общения, но и мощным маркетинговым инструментом. Поэтому вполне логично, что библиотеки должны стараться использовать Сеть не как средство воздействия, а как средство взаимодействия. Среди вузовских библиотек РК только у 23 библиотек имеются странички в социальных сетях. Иметь возможность интерактивного общения с пользователями это большой плюс, тем самым информация до читателя доходит быстрее, пользователь в курсе о проводимых мероприятиях. Проведенное в Библиотеке НУ исследование показало что 97% пользователей библиотеки оценили положительно возможность общения с библиотекарем в социальных сетях. При помощи социальных сетей библиотека охватывает такие аспекты как: информирование целевых аудиторий, демонстрация открытости, сбор «обратной связи».

Главное, на чем должны сосредоточиться библиотеки в виртуальном пространстве, – это обеспечение потребителей информацией там и тогда, где и когда в этом есть необходимость.

В ходе данного исследования была получена общая картина обеспеченности ИКТ в вузовских библиотеках РК. Состояние предоставления виртуальных служб пользователям библиотеки весьма плачевная. Так как согласно статистике больше половины библиотек не имеют вышеупомянутых служб удаленного доступа, тем самым внедрение Государственной программы "Информационный Казахстан - 2020" не в приоритете.

Также нужно отметить, что на сайтах у 43 % университетов вовсе отсутствует информация о библиотеке, что свидетельствует о низкой степени развитий библиотек в виртуальной среде.

Также следует отметить, что существует и положительная сторона, при проведении исследования были выявлены страницы и сайты вузовских библиотек с понятным и дружественным интерфейсом, и с предоставлением базового набора виртуальных услуг. Например, веб страницы и сайты библиотек: Алматинского технологического университета, Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Казахского государственного женского педагогического университета, Назарбаев Университета, Павлодарского государственного педагогического института, Университета КИМЭП содержат полную информацию о библиотеке, о структуре и режиме работы библиотеки, осуществляется онлайн поиск по каталогу библиотек, и возможность получения справок при помощи виртуальных справочных служб. А также присутствие библиотек в социальных сетях дает возможность пользователю библиотеки узнавать о всех новинках и мероприятиях своевременно. Доступность, держать в курсе событий читателей – главная задача виртуальных служб и услуг. Целью написания данной статьи было описать состояние доступности вузовских библиотек РК в виртуальной среде. Таким образом, опираясь на проведенное исследование можно сделать вывод, что на сегодняшний день доступность виртуальных услуг вузовских библиотек не на должном уровне и для того чтобы ситуация улучшилась библиотеки должны направить свою деятельность на развитие и усовершенствование своего присутствия в виртуальной среде.

Virtual Service of University Libraries of KAZAKHSTAN STATE AND PROSPECTS

The main goal of the State Program «Informational Kazakhstan - 2020» is to create conditions in education for transition to the informational society. The introduction of ICT in the educational process of higher education institutions and the creation of information environment for socio-economic and cultural development of society.

State tasked to expand citizens' access to objects and materials of cultural institutions.

For this purpose it has been proposed following ways:

- Development of proposals for the creation of national digital libraries, as well as free electronic catalog of libraries;

- Developing proposals for the creation of a single Internet portal, providing access to various resources in the sphere of culture and art, the possibility of providing e-services;

Availability of virtual services in the university libraries of the Republic of Kazakhstan shows their focus to the execution of this program. The basic virtual service remote informing library users and their service are: «Virtual Reference», «OPAC (Open Public Access Catalog (OPAC))», «Electronic Document Delivery (EDD)», «subject guides» and the presence of libraries in social networks .

To test the effectiveness and efficiency of virtual services of university libraries of the Republic of Kazakhstan (RK) in January 2017 in the Library of NU study was research , the aim of which was to investigate the presence of 131 libraries in the university ** RK such forms of virtual services as:

- Web sites of libraries;
- Web page on the University Library website;
- An electronic catalog (OPAC);
- Virtual reference;
- EDD;
- Thematic guides;
- Page of the library on social networks (Facebook, VKontakte, Instagram, Twitter)

*http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1300000464

**http://edu.gov.kz/kz/news/zhoo

The following results were obtained from the results of this analysis:

Service	Available (in%)
Library page on the university's website	57 - (44%)
Website	30 - (23 %)
Digital catalogue	40 - (31 %)
virtual reference	23 - (18 %)
EDD	3 - (2 %)
Subject guides	1 (0,1%)
Page of library in social networks	22 - (17 %)

Statistical data on the presence or absence of virtual services

in the libraries of universities of the Republic of Kazakhstan.

According to the research revealed that 74 university libraries there is not even a web page. The web page is a unique tool which allows users (students and faculty) to receive information about events, new books, to communicate with librarians, disclose the funds available with the electronic catalog and databases.

The analysis identified specific sections of the web pages of university libraries in the Republic of Kazakhstan. The main sections are:

- About the library;
- The structure of the library;
- Fund;
- Terms of use;
- Location and mode of operation;
- Digital library;
- Digital catalogue;
- News and general information;
- New products;
- Remote Access Services;
- Photo Gallery;

Considering the fact that the modern and convenient tool to complement and expand the range of services provided to readers, is a web page of the library, its lack of 56% shows that the amount of attention paid to the lack of access to the mentioned services. The more advanced form of the library's presence in the virtual space is a web-site of the library. Thanks to the web site wide range of virtual services are provided. Today, only 30 university libraries have Web - sites. 40% of university libraries have a search function via an electronic catalog. Digital catalogue is the unique search tool, which has such advantages as:

• Convenient for User navigation;
• Availability search filters;
• The possibility of ordering and printing it;
• High speed download elements; etc.

Using the search service through an electronic catalog, the user has the possibility to check the availability of the necessary books and even reserve it. 23 university libraries of Kazakhstan have provided virtual reference service of its

users, it is only 18% of the libraries. Virtual Reference Service (VRS) - a reference service, produced with the help of electronic means of communication, often in real time, in order to communicate with librarians.

Benefits of VRS for users:

• Receive prompt, professional assistance in finding information;

• Time-saving work in the library as part of the necessary information will be obtained in advance;

• No need to visit the library due to get answers to their questions in a virtual reference mode.

For example, in the Library of the Nazarbayev University is available of virtual reference service «Ask the Librarian», where the librarian works individually with each reader. Looking for materials on request of the reader, librarian works with each reader individually and it is shown in such major service points of the process, as the entry-to-transmit the request; issuing, obtaining certificates, documents, consultation, etc.

In the period October - November 2016 survey of users was conducted in NU Library, which was attended by 228 respondents. According to a survey this service appreciated 97% of respondents.

Despite the rapid development of university libraries, the library cannot cover all the information needs of readers. In such a situation, the existence of such a service as «EDD» is much easier and makes the vital functions of a full-fledged library. 3 libraries have the service «Electronic Document Delivery». These statistics once again proves the fact that no attention is paid to these important services of the virtual service in libraries. The Library NU has had the system of interlibrary loan «Electronic Document Delivery» since 2011. This service provides access to the other libraries partners. To use this service, you must fill out a form on the library's website and within 3 working days to get an answer. As a result of the above-mentioned survey conducted in the period October - November 2016 the service received 96% positive feedback.

One of the most important virtual assistants of NU Library users is - Topical Guide (LibGuide). «LibGuide» – is a content management system used by librarians to share knowledge and exchange information by creating online - tutorials on any topic, in subjects, courses, etc. The peculiarity of thematic guidebooks is that you can develop a «N» number of guides to all the questions of users. This guide can contain text, video, audio, questionnaire, links to websites, information about the objective librarian etc. It has a simple and intuitive interface with guidance for use. Social networks are not just a means for communication, but also a powerful marketing tool. It is therefore logical that the libraries should try to use the Web not as a means of influence as well as a means of interaction. Among high school libraries of Kazakhstan only 23 libraries have pages on social networks. Have the possibility of interactive communication with users is a big advantage; the most information to the reader comes faster, the user informed about different events. A study in the NU Library showed that 97% of library users rated positively the opportunity to communicate with a librarian in social networks. With the help of social networking library covers aspects such as: informing the target audiences, demonstrating openness, collection of «feedback».

The main thing is to focus on what should be a library in the virtual space - is to provide consumers with information when, where and when it is necessary.

In this study, the overall picture of ICT security in the university library of the RK was received. Status of virtual library services to users is quite deplorable. Since, according to statistics, more than half of the libraries do not have the above-mentioned remote access services, thereby implementing the State Program «Information Kazakhstan - 2020» is not a priority.

It should also be noted that on the websites of 43% of the universities at all there is no information about the library, which indicates the low level of development of libraries in the virtual environment.

It should also be noted that there is a positive side, during the study identified the pages and sites of university libraries with intuitive and convenient interface, which is providing basic set of virtual services. For example, web pages, and library sites: Almaty Technological University, Eurasian National University. LN Gumilev, Kazakh State Women's Pedagogical University, Nazarbayev University, Pavlodar State Pedagogical Institute, KIMEP contain complete information about the library, the structure and operation of the library, made online library catalog search, and the ability to obtain certificates by using virtual reference services. As well as the presence of libraries in social networks allows the user to the library to learn about all the updates and events in a timely manner. Availability, to keep readers informed about the events - the main task of virtual services. The purpose of writing this article was to describe the state of access to university libraries in the Republic of Kazakhstan in a virtual environment. Thus, based on our study, we can conclude that today the availability of virtual services of university libraries are not up to standard and to have improved the situation of the library should direct its activities on the development and improvement of its presence in the virtual environment.

Елизавета Камилова

ӘКІМ ТАРАЗИ

АНДРЕЙ

(әңгімеден үзінді)

Қазақта жабайы деген сөз бар. Бірақ, неге екенін өзім де түсінбеймін, орыс тілінде айтылатын варвар деген сөз біздің жабайы деген сөзден гөрі анық, айқын әсерлі сияқты көрінеді.

Сонымен, мен өзімнің варвар екенімді дәлелдеп бердім.

Мәскеудегі Қазан вокзалының үлкен зәуханасында отырғанбыз. Бес-алты тыңдаушы едік. Тыңдаушы деген сөз орыс тілінде слушатель. Он бес республикадан жиналған отыз екі тыңдаушы Мәскеудің Воровская көшесінде екі жылдық курсқа келіп оқи бастағанымызға он бес күндей болған. Әлдекім, қазір есімде жоқ, мені ресторанға шақырды. Отыз екінің бәрі келмесе де он шақты жігіт жиналғанбыз. Дәл қазір сол ресторанға шақырғандардың кімдер екені жадымда қалмапты. Бірақ дәл оң жағымда отырған жігіт есімде. Осы он бес күннің ішінде маған іш тартып, мені жағалап өзі танысып, сөзге шақырып, үзіліс кезінде кофе ішіп жүрген жаңа танысым Андрей Вердиян мен Арик Агабабов деген жігіт еді. Бірақ бұл арада жігіт деген сөз Агабабовқа жараса қоймайтын. Менің жасым жиырма жетіде Андрей де солай бар, ал Арик Агабабов бізден әлде қайда үлкен еді. Шамамен, осы күнде ойлаймын, қырық бестерге келіп қалған болар-ау деп. Екеуінің ұлты армян болғанымен, біреуі – мәскеулік армян еді, екіншісі – Арменялық армян еді. Екеуінің басы көп қосыла бермейтін. Бірақ бір қызығы Арик Агабабов та, Андрей Вердиян да маған іш тартып, екеуі екі жағынан демеп жүргендей көрінетін. Сол күні біз Қазан вокзалының абажадай деп айтуға бола ма, апандай деп айтуға бола ма, биіктігі кемінде отыз метр, төбесінде түрлі періштелердің суреті салынған, аз дегенде бес жүз-алты жүз адам сиятын, кең, залында отырып енді-енді ғана дәм тата бастаған кезіміз еді. Ол кездегі дәм деген ұғым, әрине, қазіргіден бөлек. Қай уақытта болмасын дәм тату ол кезде бір шыны аяқ мөлдір арақтан басталатын. Бірінші тосты кім айтқаны есімде жоқ, бірақ бәріміз ақ көтеріп шыныны төңкеріп қойдық. Ол кезде мен ішудің мәнін де білмеймін, мағынасын да білмеймін, салтын да білмеймін. Бірақ басым дың етіп, көзім шырадай жанып, әсерлі қозғалыс, оқыс қимыл іздей бастағаным есімде. Бірінші тостыдан кейін бәрімізге «тіл бітіп», бұрынғыдан да жақын танысып, айқайласып – дуылдасып «іске» кірісіп кеттік.

Үшінші ме, әлде төртінші ме тостың кезінде көрші столда менен жиырма шақты қадам жерде әлде бір кісінің маған қадала қарап отырғанын сездім. Мен де сол жаққа бұрылып едім, майор формасындағы әскери адам екен. Орыс кісі. Шамамен қырықтардан асқан адам. Қасында отырған жас орыс қызына шамамен он сегіз-он тоғыз жас «бердім». Әлгі майор еңкейе түсіп қасындағы қызға бірдеңе айтып, қайта-қайта маған қарап қояды. Менің сезімім өте ұшқыр еді. Осы күнде де солай (Өзім туралы әңгіме болса мен оны сеземін, тіпті алыстан бірнеше шақырым жерден маған көрінбей тұрған бір қоғамның, бір ұйымның немесе бір топтың мен туралы әңгімесін қатты сеземін. Алланың берген бұл бір қасиеті деп ойлаймын).

Мен таңқалып отырдым. Ол мен туралы не айту керек және ол өзінің маған қарап отырғанын жасыра қоймады. Күле түсіп, әлгі қызға бірдеңе айтып, маған қарап, одан кейін қайтадан әлгі қызға қарап сөйлеп отырды. Төртінші, бесінші рюмкеден кейін бе екен, анау майордың әлгі ісі менің жүйкеме тие бастады. Бұл не? деп ойладым. Мені оның кекететіндей, мазақтайтындай қандай әкесінің құны бар еді деп ойлаған болармын шамасы. Бір кезде әлгі майор мен жас қыз биге шықты. Биге шығып қайтадан келіп отыра берген кезде әлгі әскери адам тағы да маған қарап қызға бірдеңе деді. Әрине мен қоза түстім. Қасымдағы достарымның әңгімесіне көп араласа қойған жоқпын. Мен, өзі қайбір біріккен топқа кірсем де, бірден ашыла қоймайтын әдетім. Осы күнге дейін сол әдетім сақталған.

Сонымен не керек әлгі майор менің жыныма әбден тиді. Ойладым: мен анау қызды биге шақырайын. Ананың кім екенін білейін және мүмкіндігім болса, ол қызды анадан айнытып тартып алып кетейін. Қыз кейде маған қарайды. Көкпеңбек көзі біртүрлі жылы ұшырап, жылы лебіз білдіргендей қарай берді. Тағы бір тостан кейін мен асықпай орнымнан тұрдым. Андрей:

– Қайда барасың, Әкім? – деді.

Мен айттым:

– Анау сұлу қыз маған ұнап отыр. Соны тартып алғым келеді анау майырдан, – дедім.

Майыр деген сөздің орысшасы майор болғанымен, французшасы майыр болып айтылатынын білетінмін. Әдейі Андрейге сес көрсеткендей майыр деп сөйледім. Менің орнымнан тұрып өзіне қарай жүре бастағанымды қыз сезді. Жаңа бір би басталған кез еді. Мен би білмейтін едім. Осы күнге дейін биге «онша емеспін». Вальс деген би маған жат. Мына ойнала бастаған вальс еді. Сонда да мен нық басып қыздың қасына келдім. Басымды идім:

– Сізді биге шақыруға бола ма? – дедім.

Қыз күлімсірей түсіп қасындағы майорға қарады.

– Рұқсат па? – деді.

Майор:

– Рұқсат, рұқсат, – деді.

Қыз орнынан тұрды. Сол сәтте мен ойымда болмаған бір әрекет жасадым. Орнынан тұра берген, маған жақындай берген қыздың ернінен жабысып тұрып бір сүйіп алдым да, кері бұрылып кеттім. Қыз қалай сезінгенін, не істегенін, орнына қалай отырғанын көрген жоқпын. Мен келіп орныма жайғасқан кезде байқағаным қыз әлі де майордың қасында абыржып тұрып қалған екен. Андрей маған күліп қарады, бірақ өңінде түсінбеушілік бар.

– Сен не істедің, Әкім? Ыңғайсыз болды ғой, - деді. – Неге билемедің?

Мен айттым:

– Вальс білмеуші едім.

Содан кейін біраз үнсіз отырып барып тағы да айттым:

– Басқа биді де жетістірмеймін, бірақ вальсты анық білмеймін, - дедім.

– Онда неге жаңағыдай қылық жасадың? – деді Андрей.

Қасында отырған Арик Агабабов Андрейдің сөзін ұнатпады ма:

– Нең бар сенің Әкімде? – деді. Қыз ұнады, бұл барды, сүйіп алды. Өзінің шаруасын бітіріп, орынына келіп отырды. Нең бар Әкімде?

Енді байқасам майор орнынан тұрып бізге қарай келе жатыр екен.Еңгезердей, биік, мығым денелі кісі екен. Арик құп-қу болып кетті.

– Құдай ұрды! – деді. – Анау бізді қазір аямайды! – деді.

Деді де ол да орнынан тұрды. Орнынан тұрып майорға қарсы жүре берді. Мен де орнымнан тұрдым. Әрине анау еңгезердей адамды мен жеңе алмаймын, бірақ мен неге қорқуым керек, неге мен отыруым керек орнымнан тұрмай деген болармын. Менің соңымнен еріп, Андрей де келді. Екі столдың ортасында төртеуміз тұрып қалдық. Қаһарланып, қабағын шытып келген майор бірден күліп жіберді.

– Сен мені түсінбедің, бала, – деді ол маған. – Сен кешір, мен сен туралы анау Наташаға айтып отырғаным рас еді. Ол Қазақстанды өмірінде көрмепті. Мен Қазақстанда өскен едім. Мен қазақ халқы туралы Наташаға әңгіме айтып отыр едім. Ал сен келдің...келдің де...мен сенен оны күткен жоқ едім. Әй-шәй жоқ менің қызымды, үйленейін деп жүрген қызымды сен бірден бас салғаның менің жынына тиіп тұр.

Арик өте сыпайы, зиялы дейтіннің өзі еді. Киінгенде де өте ұқыпты киінетін. Төбесіндегі жұқа шашының өзін әдемілеп, қайырып, жүйеге келтіріп қоятын. Сол әлгі еңгезердей майордың қолынан алып:

– Сіз бұны кешіріңіз, – деді мені көрсетіп.

Мен одан бетер жынданып қалдым. «Неге кешірім сұрауым керек? Не үшін? Қызды орнынан көтеріп, сүйіп, қайтадан кетіп қалған мен ғой! Оған Арик Агабабовтың қандай қатысы бар?» . Бірақ сол екі ортада Андрей келіп килікті. Андрей майордың құлағына әлдене сыбырлады. Еңкейтіп тұрып, сыбырлады, әлі есімде, сол жақ құлағына сыбыр-сыбыр ете қалды. Содан кейін әлгі майорымыз бірден жұмсарып, жібіп момақан кейіп тауып:

– Жарайды, болған іс болды бұдан кейін бұны ұмытайық, – деді де қайта бұрылып өзінің орнына барып отырды. Сол күннен бастап менің Әкім деген атым группада ұмытыла бастады. Ең алдымен Арик Агабабов маған «Шыңғысханның ұрпағы» деген ат қойды. «Потомок Чингисхана». Бұл атақты режиссер Пудовкиннің атақты фильмінің аты еді. «Потомок Чингисхана» деген. Монғолияда түсірілген. Москва киностудиясы түсірген фильм. Біріенен-бірі естіп, группадағы отыз екі тыңдаушының барлығы «Потомок Чингисхана» деп атап кетті.

Бірақ кейде Арик Агабабов менің арқамнан қағып қойып, жасы үлкендігін пайдаланып, сәл ғана күліп, қалжың екенін сездіріп:

– Ты варвар, Аким, - дейтін.

Бірақ варвар деген екінші ат маған жұқпады. Мүмкін басқалар сыртымнан айтып та жүрген шығар. Бірақ көзімше еш уақытта, ешқайсысы варвар деген емес.

***

Андрей қызық жігіт. Еді. Ол жарықтық бұл дүниеде бар ма, жоқ па білмеймін. Москвадан қол үзіп алыстап кеттік қой.

Андрей қызық жігіт. Онымен бірге жүру күлкі, көңіл көтеру, кейде езуіңді жиғызбайды.

Бәріміз білетінбіз. Егер көңіл көтеріп кафеде, не ресторанда отырсақ Андрей бір-екі жұтым шараптан кейін сол арадағы стакандарды жинап алып, немесе даяшыдан он шақты стакан сұрап алып, әлгі стакандарды бірінің үстіне бірін қиғаштап қойып он «этажға» дейін көтеретін еді. Бір ғажабы бірінің үстіне бірін тіке қоймайды, қиғаш қояды. Сол қиғаш қойған Андрейдің стакандары еш уақытта құлаған емес. Бәріміз жабылып әлгіні қызықтап отырамыз. Бірінші стакан, екінші стакан, үшінші стакан... Стаканнан құрылған «бәйтерек» биіктей беретін. Бір жамбасына қарай қисая беретін. Бірақ, не сиқыры бар екенін, құламайтын. Оңға жеткізгенде біз Андрейдің өнеріне қол соғатынбыз, бәріміз мәз болып. Андрей циркте тұрған әртістей басын иіп бізге тағзым ететін. Содан кейін біз қайтадан Андрейге тағы да ішкіземіз. Кішкенеден кейін Андрейдің «екінші өнері» ашылды, сол үйдегі шкафтың ішіне кіріп кетіп ән айтатын. Даусы жап-жақсы еді. Бірақ біз шкафтан оны шығарып алсақ әні тоқталып қалатын. Себебі ол ешкім көрмейтін жерде ғана ән айтуды ұнататын. Оған да бәріміз күлеміз.

Біз негізінен отыз екі «бала» деп айттым ғой, сол отыз екі бала жеке пәтер жалдап тұратын едік. Стипендиямыз өте қомақты. Ол кезде мемлекеттік қызметкерлердің айлығы сексен теңгеден-жүз жиырма теңгеге дейін еді. Ал біздің Советтер одағының Мәдениет министрлігінің «Киногерлер курсы» деп аталатын екі жылдық курстың тыңдаушыларының степендиясы жүз елу теңге. Жүз елу теңгенің он бес теңгесіне жеке бөлме жалдаймыз. Қалғаны шамамен отыз теңге тамаққа кетеді. Тіпті кейбір пысықтарымыз сол степендиядан киім де киетін едік.

Енді Андрейдің үшінші қызығы басталады. Оның үшінші қызығы басталатын кезде көптеген басқа балалар (балалар дегенім – курстың тыңдаушылары) ол арадан кетіп қалуға тырысатын. Себебі Андрей үшінші өнерін көрсету үшін

міндетті түрде далаға шығатын. Көбінесе оның қасында жалғыз мен қалам. Себебі оның сырын біліп алған балалар «қой құрысын, қой құрысын» деп жөнін тауып кететін. Андрейдің қызып алғандағы үшінші «өнері» міндетті түрде көшеде тұрған милиция қызметкеріне баратын. Баратын да өңіріндегі түймелердің бір-екеуін жұлқып үзіп алатын. Әрине, милиция ол қылықты кешіре ме, кешірмейді. Айқай шығады. Айқай шыққан кезде Андрей үндемей момақан болып тұрады. «Бұның не? Менің түймемді неге жұлдың? – дейді еңгезердей милиция қызметкері. Андрейде үн жоқ. Әбден ашуланған сақшы бізді милиция бөлімшесіне алып кетеді. Онда барған соң Андрей міндетті түрде милиция бөлімшесінің бастығын талап етеді. «Келсін менің алдыма» дейді. Кейде олар келеді. Келгенде Андрей бастықтың құлағына әлдене деп сыбырлайды. Сол арада бастықтың құты қашады. Жалынып-жалпайып, әкетай-көкетай деп кейде өзінің қызмет машинасына мінгізіп Андрейді үйіне жеткізіп салады. Ол үшінші қылықтың сырын мен он-он бес күннен кейін білдім. Себебі, Андрейдің әкесі Советтер одағы Қауіпсіздік Комитетінің «Француз тілді елдер» деп аталатын бөлімін басқарады екен. Әскери атағы – генерал-лейтенант екен. Андрейдің бізбен бірге оқыған кездегі фамилиясы Вердиян болса, әкесінің өз фамилиясы Аллавердов екен. Ұлты армян. Мен алғаш ештеңеге мән берген жоқпын. Себебі мен қызметті де, әскери адамдардың да беделін онша ұға бермейтінмін. Үйіне барған сайын әкесі мені өте жылы жағдайда қарсы алатын. Анасы да ас бөлме жақтан жүгіріп шығып «Кел, Әкім. Кел, Әкім» дейтін. Бірақ Андрейдің Карина деген әйелі өз бөлмесінен шыға қоймайтын. Андрейдің айтысына қарағанда Карина атақты әнші екен. Бірақ кейін, бес-алты рет барғаннан кейін Андрей сыбырлап маған айтты:

– Атақты әнші деп жүрген мен өзім ғой. Шынында бұл өзі қаланың кішкентай-кішкентай парктерінде эстрадаға шығып ән айтады. Сөздерін маған жазғызып.

«Сөз» деген сөзді Андрей «собачка» дейтін. Мен түсінбеймін, бетіне қараймын. Андрей айтады:

– «Собачка» деген болашақта ән шығарылатын өлеңнің жобасы. Мысалы үшін «пойду» деген сөз болса, оған «найду» деген сөз қосасың. Одан кейін... «Чтобы тебя найти до конца земли дойду! дейсің... Анау үш «собачка» болашақ әннің негізі болу керек. Түсіндің бе? – дейді. Ақындығым жоқ болса да сауатым бар ғой деп басымды изей саламын.

– Иә, түсіндім,– деймін. Бірақ ойлаймын, Андрейдің әйелі қалай әнші болады? Ақындыққа ешқандай қатысы жоқ Андрей әйеліне «собачка» жасап береді? Содан кейін сол «собачканы» өлеңге айналдырады. Ол өлеңге біреулер музыка жазып береді. Оны Карина айтады. Бұл қалай? Ол кезде де түсінген емеспін. Мұндай өнерді мен осы күнде де түсінбеймін.

Сонымен не керек, сөздің реті болған соң айтып отырмын ғой. Бірақ Андрейдің қызығына мен еш уақытта тоймайтын едім. Басқалар қашып кеткен кезде мен қасында қаламын. Себебі – Андрейді аяймын. Оған біреулер тиісуі мүмкін, ұрып кетуі мүмкін. Себебі оның түрінен – момын екені, аңқау екені, бала мінезі басым екені көрініп тұратын. Ал мен болсам «азиялық кейіппен» басқа жұрттың адамы ретінде көшеде кездескендерге кәдімгідей әсер ететінімді сеземін. Және де өзіме қойылған «Шыңғысханның ұрпағы» деген ат маған шынында да ұнайтын. Шынында да мен Шыңғысханның ұрпағы ретінде ірі тұлға болып көрінуге тырысатын едім. Мен үшін Андрейдің үйіне барудың өзі бір салтанат, рәсім, қызық жағдай. Ас бөлме жақтан жүгіріп шығатын анасын айттым. Ол кісі алдындағы жапқышын шешіп, менімен амандасып, қайтадан беліне жапқышын қайта байлап ас бөлме жаққа кіріп кетеді. Біз Андрейдің әкесі отырған кабинетіне кіреміз. Ол кісі міндетті түрде орнынан тұрып сәлем береді. Ғажап бір ақкөңіл адам еді. Кейде сөзінің арасына француз сөздерін қосып қоятын. Кейін ұқтым ол кісі сол қаһарлы мекемедегі француз тілінде сөйлейтін елдерімен байланыс жасайтын үлкен бөлімнің бастығы екен.

Андрейдің ата-анасының қонақ күтуі де қызық. Анасы әрқайсымыздың алдымызға бір-бір шыны кофе қояды. Сонан кейін бір- бір үзім кептірілген нан қояды. Болды. Одан кейін сұрасаң да бермейді. Мұндай қонақ күту салтын көрмеген Әкім дастарқанға қол жүгіртпей күтіп отырады. Андрейдің әкесі екі тістің арасына сәл ғана қысып кепкен нанның бір сынығын бөліп жейді. Мен де сөйтем. Себебі москвалықтардың кісі күту заңын түсіне бермеймін. Біз, қазекең, үйге дастарқан қойса, дастарқанға ас келсе опырып-жапырып жей береміз ғой. Ал мына генерал-лейтенант Аллавердовтың үйіндегі шартқа мен көп кешікпей көндігіп алдым. Бізбен танысқаннан бір үштөрт айдан кейін Аллавердов зейнет демалысына шығыпты. Күндердің күнінде тағы бір барғанымда ол кісі маған бетіме жымия қарап отырып:

– Әй, Әкім, сен маған ұнайсың, – деді. – Сен мына оқуды бітір, содан кейін мен саған Димаш Ахметұлы Қонаевқа хат жазып берем. Өз қолымнан. Сен алып барып бересің. Ол кісі сені содан кейін үлкен қызметке көтереді, – дегені бар. Және ол бір рет емес, бірнеше рет айтты. Мен «мақұл, мақұл» деп жүре бердім. Бірақ ішімнен ойлайтынмын «оның маған не керегі бар?» деп. Және мен қызметте мансап жасау деген ұғымды көпке дейін білген емеспін, түсінген емеспін. Біреулер айтқанда мен ішімнен кекетіп отыратынмын. «Ол маған не керек?» деп.

Кино үйінде де «өз» ресторанымыз бар. Сол рестораннан шығып Андрей екеуміз көше бойлап келе жатыр едік. Андрей ішпеген де сияқты еді, бірақ кенет көшеде сіресіп тұрған постовойдың қасына келді, келді де кителінің бір жез түймесін жұлып алды. Сол арада айқай шықты. Сол арада машине шақырып, екеумізді алып кетті. Құлпы жоқ, көзі жоқ тұмшаулы машинамен бізді «Украина» қонақ үйіне алып келгені. Сол арада Андрей екеумізді бір кабинетке кіргізді. Кабинетте әлдебір полковник отыр екен. Әлгі бізді әй-шәй жоқ айқайдың астына алды. Андрей «айта бер, айта түс!» - дегендей жұмбақ жымиып тұрды да өзінің дағдысы бойынша полковниктің құлағына сыбыр ете қалды, бірақ «анау» орнынан қарғып тұрды. Қарғып тұрды да жайшылықта шошып кететін басқа офицерлердей емес:

– Ну и что?! – деді.

Менің жүрегім зырқ ете қалды. Ойлаймын, Андрейдің де жүрегі зырқ ете қалған болар деп. Себебі бұған дейін бес-алты рет ешбір қатесіз әсер еткен «құпия сыбыр» бұл жолы іске аспай қалды. Сонымен Андрей екеумізді сол кабинетте отырғызып қойып, кім екенімізді, қайдан жүрген екенімізді хатқа түсірді. Әлгі полковник сыртқа шығып кеткен. Бір кезде қайтып оралды.

– Бала, - деді маған қарап, - бақытың бар екен, - деді.- мен мына бұзықтықты саған, мысалы, кешпес едім. Ал мына Андрей Леонидович, кажется солай ғой, иә, Леонидович, мен саған кештім. – Мен

ол кісіні, әрине, білмеймін. Бізге, әрине, ол кісілерді білу қайда. Дегенмен мен сені тентек, көшеде жүрген біреу ме деп қатты-қатты сөз айтып едім. Сен кешір, - деді. – Ал сен, сенің бақытың бар екен, жарайды бара қойыңдар, - деді. Біз кете қойған жоқпыз. Себебі екеуміз қайтадан сол Украина қонақ үйінің жоғарғы этажына көтеріліп, сол арадағы буфетке барып тағы да жүз грамнан ішіп алдық. Бірақ ақша төлеуге келгенде екеумізде де ақша болмай шықты. Содан кейін Андрей буфетші әйелге бірдеңе сыбырлады. Буфетші әйел де осы жолы «ну и что?» деді. Содан кейін Андрей өзінің жоғарғы курста оқитын қып-қызыл деген куәлігін көрсетті. Қып-қызыл әдемі еді. Менің де қалтамда сол болатын. Екеуміз буфетші әйелден тағы да жүз-жүз грамнан коньяк ішіп шығып кеттік. «Кешке міндетті түрде әкелеміз саспа» деп қойдық. Андрей әлгі буфетшінің аты-жөнін жазып алды. «Енді не істейміз?» деп ойлап келемін. Бір кезде Андрей айтты:

– Уәде бердік, орындау керек. Иттің балалары менің әкемнің зейнетке шыққанын біліп қойса керек...Соңғы кездері қиқаңдайтын болып жүр ғой! – деді.

Сонымен, екеуміз жаяу жүріп Москва өзенінің жағасына, ұмытпасам, Котелничий жағынан биік бір үйге кірдік. Лифтімен көтерілдік. Есікке кіре берген кезде Андрей айтты:

– Бұл менің папамның туған қарындасы. Кейбір қылықтарына кешіріммен қара, жарай ма? Бізге керегі – ақшасын алсақ болды емес пе? Зейнетақысы көп, мықты, - деді.

Есік ашқан әйел Андрейді көргенде:

– Е, сен ғой, білем, – деді. Сосын көзі маған түсті. Мені көргенде шошып кеткендей болды. Аң-таң, не айтарын білмей қалғандай.

Сол секундта менің байқағаным, жасы енді-енді елулерге толған, денесі қозының асығындай ғана ықшамды, бетжүзі әлі жап-жас көрінетін адам екен. Бірақ шаштары – аппақ екен. Көздері отты, жанып тұр. Мені біраз «барлап» алған соң Андрейге қайта бұрылып:

– Бұл? – деді.

Андрей ішке кіре беріп:

– Қазір айтам, қазір айтам, – деді.

Екеуміз де ішке кірдік. Содан кейін Андрей:

– Бұл – Әкім, – деді. – Қазақстаннан келген менің досым.

«Қазақстаннан келген» деген сөз әлгі әйелге бұрынғыдан да қатты әсер еткенін байқадым. Ол кісі тұнжырап біраз тұрып қалды. Әлдене ойлап кеткендей болды, әлдененi еске алып тұржырап кеткендей болды. Содан кейін, үш-төрт секунд өткен соң, есін жиғандай:

– Жарайды, кел, кел, қазақ,- деді.

Мен ойлаған едім Андрей бізге керек ақшаны сұрап алған соң сол, есік алдында тік тұрған қалпымызда қайтып кететін шығармыз деп. Бірақ олай болмады. Сәл бір кідірістен кейін қайтадан есін жиғандай әлгі әйел:

– Жарайды, келгенің жақсы болды, Андрей, – деді. Содан кейін: – Мына қонақ бөлмеге кіріңдер, –деді. Қонақ бөлме дегені үлкен, қазіргі болжаммен айтқанда кемінде қырық елу шаршы метр болатын үлкен бөлме екен.

– Отырып жайғаса беріңдер, - деді. Өзі сыртқа шығып кетті. Сырт дегенім кухня болуы керек.

Ол кісі жоқта Андрей маған тағы да көзін қысып қойды:

– Ақшасын алсақ, тез кеткеніміз дұрыс болар. – Бұл кісі кейде жібермей де қоюы мүмкін. Көңілі жақсы болса, өткен шағы туралы, өзінің өмірі туралы әңгіме айтады. Көңілінде кірбің болса бірден қуып шығар еді. Дегенмен, бүгін біздің жолымыз болатын шығар, – деді.

Бөлменің кеңдігі сондай – бөлмедегі қымбат-қымбат қара күрең жылтыраған жиһаздар ойыншық бұйымдай аласарып көрінді. Бос тұрған бөлмедей, аңырап тұрғандай. Мені диванға отырғыза салып Андрей маған тағы да көз қысты:

- Әпкемнің көңілін аулайын. Біраз мақтауым керек. Әйтпесе бізге ақша қайда? – деді. Деді де дәлізге шығып кетті.

Мен ұзақ отырып қалдым. Орнымнан тұрдым. Жалықтым. Терезеге бардым. Терезе деген сөз біздің қазіргі ұғымымыздай емес, кемінде бес – алты құлаш кең және өте биік ғаламат. Сыртқа қарап едім, төменде Москва өзені ағып жатыр екен. Мен Андрейді тосып ұзақ тұрдым білем. Себебі Москва өзенінен, өзеннің бар болмысынан, ағыс-бұрылысынан сұлулық іздей бастадым. Әлдебір өзіме таныс образ-елес көңіліме оралғысы келген сияқты. Ол не? Қандай? Дегендей ойланып тұрдым да, біраздан кейін іштей риза болдым. Таптым деп ойладым. Төменде білінер-білімбес бүлкілдеп ағып жатқан Москва өзенін мен сол арада аса жуан айдаһарға теңедім. Айдаһар болғанда қабыршығы, жыбырлап, сәулеленіп білініп тұратын, ұзын, иретіліп солға бір, оңға бір бұрылып кететін айдаһардың жұп-жуан бел тұсы сияқты. Дәл мен қарап тұрған кезде ешқандай кеме, катер жоқ еді. Сондықтан да болар өзен бір сабыр тапқан , әлгінде ғана бүлқына түсіп енді сабырға түскен, ұстайтын аңын тапқан, оны асықпай жұтып жатқан айдаһар... Солтүстіктің бұлыңғыр аспанында сығырайып қана көрінген сұрықсыз күннің дәрменсіз сәулесіне мейірі қанбай мазасыздана қозғалақтаған, тозығы жеткен қалайы қабыршықтар...Тұла бойым сәл ғана тітіркенгендей болды. Апандай өңешінен кедергісіз өткен еліктің лағын місе тұтпай, бұлқына түсіп, оқыс қимылға дайындалған ашқарақ айдаһар...

Терезеге телміріп көп тұрдым ба, аз тұрдым ба есімде жоқ. Бір кезде арт жағымнан ұрлана басып, әлденеге жымия күліп Андрей келді.

– Ой, Әкім, – деді ол маған, – сенің келгенің мына менің Манана әпкеме өте қатты әсер етті. Сен Мананы кешір. Бұл байғұстың бұл өмірде көрмегені жоқ. Талай-талай қияметтерден өткен. Сондықтан бұның аузынан оғаш сөз шықса, сен оған мән берме, жарай ма? Мен саған қызық айтайын, бұл сені көргенде қатты қорқып кетіпті. «Қазақ» – деп қалды. Өзің сездің. Бірте-бірте басылды. Енді қазір келеді, кофесін алып, пирожкиін алып. Сен көп сөйлеме, жарай ма? Және қабағыңды шытпа. Мананаға сен ешқанадай сыр бермей момақан болып отыр... Жарай ма?

Андрейдің бұл уағызын мен, шынын айтсам, түсінбедім. Неге Мананаға «қазақ» деген сөз әсер етуі керек? Неге мен Мананаға түсіне қарауым керек? Неге оның аузынан түрлі сөздер шығуы мүмкін? Ал мен неге үндемеуім керек? Неге?

– Жарайды, – деп көне қойдым. – Айтқаның болады, Андрей. Екеуміздің көріп жүрген қуқайымыз аз емес қой бұл өмірде! – деп күлдім. Себебі Андрейдің қасында жүрген екі-үш айдың ішінде мен, шынында да, талай-талай қызықтардан өткен болатынмын. Сол қызықтардың бірі шығар бұл Манана дедім де қойдым.

Манана бізді шайға шақырды.

Ас бөлмесі атшаптырым залынан сәл ғана кіші демесең ол да ауыл баласы шыбық ат мініп, «көкпар» тартатын алаңқайдан кем емес екен. Үшеуіміз сол даңғарадай бөлменің бір бұрышында ғана отырып шай іштік. Манана Андрей айтқандай маған бір түрлі оқыс адам болып көрінді. Сөздері де, істері де түсініксіз, тосын.

Манана менің өң-түсіме алдымен таңырқай қарады, содан кейін барлай қарады, содан кейін сұқтана қарады. Мен ыңғайсызданып отырдым. Бір кезде Манана маған шүйіле қарап:

– Атың , сонымен, Аким болды ма? – деді

– Иә, – дедім мен.

Манана тағы да ойланып қалды. Содан кейін:

– Сенің жасың қаншада? – деді.

Мен айттым:

– Жиырма жеті, – дедім.

– Е-е-е, - деді Манана, – менен тұп-тура жиырма жас кіші екенсің. Мен қырық жетідемін! – деді.

Әдетте әйел адам өзінің жасын айтпайды ғой. Соған үйренген мен іштей таңқалып қойдым. Үшеуіміз үндемей отырып шай іштік. Содан кейін Манана, тағы да менің бетіме сынай қарап отырып:

– Әкім, сен білесің бе мен қырық жетідемін деп саған өтірік айттым, шын мәнінде мен төрт жүз жетпіс жастамын! – деді.

Апыра-ай, мына кісі ауытқып кеткен бе, санасында сәл бір мүкіс бар ма екен деп күдіктеніп қалдым. Андрей маған сәл жымиды да төмен қарады. Үндеме деген белгісін ұқтым. Жауап бермедім Манаңаға.

Бірақ Манана әлгі сөзін өзі түсіндіріп бергісі келгендей сәл маған сәл ғана ызалана қарап:

– Сен сенбей отырсың, Аким, – деді. – Шынында да адамдар жүс жас, үш жүз жас өмір сүре алады. Мәселе оның календарьлық өмірінде емес, оның көрген-білгенінде. Ал менің көрген-білгенім ұшан-теңіз... Маған тағдыр беріп тұр осылай сөйлеуге. Төрт жүз жетпіс! Құжатымда – қырық жеті. Бірақ мен төрт жүз жетпіс жыл өмір сүргенмін. Сен тағы бір келгеніңде мен осы жұмбақ сөзімнің шешімін айтып беремін,– деді кенет жайбарақат пейіл танытып.

– Жарай ма?

– Жарайды, – деп мен үшін Андрей жауап берді. – Манана, – деді Андрей, – тағы да біз келіп тұрамыз, сен рұқсат берсең.

– Әрине, рұқсат беремін,– деді Манана. – Бірақ ендігі жерде сен Акимсыз келме. Қасыңа міндетті түрде Акимды ертіп келетін бол, жарай ма,– деді.

Содан кейін Манана маған сұқтана қарап тағы да біраз отырды да, күтпеген жерден, оқыс:

– Аким өте сымбатты бала екен. Маған ұнады, сенен гөрі ақылды сияқты, – деді Андрейге бұрылып. – Сен шалапайсың, Андрей, мынау алысқа баратын бала. Көзін көрдің бе, қандай! Көзі ойлы. Сәл ғана бірдеңені ұнатпай қалса көзінен от шашады. Бұл даланың адамы ғой. Бұлардың арғы тегі қыран. Мен білем қазақтарды,– деді. Содан кейін әлдебір қате жібергендей қайта-қайта сөзін түзетіп, – киргиздарды мен білемін,–деді.

Мен ыңғайсызданып қалдым. Мен киргиз емеспін, қазақпын деп айтқым келді. Бірақ Манана мені Андрейдің көзінше жер көкке сыйғызбай мақтағаннан кейін сөзін жыққым келмеді. Көңіліне қарадым. Және оның «сенен гөрі ақылды» деп Андрейге жекіп айтқаны маған іштей ұнап қалған сияқты. Пендешілікпен үндемедім.

Енді қарасам Мананың түрі өзгеріп кеткен екен. Әлгінде ғана жасым қырық жетіде деп, одан төрт жүз жетпістемін деп отырған адам әлі болса сүйкімді, қырық жеті деп айтпайтын, отыз бестердегі, отыздан жаңа асқан әйелдей сымбатты көрінген Мананың бет-жүзі алай-дүлей болып кетті. Бір түрлі қартая қалғандай, көз алдымда қартайып кеткендей болып көрінді. Көзінде жылт еткен от бар сияқты еді. Сол от кенет сөніп, әлдебір үңірейген үңгірдің аузында тұрғандай тұла бойым тітіркеніп кетті. Мен оның көзінен шошындым. Андрей менің жағдайымды сезгендей, маған шошына қарады. Өңтүсі қуқыл тартып, маған кінәлі адамдай жасқана қарады. Сәл ғана көзін қысып, иегін сәл көтеріп қайтайық деген белгі берді есік жақты нұсқап.

Мен де орнымнан көтеріле бердім:

– Жақсы, сау болыңыз, Манана! – дедім. Манана менің оң қолымның білегінен қысып ұстап алды.

– Сен, Аким, мынау шалапайға сене берме. Бұл ақымақ. Бұл алысқа бармайды. Бірақ сен осы Андрейден қол жазба, бірге жүр.

Бұның саған көп пайдасы тиеді...

Содан кейін ол өзінің немере інісіне бұрылып қарады:

– Андрей, енді сен келген сайын өзіңмен бірге Акимды алып келетін бол. Егер Акиммен бірге келмесең мен маған көк тиын бермеймін, түсіндің бе? – деді. Андрей жаман баға алып қалған оқушы баладай төмен қарап, «екі көзімен едені шұқылап» тұрды да:

– Ұқтым, Манана. Мен енді Акиммен келіп тұрамын, – деді.

Сыртқа шыққан соң Андрей үлкен бір пәледен құтылдық па дегендей маған салтанатты түрде қарады:

– Сен, Аким, Манананы дұрыс түсін. Оның тағдыры өте қиын болған,– деді. Маған Мананның іс-әрекеті онша түсінікті болмаса да мен қатты қиналған да жоқ едім, таңқалған да жоқ едім. Жай ғана бір оқыс оқиға көргендей ғана, жай ғана күтпеген жағдайды ғана көргендей досым Андрейге күле қарадым:

– Сен неменеге қысылып тұрсың, Андрей? Манана кәдімгі әйел, кәдімгі ана. Бұндайдан да қызықты көріп жүрміз ғой. Маған Манана ұнады. Көзі ақылды адамның көзі екен, – дедім. Әдейі әпкесі ұялмасын деп, тағы да қайталадым..– Талай-талай әйел көріп жүрміз ғой. Мананың ақылды екені бірден сезіледі, – дедім. Андрей маған түсінбей қарады. Содан кейін ежірейе қарап тұрып:

– Рас айтасың ба, Әкім? – деді.

– Рас, – дедім мен.

– Шын рас айтасың ба? – деді.

– Шын рас айтам, – дедім.

– Менің көңіліме қарап тұрған жоқсың ба? –

– Жоқ. Сенің көңіліңе қарап тұрған жоқпын, – дедім мен. – Манана ғажап адам. Сыры ашылмаған жұмбақ жан! – дедім.

Андрей маған бұрынғыдан да ежірейе қарады.

– Әй, Әкім, сен шынында да ақылды адамсың. Сен Шыңғысханның ұрпағысың ғой, далалықсың ғой, алыстағыны көресің. Мен қалада өскенмін. Көп нәрсені біле бермеймін. Манана мен үшін қымбат адам. Әкемнің жалғыз қарындасы. Бірақ бұл кісіден қорқып-үркіп жүруші едім. Түсінбейтін едім. Ал сен. Сенің мына сөзің мені қанаттандырды, – деді. Біраз ойланып тұрды да: – Жарайды, жүр. Кино үйінің ресторанына барайық. Қарыз болып қалған ақшаны төлейік,– деді.

Мен түсіндім. Мені даладай бөлмеде жалғыз қалдырып, екеуі ас бөлмеде сыбырласқан кезде керек ақшасын Андрей қалтасына басып алған екен. Екеуміз біраз жер жаяу жүріп барып метроға отырдық. Бір аялдамадан кейін Көтеріліс алаңына жетіп сыртқа шықтық. Енді кішкене жүрсек – кино үйі. Воровский көшесі, 33 үй. Шағын ғана көше. Көшенің қарсы бетінде Совет Одағы Жазушыларының мекен – жайы бар.

Түркі әлемінің мәдени астанасы – Түркістан

Биылғы жылғы түркі әлемінің мәдени астанасы – Түркістан қаласы.

Бұл шешім ТҮРКСОЙ ұйымына мүше мемлекеттердің Мәдениет министрлерінің 34-ші тұрақты кеңесінде қабылданды. Бұған дейін, яғни 2016 жылы «Шеки (Әзірбайжан) – түркі елінің мәдени астанасы» атанған болатын.

ТҮРКСОЙ ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейіновтің мәлімдеуінше, Шеки қаласы 2016 жылы бүкіл түркі әлемінің мәдениет қайраткерлерін жоғары деңгейде қарсы алды. Түркі әлемінің мәдени астанасы мәртебесінің арқасында Әзірбайжан Республикасының осынау тарихи қаласы өзін әлемге паш етті. Сондай-ақ сол шарада Түркістан қаласы түркі әлемінің 2017 жылғы мәдени астанасы болып бекітілді.

Еске салатын болсақ, осы тұрақты кеңестің бастамасымен 2012 жылы Астана, 2013 жылы Эскишехир қаласы (Түркия), 2014 жылы Қазан қаласы (Татарстан), 2015 жылы Мары қаласы (Түрксменстан) түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде танылды. Түркі әлемінің бір жылдық астанасы болғанына қарамастан, бұл қалалардың өз орны, маңыздылығы арта түседі.

Түркі әлемінің мәдени астаналарын сайлау – ТҮРКСОЙ ұйымының ең сәтті жобаларының бірі.

Биылғы түркі әлемінің мәдени астанасы – Түркістан қарасы туралы Түркия ұлттық мәжілісінің экс-депутаты Кемал Челиктің тұжырымы: «Түркістанды білмейтін түрік кемде-кем. Өйткені біз Қазақстанды атажұртымыз, ал Түркістан қаласын барлық түркі халықтарының мәдени-рухани орталығы ретінде ерекше қастерлейміз. Тарихи шаһарды ТҮРКСОЙ түркі әлемінің мәдени астанасы деп жариялады. Бұл жаңалыққа шын жүрегіммен қуанғанымды жасырмаймын.Себебі мұндай мәртебеге бұл қала әбден лайық. Енді Түркістанға жиі-жиі қыдырып баратын боламыз. Бұл әрине, қаланың тыныс-тіршілігі мен туристік әлеуетінің артуына зор мүмкіндік ашады».

1500 жылдан астам тарихы бар, кезінде Қазақ хандығының астанасы болған әрі Ұлы Жібек жолының торабына айналған Түркістан қаласы Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан. Түркістан қаласының аумағы Шығысы Отырар қаласымен, батысы Қызылорда облысы Жаңақорған ауданымен, солтүстігі Созақ, Кентау қаласымен шектесіп жатыр. Түркістан қаласының түпкі тарихы IV ғасырдан басталады. Араб жазбаларындағы деректерде қала атауы Шауғар деп көрсетілген екен.

Түркістан ежелден Орта Азия мен Тұран даласындағы ең көне қала болып есептеледі. Сондай-ақ ұлы ақын, әйгілі ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туған жері, өскен елі ретіндегі Түркістанның мәртебесе биік.

Жыл сайын миллионға жуық туристер қабылдайтын Түркістанның негізгі тұрғындарының саны – 260 мыңға жуық.

2000 жылы ЮНЕСКО шешімімен Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы аталып өтілсе, 2002 жылы дүниежүзі қазақтарының II құрылтайы да осы тарихи қаламызда аталып өткен еді.

Қаланың биылғы бас жоспары бойынша «Көне Түркістан» тұжырымдамасы әзірленіпті. Аталған құжат аясында әйгілі ғұлама Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің маңы көне қала ретінде үлгісінде қалыптастырылады. Сонымен қатар, туристер үшін бірқатар нысандар бой көтереді, тарихи-мәдени орындардың инфрақұрылымы жаңғыртылады.

«Кітапхана хабаршысы» ақпарат

Әлемдік және отандық мәдениет теориясы



Мәдениетті зерттеудің терең философиялық дәстүрлері бар, ол басқа ғылымдардың, ең алдымен археология, этнография, тарих, психология, әлеуметтану ғылымдары өкілдерінің қызығушылығын тудырды. Тек XX ғасырдың ортасында ғана мәдениетті пән аралық зерттеу басталады.

Мәдениетті қазіргі кезеңдегі түсінігі оның дағдарысын, адам мен табиғат арасында үйлесімнің мүмкін болмайтындығын ұғыну ретінде қалыптасты. Қазіргі уақытта мәдениеттердің алуан түрлі типін енгізуге, мәдениеттің негіздері туралы теориялық ойлардан нақты мәдениеттану зерттеулерін өткізуге көшу мүмкіндігіне жол ашылды.

Сөз жоқ, мәдениеттанушы, ең алдымен мәдени қызметтің нәтижелерімен (мәдени шығармашылықтар тақырыбымен, өнімдерімен — мысалы, музыкамен, сурет өнерінің туындыларымен) айналысады, сондай-ақ музыкатанушылар, өнертанушылар қандай теориялық позицияны ұстанатындығына тәуелсіз, мәдениет рухын (менталитетін, мәдени парадигманы) игеруге бет бұрғанда мәдениет танушыларға айналады. Бұл жағдайда екінші – мәдениеттің коммуникативтік тобы пайда болады (қарым-қатынас жасау деңгейі, білім беру және тәрбиелеу институттары). Ең соңында, оның ядросы, архетипі — мәдени шығармашылық қызметінің құрылымы анықталады.

Мәдениеттану философиядан бөлініп шығып, өзінің зерттеу тақырыбына ие болады, «мәдениет археологиясына» көңіл аударады, оның генезисін, жұмыс істеуін және дамуын анықтайды, мәдени мұрагерлік және тұрақтылық тәсілдерін, мәдени даму «кодын» ашады. Ол келесі функцияларды қамтамасыз етеді:

— мәдениетті, оның ауызша және символдық қабықшада жасырынған базалық негіздерін сақтау;

— мәдениеттің, жаңару, инновация институттарының қалыптасуы;

— мәдениет трансляциясы – мәдениеттің заттану әлемі индивидтің әлеуметтенуы мен мәдениеттің даму әлемі ретінде.

Барлық үш деңгей форма құрудың кең спектрін сипаттайды (ғылым, техника, өнер, дін, философия, саясат, құқық, экономика және т.б.), бұл сонымен бірге қызмет құрылымын, бейнесін, мәдениеттің тұтастығын анықтап көрсетуге мүмкіндік береді және оның жетістіктерін суреттеуден тұрады, бірақ осындай тұтастықты жаңғырту проблемасын қояды мен концептуальды шешуді болжайды. Мәдениеттанудың міндеті – мәдениет «генетикасын» құру, ол нақты көркемдік іске асырудың тарихи – мәдени процесін ғана түсіндіріп қоймай, мәдениеттердің әртүрлі типті модельдерін жаңғыртып, оларға салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік берер еді.

Мемлекеттік білім беру стандарттарына кіргізілген мәдениеттану оқу пәні ретінде мәдениеттану мектептерін, бағыттарын, әлемдік және отандық мәдениеттің теориялары мен тарихын қарастырудан тұрады.

Ол өзара әрекет ететін элементтерден құралатын және басқа жүйелермен, қоғаммен өзара байланыста және үнемі дамуда болатын, күрделі ішкі құрылымы бар жүйе ретінде мәдениет туралы білімнің дербес, логикалық негіздерге, біріккен жиынтығы түрінде болады.

Мәдениеттану тақырыбы жалпы адамзаттық және ұлттық мәдени процесстердің объективті заңдылықтары, «тірі» ескерткіштер және материалдық пен рухани мәдениеттің құбылыстары, адамдардың мәдени қызығушылығы мен қажеттіліктерінің пайда болуын, қалыптасуын және дамуын басқаратын факторлар мен алғышарттар болып табылады.

Мәдениеттану объектісі әртүрлі табиғи жүйелердегі мәдени өмір, негізгі мәдени-тарихи типтердің ерекшеліктері мен жетістіктерін айқындау, қазіргі әлеуметтік мәдени ортада тенденциялар мен процестерді талдау болып табылады.

Мәдениеттану ғылымының маңызды проблемаларының қатарына әлемдік және отандық мәдениет теориясы мен тарихының маңызды мәселелері жатады.

«Мәдениет» сөзі тек XVIII ғасырда тұрақты түрде қолданысқа еніп, кең тараған. Алайда бұл сөз Рим антикасында пайда болды, ал латын тілінде «агромәдениет» дегенді білдірген, яғни жерді өңдеу, өсіру, егу. Бұл бастапқы мәні уақыт өте келе басқа, адамның жеке қасиеттерімен байланысты мағынаға ие болады. Ағарту заманы деген атпен тарихқа енген XVIII ғасырда мәдениет ұғымы тек рухани мәдениет болып шектеліп қалады. Бастысы адамның білімділігі, оқығандығы және тәрбиелілігі болады. Мұнда білім шешуші рөл атқарады, алайда сол кездің өзінде білімнің қажеттілігі айқын болды, бірақ мәдениетті болу үшін ол жеткілікті шарт емес екендігі де анық.

Мәдениет туралы ғылым – мәдениеттануға келсек, ол кешірек, біздің ғасырда қалыптасты. Әрине, мәдениет одан бұрын да зерттелді. XIX ғасырдың ортасына дейін онымен философия мен тарих шұғылданды, одан кейін басқа ғылымдар – этнография, философия, антропология қосылды.

Тікелей мәдениетке арналған алғашқы жұмыстардың бірі ағылшын тарихшысы Э. Тайлордың «Ертедегі мәдениет» («Первобытная культура») (1871ж.) кітабы болды. Бұл жұмыста Тайлор үлкен этнографиялық материалды зерттеу негізінде ертедегі (алғашқы) мәдениеттің нақты элементтерін суреттеп (әлемдік жағдайында), "анимизм" (латынның "anima" өмір бастауы, тірі зат, жан, өмір сөзі) – алғашқы адамның қоршаған ортамен қатынасы бойынша оның бүкіл практикалық тәжірибесін байланыстыратын бүкіл табиғаттың жандануына сену теориясына негізделген тұтас көрінісін берді.

Тайлор үшін эволюционист ретінде басты мақсат (яғни мәдениетті кенеттен болатын өзгерістер мен күйзеліссіз, оның біртіндеп дамуы мен өгеруі процесінде қарастыруды қолдайтын) "Жабайылықтан" "өркениетке" жету жолында адамзаттың мәдени бірлігі мен біркелкі дамуын көрсету болды. Бірақ эволюциялық процесті түсіндіру оның мәдениетті қалай түсінетіндігімен анықталады. Өркениетпен теңдесетін мәдениетті Тайлор былай анықтайды: "Мәдениет, немесе өркениет кең этнографиялық мәнде білімнен, сенімнен, өнерден, адамгершіліктен, заңдардан, әдет-ғұрыптардан және адамның қоғам мүшесі ретінде игерген басқа да қабілеттері мен әдеттерінен құралады".

Білімнің ерекше саласы ретінде мәдениеттің жалпы теориясын құру мүмкіндігі мен қажеттілігі бірнеше қайтара ұғынылды. "Мәдениеттануды" құруға талаптанған алғашқы зерттеушілердің бірі (ол мәдениет туралы ойлаудың даму феноменін белгілеу үшін осы терминді ғылыми айналысқа енгізу қажеттілігін арнайы негіздейді) белгілі американ мәдениет антропологы Лесли Уайт болды. Ол "мәдениет туралы ғылымның синонимі ретінде" мәдениеттану терминін қолданудың негізін қалады. (Л. Уайттың негізгі еңбегі осылай аталады). Оның мәдениет ұғымы болмыстың ерекше объектісін, әлеуметтік құбылыстардың ерекше тобын қамтиды. Жүйе ретіндегі мәдениет индивидтен кейін тұрады: "Мәдениет" өзіне тән терминдермен түсінділу керек, алайда бұл әдеттен тыс болып көрінуі мүмкін, адамзатты зерттеудің тікелей объектісі адам емес, мәдениет болады».

Л. Уайт мәдениетті жеке адамға және адамзат қоғамына тәуелсіз, дамудың ішкі логикасына ғана бағынатын объективті білім ретінде қарастырады. Ол мәдениетте ұйымдасқан тұтас жүйедегідей 3 қосалқы жүйені белгілеп көрсетеді:

— біріншісі (технологиялық) адамның табиғатпен өзара қатынасын, оның техникалық құралдары мен еңбек құралдарын, тұрғын үй типтерін және т.б. қолдануын сипаттайды;

— екінші (ресми) қоғамдық қатынастар мен оларға сай мінез–құлық типтерінен, туыстық жүйелерден, экономикалық, саяси, әскери, эстетикалық және т.б. қатынастардан тұрады;

— үшіншісі (идеологиялық) идеялардан, сенімнен, дәстүрден, әртүрлі білім түрлерінен құралады;

Қазіргі уақытта 500-ден астам анықтама бар. Зерттеушілер жүзден астам негізгі анықтамаларды талдап, оларды былай топтастырды;

— суреттейтін анықтамалар, олар өзінің негізінде Э.Тайлордың мәдени антропологиясының негізін салушы тұжырымдамасынан шыққан. Мұндай анықтамалардың мәні мынандай: мәдениет – бұл қызметтің, сенімдердің барлық түрлерінің жиынтығы, оған адамның жасаған барлық нәрселері (кітаптар, картиналар және т.б.), табиғатқа және қоғамға бейімдеу жолдарын білу, тіл, дәстүр, этикет жүйесі, этика, дін кіреді;

— тарихи, қазіргі кезеңге адамзат дамуының бұрынғы кезеңдерінен жеткен дәстүрлер мен әлеуметтік мұраның ролін айқындайды, яғни мәдениет тарихи даму нәтижесі болып табылады және барлық жасандыдан, адам қолынан шыққан заттан және ұрпақтан ұрпаққа мұраға қалдыратын құралдан, символдан, ұйымнан, жалпы қызметтен, көзқарастардан, сенімнен құралады;

— нормативті, яғни қабылданған ережелер мен нормалардың мәніне көңіл бөлетін. Мәдениет – бұл әлеуметтік ортамен анықталатын, индивидтің өмір салты.

— құндылықтар: Мәдениет – бұл адамдар тобының материалдық және әлеуметтік құндылықтары, олардың институттары, әдет-ғұрыптары, мінез-құлық реакциялары,

— психологиялық, адамның нақты проблемаларды психологиялық деңгейде қалай шешетіндігінен шығады. Мәдениет – адамдардың табиғи орта мен экологиялық қажеттіліктерге ерекше бейімделудің барлық нәтижелерінен жинақталады,

— әлеуметтік – педагогикалық: мәдениет бұл адамның биологиялық мұра (генетикалық) ретінде алатын емес, үйренетін мінез–құлығы (әлеуметтендіру процесінде ие болады);

— құрылымдық, ұйымдастыру немесе модельдеу моменттерінің маңыздылығын белгілеп көрсетеді. Мәдениет – алуан түрде өзара байланысқан нақты белгілер жүйесі, Адамның негізгі қажеттіліктерінің маңына ұйымдастырылған, мәдениеттің материалдық және материалдық емес белгілі мәдениет ядросы (моделі) болатын әлуметтік институттарды құрады;

- идеологиялық; мәдениет – бұл ерекше әрекеттердің көмегімен индивидтен индивидке ауысатын идеялар ағыны;

- символдық: мәдениет – бұл белгілер мен символдарды қолданудан тұратын немесе оған байланысты болатын, әртүрлі феномендер (материалдық заттар, әрекеттер, идеялар, сезімдер) ұйымы.

Жеке авторлардың еңбектерінде мәдениет әртүрлі көзқарас жағынан қарастырылады.

Көптеген ағартушы-философтар, мысалы, неміс ақыны және философы Ф. Шиллер мәдениетті ішкі, рухани байлығын сөз ете отырып, адамдағы адамшылық дәрежесі ретінде түсінген. Ф. Ницше мәдениетті халықтың өмір стилі ретінде анықтаған. Жоғарыда айтылған Л. Уайт оған дәстүрлер призмасынан қараған. Орыс философы Н. Бердяев үшін мәдениет "халықтың тірі тағдыры" , "адам мен адамзаттың заңды жолы", "шығармашылық пен бостандықты жүзеге асыру ретінде" болған.

Басқа орыс ойшылы Н. Рерихтің тұжырымында "Мәдениет дегеніміз – қауымды құрметтеу". Мәдениет адамға деген махаббат. Мәдениет – қауымның қаруы. Мәдениет – құтқару жолы. Мәдениет – бұл қозғалтқыш. Мәдениет – бұл жүрек.

Ресей философы В. Библер "пирамида тәрізді линза – мәдениет" туралы жазады, оның шыңы адам тағдырын өздігінен қалыптастыру мен өздігінен өзгертудің ұйымдасқан актісі ретінде адамдық мәннің өздігінен бүлінуі болып саналады.

Философ А. Лосевтің пікірі бойынша "мәдениет – бұл барлығын шекті талдап қорыту". Басқа авторлар мәдениетті шығармашылық (А.Злобин), кез-келген қызметтің рухани өлшемі, немесе рухани өндіру (Б. Ерасов), халықтың өмір салты, биологиялыққа ұқсас "әлеуметтік мұра" ретінде түсінеді. Ол тіршілік әрекетінің адами тәсілі ретінде қарастырылады.

Мәдениетті тұлғалық сипатта қарастырғанда, бірнеше елеулі түсініктерге тоқтала кету қажет, олардың ішіндегі маңыздылары: мәдени әрекет, мәдени орта, мәдени игіліктер мен қажеттіліктер және мәдени ұйымдар мен ұжымдар. Бұлардың арасында ең түбегейлісі – мәдени әрекет. Әрекеттену - жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі.

Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды. Мәдени игіліктерді толассыз жасау нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді.

Осы әрекеттің қайнары, түпкі қозғаушы күші ретінде ғылым адамның талап мұқтаждарын, мәдени қажеттіліктерді бөліп қарастырады. Осылардың қатарына біз мынадай адамдық қажеттіліктерді жатқызамыз: өмірдің мәні мен мағынасын іздеу, өмірден өз орнын табуға ұмтылу, шығармашылыққа талпыныс, альтруизм, гумандылық және тағы басқалары.

Мәдени орта ұғымы мәдениеттің комуникациялық (қатынастық) табиғатымен тығыз байланысты. Мәдени орта заттық – материалдық, әлеуметтік ұйымдар мен ұжымдардан, рухани қызмет орындарынан тұрады. Оларға техника мен құрал жабдықтардың даму деңгейі, тұрмыстық мәдени дәрежесі, адамдардың білімділігі, кәсіптік шеберлігі, рухани мәдениетті сақтау және насихаттау ұйымдары (мұрағаттар, мұражайлар, кітапханалар, клубтар және тағы басқалар) жатады.

Қайсібір ұлттық мәдениетті алсақ та, ондағы салт-дәстүрлер жүйесіне бірден назарымыз ауады. "Салт-дәстүр - дейді белгілі философ Гердер, - тіл мен мәдениет бастауларының анасы" (Гердер И.Г.Идеи к философии истории человечества). Мәдениет өзінің кең мағынасында бір ұрпақтың келесі ұрпаққа жолдаған өмір сүру тәсілі болғандықтан, осы жалғастықты, мұрагерлікті жүзеге асыратын салт-дәстүрлер жүйесі мәдениет өзегін құрастырады. Әсіресе, жазу-сызу болмаған ерте заманда мәдениет ырымдар мен сәуегейлікке, сенім-танымдарға, дәстүрлі түсініктерге иек артқан. Ал салт-дәстүрлерге Ғұзыхан Ақпанбет мынандай баға береді: "Олар - терең философиялық ойдың, ғасырлар бойы жинақталған тәжірибенің сұрыпталған тұжырымы, негізгі нәрі, қысқа да көркем бейнесі".

Ғасырлар бойы күнделікті іс-тәжірибе негізінде сұрыпталған жазу-сызу мен азаматтық қоғам әлі жоқ кезде қалыптасқан салт-дәстүрлер мен әдет- ғұрыптардан надандық, анайылықты емес, қазіргі ұлттық мәдениеттердің архетипін аңғарған жөн.

Кез келген ұлттық мәдениеттің негізі мен дінін, ондағы адамгершілік қасиеттер мен дүниетанымды ұғыну үшін мәдениеттің тағы бір түп-тамыры дінге жүгіну қажет. Тоталитарлық жүйе ұлттық мәдениеттерді құрту мақсатында, дінді "апиын" деген марксизм қағидасын басшылыққа алып, ешқандай қасиетті тіршіліктері жоқ, шолақ белсенді мәңгүрттерді тәрбиелеуге тырысты.

Ал шындығында діни Ренессанс ("ренессанс" - француз сөзі қайта жаңғыру) мәдени дамуда орасан зор роль атқарады. Дінге дейінгі дүниетаным ретіндегі мифте табиғат қасиетті күштерге баланса, ұлттық немесе дүниежүзілік діндерде адам мен қоғамның құдіреттілігіне басты назар аударылады. Осының нәтижесінде өркениет қалыптасады. Жалпы алғанда, дінтанусыз мәдениеттану жоқ.

Мәдениеттің өзекті бөлігі-өнер. Таңбалы кескіндер мен тағы адамдардың ырым билерінен бастап, Рафаэль мен Микеланджелоның мәңгілік туындыларымен жалғасқан, халықтың шығармашылық рухынан туған талай сұлу дүниелерсіз, өнер әлемінсіз, қандай мәдениеттің болсын рухын сезіне алмаймыз. Шынында да, өнер мәдениеттің алтын қазынасы, адамның ұлылығын білдіретін ғажап көріністердің бірі-оның әсемдікке, сұлулыққа ұмтылуы.

Осыған дейін қарастырылған анықтамалардан бір түйінді ой айтуға болады: мәдениет адам әлемі. Мәдениет көріністерінде адамдық парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі құралған. Сонымен бірге мәдениет адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал.

Әл-Фараби айтқандай, адам - "хайуани мадани", яғни, мәдениетті жан. Адам-табиғат туындысы және ол үшін табиғи орта мәңгілік қажеттілік болып қалады. Мәдениет адамнан табиғатты бөліп алады деген пікір қанша рет айтылса да, адамның табиғи шығармашылықтың ең жоғарғы үлгісі екендігіне күмән жоқ. И.Гердердің тілімен айтқанда, адам - табиғаттың бірінші азаттық алған пендесі.

Ғасырлар - адамның мәдени дамуының куәсі. Бірақ осы алға қарай жылжу Жер Анаға әр уақытта жайлы бола бермейді. Адам қоршаған ортаны өзіне ыңғайлы тұраққа айналдыруға тырысты, алайда осы белсенділік көп жағдайда табиғатты күйзелтіп, құлдыратып жіберді. Мәдениет пен табиғатты қарама-қарсы қоюдың бір түрі адамның табиғи антимәдениеттілігі жөніндегі ілімдер еді (киниктер, Ницше). Контрмәдениет атты ХХ ғасыр туындысы бұқаралық мәдениеттегі руханилықтың затқа, тауарға айналуына қарсы қозғалыс сипатында болды. Мәдениет пен табиғатты ұштастыруға тырысатын ілім – мәдени антропология. Оның негізін салушылардың бірі - Э.Уилсон.

Адам және мәдениет мәселесін тереңдете түсінетін тағы бір жайт адам-

ның қабілеттілігіне, жан-жақтылығына, шексіздігіне байланысты. Американ ғылымы К.Поппер айтқандай, адам бірдей үш дүниеге: физикалық, ментальдық (психикалық) және идеялыққа жатады. Сонда мәдениет осылардың қайсысымен көбірек анықталады деген заңды сұрақ туады. Егер біз мәдениетті тек материалдық және рухани бөліктерге бөлудің қарадүрсін шеңберінен шыға алсақ, онда мәдениеттің өзінің ішкі мағынасында идеялды екендігіне көзіміз жетеді. Себебі, адамды қоршаған заттар, дүние - бұл мәдениеттің сыртқы көрінісі ғана, оның мәні – руханилықты адам әрекетінің нәтижесінде заттандыруда жатыр.

Мәдениеттің ішкі мәні қоғамдағы өмір сүріп жатқан адамдардын өзіндік санасында, парсаттылық сезімдеріне, рухани ізденістерінде айқындалады.

Ж.П.Сартрлық көсемсөзді қайталасақ, адам әлемге еркін жіберілген, ол еріктілік жазбасына кесілген. Осы сипатта мәдениеттің құпиясы адамдағы "Мендік". Одан сыртқы ерекше бір нұр-азаттық, жауапкершілік, адамгершілік сәулесі нұр шашып тұр. Мәдениетте адам ғажап биік деңгейге көтеріледі. Тек жоғары деңгейде мәдениеті бар өркениет ғылым мен техниканың дамуындағы тері салдарларды бейтараптандыра алады. Егер біз ғылым арқылы шындықты ашсақ, өнер арқылы әсемдікке ұмтыламыз, ал маральдық таным арқылы жақсылық пен жамандықты айырамыз. Егер біз дүниежүзілік тарихқа назар аударсақ, онда адамзат дамуында екі бағыт бар екендігін байқаймыз. Біріншісі, табиғатты меңгеру арқылы өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастарды өркендетумен, білім мен техниканың даму нәтижесінде қалыптасатын өркениетпен байланысты. Өркениет заманы адам өміріне машинаның жан-жақты енуімен, тіпті адамның руханилығының құндылығы келіп, оның осы машинаның тетігіне айналған көріністер мен айқындалып тұр. Н.А. Бердяев бұл туралы былай деген: "Өмір органикалық сипатын жоғалтып, табиғи тербелістермен байланысынан айырылады. Адам мен табиғаттың ортасына, адамның табиғатты бағындырғысы келген құралдары қойылған. Өркениеттің негізі енді табиғилықта, руханилықта болмай қалды, оның негізі - машиналық".

Әрине өркениет адам өмірін қазіргі кезде тұтынудың жоғары деңгейіне көтерді. Екінші бағытты - адам руханилығының дамуы (мәдениет) деп атауға болады. Ол адамның ішкі дүниесіне, оның терең сезім қатпарларына, ой-өрісіне бұрылған. Осы екі бағыттың айырмашылығын Шығыс пен Батысты салыстыру арқылы да байқауға болады.

Егер Шығыс мәдениетке көбірек көңіл бөлсе, Батыс өркениетті дамытуда бірталай жетістіктерге жетті.

XIX ғасыр тарих тұрғысынан мәдениет типтері негізінен біртұтас дүниежүзілік өркениеттің қалыптастыру заңдылықтарына сәйкестендіре шешті. Дарвинистік эвалюциялық ілім ықпалымен пайда болған бір бағыттық прогрессивтік мәдени даму тұжырымдамасы бойынша әртүрлі өркениет жоқ. Тек бір өркениет бар және де барлық дамыған елдер мәдениеттің ұқсас сатыларынан өтеді.

Жалпы қалыптасқан мәдениет шамамен 1500 жылдай өмір сүреді. Оның 1000 жылын қалыптасу, нәр жинау, басқалардан оқшаулануды қамтитын этнографиялық кезеңі алса, 400 жыл мемлекеттік кезеңге жатады. Тек соңғы 50-100 жыл ішінде тарихи - мәдени тип өзін көрсетеді, тарихта із қалдырады. Бұл кезеңді Н.Данилевский өркениет деп атайды. Жалпы адамдық мәдениет пен өркениеттің қалыптасуына шешуші әсер еткен фактор - тарихтағы рухани даму, құдайлық сенімнің адамдарды баурап алуы. Өркениеттілік – қоғамдық қатынастар әрекеті, тәсілі ретіндегі мәдениеттің негізі.

Өркениет мәдениеттің дамуына жағдай туғызады, өз кезегінде мәдениет сол өркениеттілікті жетілдіреді.

Адамзат тарихында XX - ғасыр мәдениетінің алатын орны ерекше. Өйткені, бұл кезең ғылым мен техниканың қарышты қадамы, жарқын болашаққа деген сенім өркениетті дамыған елдерге бір тұтас жалпы адамзаттық мәдениеттің дамып, қалыптасуына әсерін тигізбей қойған жоқ. Ғасыр аяғында планетамызда парасаттылық пен ізгілікті" өріс алуы адамзаттық дамуына және оның ұлттық түрлерінің нәрленуіне, оларды" өзара қарым-қатынастарының жаңа арнаға түсуіне ерекше әсер етті.

Қазіргі заман мәдениетінің тағдыры мен болашағы адамзат баласының өткен ғасырлардағы ғана емес, сонымен қатар бүгінгі замандағы қол жеткен табыстарымен игілікті істеріне тікелей байланысты. Заман сабақтастығы мәдениет дамуының қайнар бұлағы. Қоғамның тарихи дамуы әр қоғамның өзіне тән мәдени мәдениетінің алмасуына тығып байланысты, ал ол мәдениет түрлері өзара сабақтастық жағдайына өмір сүреді.

Өткен заман мәдениетінің кейбір элементтерінің мүлде жоғалып кетуі, ал кейбірінің жаңа қоғам мәдениетімен ұштасып жатуы – заңды құбылыс болып табылады.

Жалпы адамзаттық мәдениетте – мәдени құндылықтар басты орын алатындығын ескере отырып, бүгінгі заман тұрғысынан XX ғасыр мәдениетінің қандай мәдени құндылықтар негізінде қалыптасқандығын көрсету – мәдениеттану ғылымының алдындағы басты мәселелердің бірі болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиет:

1.Глобалистика: Международный междисциплинарный энциклопедический словарь // Гл. ред.: И.И.Мазурь, А.Н.Чумаков. М. – СПб. – Н.-Й.: ИЦ «Елима», ИД «Питер», 2006

2. Кодар А. Концепция развития культуры Республики Казахстан (проект) // Рух-Мирас (Казахстанский культурологический альманах). № 2 (2), 2004

3. Наурзбаева З. Стратегические приоритеты культурного развития Республики Казахстан (проект) // Рух-Мирас (Казахстанский культурологический альманах). № 2 (2), 2004

4. Чумаков А.Н. Глобализация. Контуры целостного мира. М.: «Проспект», 2005, стр. 13

Қосымша әдебиет:

5. Тойнби А.Д. Постижение истории // Антология культурологической мысли. М., 1996. стр. 256

6. Мнацаканян М.О. «Глобализация, интернационализация и национальные культуры»

7. Межккультурная коммуникация. Учебное пособие. Под редакцией А.И. Садокина. Калуга, 2001.

8. Ахметжанова К. Дәстүрлі мәдениет қазақ этносын идентификациялау тәсілі ретінде. Алматы, «Нas», 2005

9. Қазбеков Н.А. Мәдениет және мәдениеттанулық концепциялар. Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2003

Дайындаған:
Гүлжәмилә ЗАЙЫРОВА

САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН – БАЛАЛАР ЖАЗУШЫСЫ

Ұрпақ тәрбиесі ұлы парыз екенін ертеңін ойлаған елдің ешқайсысы да есінен шығармаған. Сондықтан жазушылар балаларды бүкіл адамзат мұрагерлері деп біліп қана қоймай, соны үлкен жауапкершілікпен сезіндіруді міндетіміз деп санады. Қазақ жазушылары балаларға арнап көркем әдеби тілде қызықты шығармалар жазды. Шығармалары балалардың келешегіне жол ашып, бағыт сілтеп, саналы өмір сүруге талпынтты. Ал, әдебиет зерттеушісі Ш.Ахметов: «Балалар әдебиеті – жас буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытатын, оларды адамгершілікке, отан сүйгіштікке, ерлікке тәрбиелейтін өмір оқулығы»[1,7] – деп ой тұжырымдайды.

Балалар әдебиетінің негізі ауыз әдебиетінен басталады. Сондықтан балалар әдебиеті жайында айтқанда халық ауыз әдебиетін аттап өтпеуге болмайды. Ауыз әдебиетіндегі алғашқы айтылған өлең, жыр, ертегілер, әндер, әңгімелер балаларға арналып айтылған. Халық ең алғаш өзінің жақсы ойын, жақсы қиялын өлең етіп, ән етіп тұңғыш рет баласына арнаған. Дүниеге келген жас нәрестеге арнап жұбату, ойнату, тәрбиелеу үшін өлеңдер шығарған.

Сондай-ақ, бесік жыры, ертегілер, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, мақал мен мәтелдер, өтірік өлеңдер де баланы қызықтырып, адам баласының өткен ғасырдағы тарихи өмірімен, тұрмысымен, салт-дәстүрімен таныстыратын шығармалар.

Халықтық шығармалардағы балалар әдебиетінің өсіп жетілуімен қатар, XIX және XX ғасырдың бас кезіндегі жазушылар да балалар әдебиетінің өркендеуіне ат салысып, жетекші рөл атқарды. М.Өтемісұлының, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, С.Көбеевтің, С.Торайғыровтың, С.Дөнентаевтың жас өспірімдерге арналған бірқатар шығармалары балалар әдебиетінен елеулі орын алады [2,72].

Ы.Алтынсарин балаларды өнер-білімге тәрбиелейтін, еңбекке баулитын өлеңдер мен әңгімелер жазды. Сондай-ақ, қазақ фольклорынан балаларға арналған шығармаларды іріктеп, орыс балалар әдебиетінен қызықты әңгімелерді аударып, 1879 жылы «Киргизская хрестоматия» оқулығын шығарды.

XIX және XX ғасыр әдебиетшілерінің балалар үшін жазған шығармаларының ерекшелігі адам өмірі туралы дұрыс ұғымдар беруі. М.Өтемісұлының өлеңдері балаларды патриоттық сезімдермен рухтандырып, тарихи шындықты танытса, Ы.Алтынсариннің, А.Құнанбаевтың, С.Торайғыровтың, С.Көбеевтің, С.Дөнентаевтің шығармалары балалардың ойына қозғау салып, көңілін оятып, оқуға, өнер-білімге, үздік мәдениетке шақырады. Сонымен қатар қазақ балалар жазба әдебиетінің негізін салып, балалар әдебиеті мұрасына үздік шығармалар қалдырды.

Әдебиетші, ғалым Серік Қирабаевтың сөзімен айтар болсақ: «Балалар әдебиеті – қазақ совет әдебиетінің ең жас, кенже саласы. «Қазақ балаларына арнап қазақ совет әдебиетінің негізін салушы классик жазушыларымыз С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқановтар шығармалар жазды. С.Сейфуллиннің жастарды жаңа заман құруға үндеген отты өлеңдері, Б.Майлиннің «Хан күйеуі», «Өтірікке бәйге» сияқты өлеңмен жазылған ертегілері, І.Жансүгіровтің балаларды өмір тануға үйрететін табиғат жырлары, М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі, С.Мұқановтың «Бақташының баласы», «Менің мектептерім» атты кітаптары қазақ балаларының алғашқы кезінен

бүгінге дейінгі ұрпағына талмай қызмет етіп келеді» [3, 46].

Сондай-ақ балаларға арналған А.Тоқмағамбетовтің «Тазалық – тәрбие», «Алыптар туралы ертегі», Қ.Әбдіқадыровтың «Өміртайдың аулы», «Борамбай ауруханада» атты кітаптары мен Ә.Сәрсенбаевтың «Бөбек жыры», Ә.Тәжібаевтың «Бес түлік жыры» атты өлеңдері де балалар әдебиетінің жалғасы болды.

Қазақ балалар әдебиеті Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда жақсы дамып, көптеген еңбектер жарық көрді. Балаларға арналған Т.Жароковтың «Жеткіншек», Ә.Сәрсенбаевтың «Туған өлке», Ж.Саинның «Жас достарым», Д.Әбіловтың «Жас азамат», С.Бегалиннің «Көксегеннің көргендері», М.Ғабдуллиннің «Алтын жұлдыз», Қ.Бекхожиннің «Батырлық жыры», Ғ.Ормановтың «Бөбек жыры», Қ.Аманжоловтың «Балбөбек», Ә.Тәжібаевтың «Шын жүректен», Ж.Сыздықовтың «Алтын қалам», Ж.Молдағалиевтың «Қызыл галстук» атты кітаптары басылып шықты және осы кезден бастап балалар әдебиеті саласында жұмыс істейтін жазушылар тобы қалыптасты.

Балалар әдебиеті драматургия саласында да дамып отырды. 1930 жылдары жазушылар І.Жансүгіров, Ш.Хұсайынов, С.Омаров, Т.Ахтанов, Ш.Ахметов т.б. балаларға арналған алғашқы пьесаларды жазса, 1950 жылдары Ш.Хұсайыновтың «Есірткен ерке» пьесасы, М.Ақынжановтың «Ыбырай Алтынсарин» пьесасы балалар театрында қойылды. Т.Нұрмағамбетов, О.Бөкеев, К.Ахметова, М.Қабанбаев, Н.Дәутаев, Қ.Омаров, М.Айымбетов, А.Асылбеков, Т.Сәукетаев т. б. ақын-жазушылар қазақ балалар әдебиетін жанрлық-көркемдік тұрғыдан байытуға айтарлықтай үлес қосты.

«Қай заманда қызмет етсе де ұлы жазушылардың барлығы да балаларға арналған әдебиетке үлкен ылтипатпен қарады. Өйткені олар – балаларды өз елінің, халқының болашағы санаған. Пушкин өлер алдындағы соңғы хатын балалар кітабына арнаған екен. Михаил Пришвин «Үлкендерге де тамаша эстетикалық сезім беретін ең биік әдебиет – балалар әдебиеті» деп бағалаған.

Ал, Белинскийге жүгініп көрсек, ол «Балалар жазушысы болып бейімделу қиын, ол үшін арнайы туу керек» деген екен. Советтік дәуірдегі әдебиетіміздің жедел де табысты даму қарқыны қазақ әдебиетінің басқа жанрларымен бірге балалар әдебиетінің де кең арнаға түсіп өсуін, оның өзіне тән кадрларын дайындауын қамтамасыз етті. Енді бір кездегідей басқа жанр өкілдерінің балаларға шығарма жазуға бейімделуі азайып, балалар жазушысы болып «туғандар» тобы өсті.

Әдебиетіміздің бұл саласында жемісті және үзбей қызмет етіп келе жатқан ақсақалдарымыз Сапарғали Бегалин мен Өтебай Тұрманжанов бастап, Ә.Сәрсенбаев, С.Омаров, Б.Соқпақбаев, Ә.Дүйсенбиев, М.Әлімбаев, С.Сарғасқаев, Қ.Мырзалиев, С.Баязитов, Н.Сералиев, М.Гумеров, О.Әубәкіров, Ж.Смақов, С.Бердіқұлов, Д.Досжанов, т.б. осы сияқты талантты әдебиет өкілдерін атай аламыз. Бүгінгі жанрдың кадрлары өз алдына маманданған жағдайда, бұлар – үлкенді-кішілі болып балалар әдебиетінің туын көтеріп келе жатқан топ», – деп әдебиетші Серік Қирабаев атап өтеді [3, 47].

«Жоғарыда аталған балалар жазушыларының творчестволық қызметін саралап көрсек, олардың әрқайсысы-ақ әртүрлі өмір сабақтарын жас ұрпаққа үлгі етіп, алуан түрлі қоғамдық шындықты көркем бейнелеуге қатысқаны байқалады. Бұдан біз бүгінгі ер жетіп, профессионалды күйге жеткен қазақ балалар әдебиетінің өзінің бір аяғымен қазақтың халықтық әдебиетінің үлгісінде берік тұрғанын да танимыз. Ескі сөз үлгілері бүгінгі балаларға, балалықты бастан кешкен советтік ұрпаққа ертегілер мен аңыздар, батырлар жыры мен айтыстар күйінде ғана емес, сонымен қатар халықтың көрегендік даналығын, өмір тәжірибесін суреттеп, көркем бейнелей білген жаңа дәуір әдебиетімен де қызмет етуде [3, 48].

Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуына, соның ішінде балалар әдебиетінің қалыптасуына өз мүмкіншілігіне лайық еңбек сіңірген С. Бегалиннің жазушылық тәжірибесі бұған айқын дәлел.

Сапарғали Бегалин Ысқақұлы – қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, балалар әдеиетінің жазушысы, зерттеуші-фольклорист. 1895 жылы «Дегелең» деген таудың бауырында, қазіргі Семей облысының Абыралы ауданында дүниеге келді. Әкесі жеті жасында нағашысының ауылына әкеп, молдаға оқуға береді. Бір қыс оқып, мұсылманша сауат ашады. Мұхаметкәрім деген молдадан хат таныған соң 1902 жылы ауылына оралып, ел аузында көп айтылып, көп тараған «Мың бір түн» хикаяларын, «Шаһнаме» дастанын естиді. Сөйтіп жүріп, «Рүстем-дастан» «Бозжігіт», «Мұңлық-Зарлық», «Жүсіп-Зылиха» қиссаларын өзі оқи алатын дәрежеге жетеді.

1911 жылы қазақ даласында болған жұт халықты тұралатып кетті. Шаруасы шағын әкесі қолдағы бес-алты малдан айрылып қалған соң, жас Сапарғали әкесіне жәрдемдеспек оймен 1912 жылы Семейге келіп, пристаньға жұмысқа кіреді. Қалада жүріп орыс тілін үйренеді. Осы қалада тұратын мұғалім Нұрғали Құлжановтың үй шаруасына көмектесетін, атына қарайтын көмекшісі бола жүріп, сол адамның көмегімен орыс-қырғыз училищесіне түседі. Училищені 1915 жылы бітіріп шығады.

Семейде оқып жүрген кезінде қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев кітап оқыған, орыс жазушылары Л. Толстоймен, М. Лермонтовпен, А.С. Пушкинмен кездескен «Гоголь» атындағы кітапханаға келіп үзбей кітаптар алып оқып тұрды. Қалада таралатын татар тіліндегі «Шура» журналын, «Уақыт», «Қазақ» газеттерін, «Айқап» журналын үзбей оқи жүріп, ақын Абай Құнанбаевтың, Ғабдолла Тоқайдың өлеңдеріне ден қояды. Сапарғали Бегалин ең алғаш шығармашылық жолын өлең жазудан бастайды. 1914 жылы «Айқап» журналына «Қазақ бозбалаларына» атты тұңғыш өлеңі жарық көреді. Бұл өлеңінде ақын сол кездегі уақытын босқа қыдырумен өткізіп жүрген жастарды сынайды. Бұл жөнінде жазушы Сәйділ Талжанов естелігінде: «Сол күнде-ақ балапан ақын өз тұстастарының теріс қылықтарын көре алды, жеріне жеткізе әжуалайды. Әділетсіз тоғышар заманның сиықсыз салт-санасын шенеді, еңбекке шақырады», – деп бағалайды [4, 202].

1916 жылы патшаның июнь жарлығы бойынша Семейден 350 адам окоп қазуға жұмысқа алынды. Қазақтан солдатқа жастарды алу науқанында алғашқылардың бірі болды. Омск-Новониколаевка станциясына жөнелтілді. Кейін Волгада қаласына одан әрі Петроградқа келіп, солдаттық азап-өмірді басынан өткізді. Окоп қазуда жүрген әр ұлттың өкілдерінің туған жеріне деген сағынышын, қиын күндерді өткізгендерін көріп, ішіндегі сезімін жыр ғып жазады. Осы тұста көптеген өлеңдері жазылды. Солардың бірі «Азамат арманы», «Көшерме тұман серпіліп», «Құралға», «Ғизатуллаға», «Шаниге», «Естен кетпес жер барақ» өлеңдері еді. 1916 жылы жазған

өлеңдерінде патша өкіметінің саясатын сынға алса, «Жылаған жұрт уанды» дейтін жырында жаңа құрыла бастаған Совет өкіметін мадақтады.

Патша үкіметі құлап, ер азаматтар жұмыстан босатылып елдеріне оралды. Орысша-қазақша сауаты бар Сапарғали Бегалин Совет өкіметі орнаған алғашқы кезден бастап-ақ әртүрлі мекемелерде қызмет атқарды. Бірақ өлең жазуды тоқтатпай, жалғастырып отырды. Махаббат, табиғат, туған ауыл жайлы өлеңдерді әрдайым жазып жүреді.

Сапарғали Бегалиннің Алматыда «Темір жолшы» газетінде (1935-45 жж.) істей жүріп жазған көптеген көркем очерктерін, поэмаларын, өлеңдерін жұртшылық жылы қабылдады, оның ақындық, жазушылық дарыны сонда шыңдала түсті. Өлеңдерінің ішіндегі «Жаз лебі», «Көктем бұлты», «Нөсер артынан», «Сарыжайлау» өлеңдері сұлу пейзажды бейнелеп сазды лирик, сыршыл ақын екенін көрсетеді. «Кавказ аңыздары», «Бұқара – Самарқанд сапары» өлеңдерінде әдемі деталь мен бейнелер көп кездеседі. Ал қазақ әдебиетінің қырандарына арналған «Абайға», «Мұхтарға», «Қалыбекке», «Қасымға» деген өлеңдерінен ақынның жүрегінен шыққан таза сезімі, сыры аңғарылады.

Жазушы Жеңіс Қашқынов мақаласында: «Сапарғали Бегалин жасы сексенге келсе де өзін әлі қуатты да тың сезінеді. Ол жас жеткіншек балалардың сырлас досы, ақылшы ағасы, қамқор атасы болды. Солардың ортасында жайраңдап жүріп сыршыл өлеңдерін оқыды, соларға арнап жыр жазды:

Келешегім қанаттанған ғылыммен,
Шашулаймын той бастауын жырыммен.
Пионермін – жетпістегі жеткіншек,
Тіл қатамын шөбереме сырыммен, - дейді, ақын ағынан жарыла «Біздің Сәуле келешек» деген өлеңінде [5, 224].

Сондай-ақ, «Оның балаларға арнап жазған өлеңдері «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді». Жырларында жасөспірімдерге үлкеннің айтар насихаты да бар, сәби көңілінің күйін дәл білдіретін балалық тәтті арман да, қызықты мінез де бар. Бір өлеңдерде жас жеткіншектің жақсы үміті, талабы, әр іске икемділігі, құмарлығы сипатталса, енді бірінде олардың мінез-құлқы, әр алуан әрекеттері суреттеледі. Көп өлеңдері балаға өмір сырларын, табиғат құбылыстарын танытуға арналған», деген Нығмет Ғабдуллиннің сөзі балаларға арналған өлеңдерінің де өзіндік орны бар екенін көрсетіп тұр [6, 114].

Халықтың поэзияның үлгісімен творчестволық қызметін бастаған, халықтың бай тіл өнерінің нәрі мен сөлін еңбектеріне арқау еткен Сапарғали Бегалин әдебиетіміздің бірқатар жанрларында еңбектер жазды. Оның поэмалары, прозалық шығармалары, халық әдебиеті туындыларын жинау, бастыру ісіндегі еңбектері бірсыпыра. Сапарғали Бегалин өмірінің соңғы жылдарында Қазақстан Академиясының М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында ғылыми қызметкер болып қызмет атқарды. Сол жылдары бұрын баспа бетіне түспеген, халық аузында ғана айтылып жүрген халық ақындарының, өнер адамдарының өмірбаяндарын жинап, жазуға кіріседі. «Халық ақыны Ж.Жабаевтың творчестволық өмірбаяны», Доскей ақынның, Шашубай Қошқарбаевтың, Қуат Терібаевтың, халық ақыны Төлеу Көбдіковтың шығармашылығынан мол мәліметтер жинады. Суырып салма ақын, әнші Иса Байзақовтың, Естай Беркінбаевтың, Майра Уәлиқызының, Әміре Қашаубаевтың, күйші Дайрабай, Әбікен Хасенов туралы деректер жинап, ғылыми-әдеби жинақ шығарды. Көркем аударма саласында Пушкин, Лермонтов және басқа да көптеген орыс классиктерінің шығармаларын қазақшаға аударды. Ақынның біраз өлеңдеріне белгілі композиторлар – М.Төлебаев, Е.Брусиловский, Ш.Қалдаяқов ән жазды.

Поэзия мен проза жанрында қалам тербеген суреткердің ірі туындылары қатарында «Тау сыры» (1938), «Таңсық» (1940), «Қыран кегі» (1943), «Қанатты қазақ» (1943), «Машинист» (1944), «Алтай аңызы» (1947) поэмалары, «Сәтжан» (1947), (Көксегеннің көргендері» (1948), «Шоқан асулары» (1964) повестері, «Төл басы» (1947), «Ермектің алмасы» (1955), «Бақыт» (1956), «Жеткіншектер» (1960), «Сырлы қайнар» (1963) жинақтары, «Уақыт тынысы» (1968), «Қыран туралы аңыз» (1976) повестер мен әңгімелер жинағы, «Жамбыл Жабаев жөніндегі монография» (1946), «Халық ақындары» (1953), «Сахара сандуғаштары» деген әдеби-ғылыми жинақтары, «Замана белестері» атты мемуарлық романы аталады.

1938 жылы «Әдебиет майданы» журналында ақынның ең алғашқы көлемді шығармасы «Тау сыры» атты көлемді поэмасы басылды. 1940 жылы «Түрксиб» деген жинақта «Таңсық» поэмасы басылды. 1943 жылы негізгі арқауы халық аңызы болған «Тінейдің сарқұсы» деген құсбегілік аңызды өзгертіп «Қыран кегі» деген балаларға арналған поэма жазып шығарады. Оны оқушы жұртшылық жақсы қабылдап, жасөспірімдер қатты ұнатты. Содан бастап жастарға, балаларға арнап шығарма жазу басты жоспарына айналады.

Қазақ совет балалар әдебиетінің жазушысы кім десе, расында алдымен қарт жазушы Сапарғали Бегалин аталады. Себебі ол – балалар әдебиетінде әңгіме жанрын дамытқан, соның тамаша үлгілерін көрсеткен жазушы. Шығармаларының негізгі оқырманы етіп жастарды, жасөспірімдерді таңдайды. Және қазақ баласының психологиясын, талабы мен талантын, адамдық қасиеттерін жақсы танып, мол мейіріммен әңгімелейді.

Әдебиетші, ғалым Рымғали Нұрғали: «С.Бегалин – әдебиетіміздің поэзия, проза жанрларында тартымды, толымды шығармалар жазған көрнекті суреткер. Әсіресе, ол балалар әдебиетін дамытуға зор үлес қосып, «Бүгінгі Ыбырай», «Қазақтың маршагы» атануы тегіннен-тегін емес. Есімдері әлемге аян Том Сойер, Гаврош, Тимур секілді қызық мінезді, қайратты балалардың қатарына С.Бегалин өз кейіпкерлері Сәтжан, Көксеген, Уәш, Ердендерді қосты. Олар орыс, татар, грузин, поляк, корей, бір сөзбен, жетпіс жеті жұрттың балаларының сырлас досына, ет жақын бауырына айналды», – дейді [7, 82].

Балалар мен жасөспірімдерге арналған «Төл басы» атты әңгімелер жинағы 1947 жылы шықты. «Пионер» журналына «Сәтжан» атты повесті басылды. Бұл повесть одақтас ұлттар тілдеріне аударылып, орыс тілінде түрлі атпен бес рет мол тиражбен шықты. Повесть бүкіл одақтық конкурста жүлде алды. Шығармада бұзауын баға жүріп, құсбегі болып саятшылық құрып сұңқар қайырған, оны салып аң аулаған, әрі шаруа, әрі ақын, құсбегі бала жайында жазылады. Келесі бір шығармасы «Көксегеннің көргендері» повесті. Бұл шығарма ерекше жұртшылық көзіне шалынған – Алтайдағы кезбез маралды бағып, өсіруде ел аузына ілінген малсақ, шаруа сүйгіш, әрі оқуын жақсы оқитын зерек бала туралы жазылған. 1948 жылы «Тұңғыш», 1951 жылы «Ермектің алмасы», «Бала мерген», «Жас бұтақ» атты әңгімелер жинағы жеке кітап болып басылды. 1953 жылы

«Жеткіншектер» атты әңгімелер мен повестер жинағы, 1954 жылы «Ұрпақ», 1956 жылы «Бақыт», 1962 жылы «Мектеп түлектері» деген атпен әңгімелер жинағы басылып шықты. 1963 жылы балалар мен жасөспірімдерге арналған өлеңдер, поэмалар, ертегілері жинақталып «Сырлы қайнар» деген атпен жарық көрді. Осы кезде аналардың махаббаты мен қайратын бейнелеп жазған «Ана қайраты» деген кітабы жарық көрді. Халқымыздың асыл перзенті Шоқан Уәлиханов туралы ел аузында қалған әңгімелерді жинап, тарихи материалдармен танысып, «Бала Шоқан» повестін жазды.

Ақынның қаламдас досы, көрнекті қазақ жазушысы Сейітжан Омаров ол кісі жайлы өз пікірінде былай дейді:

«Сапарғали Бегалиннің қазақ әдебиетін өрге бастыру тарапындағы үлкен еңбегі оның жазған шығармалары қазақ совет әдебиетінің алтын қазынасына қосылды. Оның әсіресе мынау кеш өсіп, кешеу марқайған қазақ балалар әдебиетін өркендетудегі еңбегінің өзі бір төбе.

Совет балаларының өмірін шынайы суреттеп, жас адамдардың жүрегіне жол тапқан талай-талай тамаша повестер мен әңгімелердің авторы. Бұл шығармаларын үлкендер де сүйсіне оқиды. Сапекеңнің жарқын дарынына ризашылық білдіріп, күн сайын махаббатпен, зор ықыласпен талай хаттар жазған адамдар бар. Олардың әрқайсысына Сапекең уақыт тауып, өзінің қарттығына қарамастан шын ықыласпен жауап қайтарып жатады» [6, 224].

Сапарғали Бегалин балаларға арнап отыздан аса көлемді әңгімелер жазып, 20-дан астам кітап шығарды. Қазақ балалар әдебиетін дамытуға елеулі еңбек сіңірді. Әңгімелерінің тақырыбында көптеген күрделі мәселелерді көтерді. Олар аңшылық, мергендер өмірін суреттеу, мал шаруашылығына байланысты, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік істерге, Отан қорғау тақырыбына, жаман әдеттерден аулақ болуға шақыратын тақырыптарда жазылды.

Аңшылық тақырыбына арналған әңгімелеріне «Сәтжан» (1947), «Көксегеннің көргендері» (1948), «Бала мерген» (1956), «Алданған жолбарыс» (1956), «Тайатқан тауынан табылыпты» (1955) деген әңгімелері жатады. Осы шығармаларда туған өлкесінде, көбіне ауылда жүріп қызмет еткен ақын жаратылыстың сан қилы көркем көріністерін, мол байлығын суреттейді. Мал шаруашылығында жұмыс істейтін балалардың өмірін жазады. Баланың не нәрсеге болса да ұмтылғыш талабы мен әуесқойлығын, ешнәрсеге қынжылмайтынын жақсы сапасын байқатады. «Сәтжан» әңгімесіндегі Сәтжанның образы дәл сондай талапты баланың іс-әрекетін көрсетуге арналған. Сонымен қатар мергендер өмірін суреттейтін әңгімесі жас өспірімдерді спорт түрлерін үйретіп, шымыр болып өсуге тәрбиелейді.

Мал шаруашылығы тақырыбында жазылған әңгімелері: «Шопан даңқы» (1947), «Төлбасылар» (1947), «Сұрапылда» (1946), «Керкиік» (1952), «Будан» (1949), «Қозышы Нұрман» (1952), «Жылқышы» (1945) деп аталады. Бұл әңгімелерде мектеп оқушылары өз оқуын мал шаруашылығымен тығыз байланыстыра жүріп, өмір таниды. Малдың жайлы қонысын суреттеу арқылы табиғаттың мол байлығының көзін тауып, соны қалай пайдалануды үйретеді.

Балалар әдебиеті саласында келесі тақырыбы агробиология ғылымын насихаттайтын әңгімелері. «Жас бұтақ» (1950), «Қант бұршақ» (1954), «Есеннің кірпісі» (1951), «Хат» (1957), «Мектеп бағында» (1950) деген әңгімелері осы тақырыпқа жинақталады. Бұл әңгімелерден балалар табиғатты қорғауды үйренеді, балалардың жан-жануарларға деген қамқорлығы, қоршаған ортаға деген жақсы көзқарасы қалыптасады. Сонымен қатар жолдастық, достық қарым-қатынасты жақсы түсінуге мүмкіншілік береді.

Сапарғали Бегалиннің балалар әдебиеті саласында келесі бір тақырыбы Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлік істеріне, Отан қорғауға арналған. Бұл тақырыпта жазылған әңгімелері: «Тағы кездесті» (1954), «Машинист» (1952), «Жеткіншектер» (1946), «Киіксор» (1952), «Жас шеберлер» (1947) деп аталады. Әңгімелерде соғыс жылдарындағы еңбек ерлерінің күн-түн демей үздіксіз еңбек еткендері, қаһармандық істері суреттеледі. Соны балаларға үлгі етуге күш салады.

Ал «Ойламаған жүріс» (1952), «Ұрыншақ» (1956), «Жершіл шымшық» (1954), «Бес батыр» (1952), «Сымбатты Сима» (1957) деген әңгімелерінде балалардың кейбір ұнамсыз мінез-қылықтарын, есіртken еркелердің олпы-солпы ұрыншақ мінездерін әшкере етеді, өмірге икемсіздігін мінейді, соларды түзу жолға, жөнге салуға, жаман әдеттерден аулақ болуға тәрбиелейді.

«Бүгінгі жас ұрпақты Сапекең кітаптарын оқуға шақырғанда, біз алдымен одан халықтық дәстүрлері тіршілігі тудырған кәсіптердің неше түрлі көріністерін, дала өмірінің сан қилы қызықтарын тамашалауға болатынын еске аламыз. Оның төрт түлік туралы жырлары, ертегі, аңыз, мысалдары балалардың өмір тануына, табиғат сырын түсінуіне, жан-жануарлар дүниесін ұғып, сырласуына жол ашады [8, 27].

Қорыта келгенде айтарымыз жазушылардың әр шығармасы оның үлкен ізденісі мен шабытының туындысы екені белгілі. Ал, балалар жазушысы болу одан да қиын. Балалар жазушысы өз шығармасын жазуда бала жандүниесін сезініп, сол көңіл мен сезімді түйсінуі тиіс. Сондықтан қазақ әдебиетіндегі кезкелген балалар жазушысының алатын орыны ерекше. Ал, Сапарғали Бегалин солардың бірегейі. Ол балалар әдебиеті саласында әңгіме жанрын дамытып, көптеген әңгімелер мен повестер жазып қалдырды. Сонымен қатар жазушы әңгімелері мен повесттері арқылы жас ұрпақтың бойына ел сүю, жер сүюдің жақсы сезімдерін сіңдірді, оларды халық дәстүрін үйренуге, оны сыйлауға үйретті. Халқымыздың ұлы перзенттерін құрметтеуге, тарихқа адал, достыққа берік болуға тәрбиеледі. Шығармаларында қазақ балаларының, ауыл балаларының психологиясы мен ішкі сезімдерінің иірімін көрсетті және қазақ балаларын әлем әдебиетінің сахнасына шығарды. Қазақ совет балалар әдебиетінің қалыптасуына үлкен үлес қосқан Сапарғали Бегалинді оқушыларына берері мол, кемеліне келген, өзіндік өрдің жаңа биігіне көтерілген жазушы деп бағалап, құрметтеу орынды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахметов Ш. Балалар әдебиетінің очеркі. – Алматы: Қазмемкөркемәдеб., 1960. – 135 б.

2. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1965. – 327 б.

3. Қирабаев С. Өнер өрісі. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1971. - 272 б.

4. Талжанов С. Өткен күндер сөйлейді: (Естеліктер мен шежіре әңгімелер). – Алматы: Жазушы, 1979. 348 б.

5. Қашқынов Ж. Ағаға қарап іні өсер // Жұлдыз. Әдеби-көркем қоғамдық-саяси журнал. – 1975. - № 11. – Б. 221-224.

6. Ғабдуллин Н. Біздің Сапекең // Уақыт сыры. Мақалалар, зерттеулер. –Алматы: Жазушы, 1981. – 232 б.

7. Нұрғали Р. Дегеленге біткен шынар // Бегалин С. Шығармалар жинағы. Естеліктер. Т.1. – Алматы: Балалар әдебиеті баспасы, 2007. – 248 б.

8. Қирабаев С. Қазақ әдебиетінің ақсақалы // Бегалин С. Шығармалар жинағы. Естеліктер. Т.1. – Алматы: Балалар әдебиеті баспасы, 2007. – 248 б.

Забира Жолдасбекова,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Отырар кітапханасы» ғылыми орталығының сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінің жетекші ғылыми қызметкері

Маржан ЕРШУ,
ақын, филология ғылымының кандидаты

Суреткер

Әбіш Кекілбаев – адам жанының тереңдігін, адам жанының ғажайыбын шеберлікпен аша білген жазушы. Ә.Кекілбаевтың кейіпкерлері өмірдегі қарапайым адамдар болғанымен, кішкентай кейіпкер жоқ. Оның кейіпкерлері алуан түрлі мінезімен, тағдыр-талайымен, жан дүниесінің тереңдігімен ерекшеленеді. Суреткер заман мен адам болмысының сан қырын қара сөздің құдіреті арқылы санамызда нөсер жауғызып, найзағай ойнатады, кейде түпсіз терең мұхит-ойларымен таңдай қақтырып, қайран қалдырады. Әбіштің әлеміне таңғалмайтын адам аз.

«Әбіш Кекілбаев – заманымыздың бір заңғар тұлғасы. Кекілбаев туралы сөз айту кімге болса да, оңайға түсе қоймас», - деп Қуаныш Сұлтанов айтқандай, Әбіш аға туралы сөз қозғау, оның шығармашылық әлеміне үңілу мен түсіну оны зерттеу көп еңбек пен ізденісті және ақыл-миды талап ететін дүние.

Әбіш Кекілбаев әдебиетке келгелі оқырманын да, ортасын да ойландырып келеді,оның әр кітабы, әр сөзі өнеге, құнды мұра. Оның ғұлама ақыл-ойы, шығармалары шетелдіктерді де таңғалдырды. Немістің «Фольк унд Вельт» кітап баспасы жүргізген сауалнама хаттамасында Әбіш Кекілбаевтың есімі «XX ғасырдың таңдаулы жазушылары» тізіміне енгізілген. Бұл тізімге түркі әлемі жазушыларынан екі адам – Әбіш ағамен бірге Расул Ғамзатов, Шыңғыс Айтматов енген болатын. Әбіш Кекілбаев кеңестік кезеңде кеңінен танылған және мойындалған жалқы тұлға. КСРО Жазушылар одағы алқасының, халықаралық «Лотос» жазушылар сыйлығы қазылар алқасының, Мәскеудегі «Художественная литература», «Дружба народов» баспаларының редакциялық алқа мүшесі болды, Азия-Африка жазушылары халықаралық комитетінің мүшелігіне сайланды. Кекілбаевтың шығармаларын кезінде Мұхтар Әуезов өте жоғары бағалаған.

Әбіш аға 1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы (бұрынғы Гурьев облысы), Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде туған. Арғы атасы Қожаназар Жанайұлы қазақтар көшін Маңғыстауға бастап келген. Белгілі, білікті, беделді, дәулетті адам болған.Бір замандарда Әбіш ағамыздың ата-бабасы Жылыой өңірінде, Жем өзені бойын мекендеген. Бұған тарихи деректер куә. Менің туған ауылым Аққиізтоғайдың атауы туралы бір дерек айтайын.Әбіш ағамыздың бабасы Таған бай бабасы Қожаназарға ас беріп, сол асқа Әбілхайыр ханның ұлы Айшуақ хан келіпті. Қазақ дәстүрі бойынша ханды ат кермесінен аяғын жерге тигізбей, жер бетіне төселген ақ киізбен қарсы алған. Хан аяғына төселген ақ киіз бен тоғай әдемілігі ел ауызында аңыз болып таралыпты да, біздің ауыл сол астан соң «Аққиізтоғай» деп аталып кетіпті. Менің «Аққиізтоғай» деген өлеңім осы тарихтан сыр шертеді.

Аққиізтоғай

Топырағында кім толқымай тұра алар,
Қойнауында-асыл «Алтын Адам» сынды мұра бар.
«Аққиізтоғай» деген атың ардақты
Кешегінің аңызы боп құралар.
Пір Бекеттің кіндік қаны тамған жер,
Атажұрты-Ақмешіт боп қалған жер.
Аққиізтоғай қасиетті мекенсің
Асан Қайғы барған жер.
О, заманнан ертегідей жеткен сыр,
Күмбір күйлер төгілгенде шектен бір.
Ежелгі аты ұмытылып қалған да
«Аққиізтоғай» деп аталып кеткен жер.
Өткен күндер шежіресі әр қилы,
Ұлы Жемнің каймағы боп қалғиды.
Ауылымның әр перзенті бұл жерге
«Әбіш аға туыс қой» деп шалқиды.
Туыстығы тым әріден басталған,
Бабасының басқан ізі-тастарда.
Ел аузында таңғажайып аңыз боп
Таған баба жасаған бір ас қалған.
Әбіштей пір Таған байдан тараған,
Батыр баба биік тұрар қарадан.
Қожаназардай бабасына ас беріп
Жиналыпты сан адам.
Кіші Жүздің ханы кепті сол асқа,
Аты әйгілі Алашқа.
Хан аяғын қара жерге тигізбес
Ақ киіз бар тоғайына жарасқан.
Ақ киіздің көптігіне дау бар ма?!
Ақ мақтадай көз тартады жайғанда.
Тоғай іші сұлулыққа тұнынты
Суы-шәрбат, гүлі жайнап
Құстар әнге салғанда.
Нұр шұғыла тарағанда маңайға,
Табиғаттың бар бояуы-тоғайда.
Ақ пейілдің белгісіндей ақ киіз
Аңыз боnты талайға.
Бұл өңірде сондай ғажап өтіnті,
Аңыз-жыр боп алыстарға жетіnті.
Сол астан соң. Біздің шынымен
«Аққиізтоғай» деп аталып кетіnті.

Әбіш аға сондай ғұлама, ұлы жазушы болса да, өмірде сондай қарапайым адам еді. Астанада өтетін мәдени-әдеби шараларда Әбіш аға келе жатқанда бүкіл ақын-жазушы қауымы, халықорындарынан тік тұрып, қошаметпен қарсы алатын. Әбіш ағаның сөзін тыңдауға бәрі де құмар еді. Сөйлеп кетсе,шежіре-көмбедей, тарихи әңгімелерді айтқанда жылдармен, цифрлармен жаңылыспай сөйлегенде, осындай ғажайып данышпанды тыңдағаның үшін өзіңе өзің риза боп отырасың. Оның «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» , «Абылай хан» т.б тарихи шығармалары – тек тарихи шежіре емес, бүгінгі қоғаммен, ұлт мүддесімен үндесіп, ұлттық рух пен әлемдік өркениеттің құндылықтарына ұмтылдыратын қуатты шығармалар. Ол өзінің ұлт жауһарына айналар қазыналы әдеби мұраларымен Мұхтар, Қаныш, Әлкей, Сәбит, Ғабит бастаған алыптар көшінің белді өкілі болып, қасиетті қазақ тілімізді, рухани өмірімізді, жан дүниемізді байытты.

Былтыр Әбіш ағаның үйінде болдым. «Әбіш аға, құлақ ассаңыз, бір өтінішім бар еді. Күй – анасы Дина шешеміз туралы қазақша-түрікше «Дина Нұрпейісова» деген кітап-альбом шығарғым келеді. Осы кітабыма алғысөз жазып беріңізші. Дина Нұрпейісова туралы» дедім.

Әбіш ағам жазайын деп жазып берді. Бұл - 2015 жылдың 25-қараша айы болатын. 27-қарашада ҚР Ұлттық академиялық кітапханада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Оқырман қауым – Ұлы Дала Елінің болашағы» атты тақырыпта халықаралық оқу конгресі болып өтті. Әбіш аға осы жиынға келіп, сөз сөйледі. Сол жиналыстағы Әбіш сөйлеген сөзі кітапхана қорының мұрағатында сақтаулы.

Осы күндерден соңарада аз уақыт өткенде, Әбіш аға да өмірден өтті. Әбіш ағаны сағынамыз. «Айналайын» деген сөзін сағынамыз...

Кенжегүл ШАХАНБАЕВА,
Астана қаласы «10 мектеп-гимназиясы»
бастауыш сынып мұғалімі

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ ПӘНІ АРҚЫЛЫ ТІЛ ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Тақырыптың жалпы сипаттамасы

Білім беру жүйесі тәуелсіздік жылдары ішінде басқа салалар сияқты түрлі бағдарламаларды жүзеге асыруда. Қоғаммен бірге бірыңғай заманауи талапқа сай білім беру жүйесі қалыптасып, дамуда. Солардың ішінде білім беру, оқыту сапасы, саналы түрде, жоспарлы жалғасуда.

Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы оқыту жүйесінде теориялық білім мен практикалық дағдыны тең ұстау, сөйлеу қызметіне баса назар аудару бағыты күн санап өсіп келеді. Оқушылардың өз ойын айқын, байланыстырып, жүйелі сөйлеу дағдылары мен сөйлеу мәдениеті қалыптастыру меңгертуде қолданылатын әдіс- тәсілдер жүйесі де уақыт талабына сай өзгертіліп, дамытылып тереңдетіліп отыр. Әдебиеттік оқу пәні арқылы берілетін білім мазмұны білім алушының ғылыми- теориялық ойлауын, сөйлеу дағдыларын, коммуникативтік құзіретін дамытуға қызмет етіп, оның белгілі бір тақырыпқа байланысты топтастырылған ұғымдар мен айқын сөйлем түріндегі байламдар жасау қабілетін қалыптастыруы тиіс.

Әлемдік деңгейдегі білім берудің қазіргі парадигмасы білім беруде нәтижеге бағдарлану, оқытуды оқушының жеке тұлғасына бағыттау, ал оқыту әдістерін тұлғааралық қарым-қатынастарға бейімдеу болып отыр. Демек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы, танымдық «жаңалық» ашуы шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасауы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасуы керек.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасыда білім беру саласының алдына шешілуге тиісті біраз міндеттер қойылды .

Бүгінгі күнгі жалпы орта білім беру мекемелерінде оқушылардың тіл байлығын дамыта оқытудың сапасын артыруда талай жұмыстар атқарылып, нақтылы шаралар белгіленгенімен, оқыту мақсатында түбегейлі мақсатқа жету жолында әлі де көптеген істердің атқарылуын қажет етеді.

Соның бір жолы әдебиеттік оқу пәніне сабағында мәтін тапсырмалары арқылы оқушылардың тіл байлығын дамытуды тиімді қолдану. Тіл дамыту сабақтарын сапалы жүргізу оқушы тілін ұштай түсетіні ақиқат. Ғалымдар еңбегін саралау барысында мәтіндік тапсырмаларды қолданудың бірнеше тиімді жолын көрсетіп, оған үлкен мән береді. Ғалымдар көрсеткен үлгімен әдебиеттік оқу пәніне сабақтарында мәтіндік тапсырма түрлерін пайдаланып, тиянақты

нәтижеге қол жеткізуге болатынына көз жеткіздік.

Іс –тәжірибенің жаңашылдығы:

Еліміздегі білім жүйесінің алдында тұрған басты мәселе –оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі озық тәжірибелі технология негізінде оқушыларға білімді дайын күйінде бере салмай, алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай пайдаға асыра білуге үйрету жолдарын меңгертуде ұстаздық шеберлікті талап етеді.

• Берілген мәтінді оқып, одан түйінді ой шығару.

• Тіл дамыту жұмыстарының түрлері мен мазмұны айқындалды.

• Жоба сабақ берілген шығармашылық жұмыс арқылы оқушының ізденушілік қабілетін дамыту.т.б

Іс –тәжірибенің жаңалығы:

Өз іс-тәжірибемде білім беру сатысында мәтнді түсініп оқу жолдары қарастырылды.

Сабақ барысында қазақ тілінен берілетін білім мазмұны өмір талаптарына сай сұрыпталды.

Тіл дамыту жұмыстарының түрлері мен мазмұны айқындалды.

«Әдебиеттік оқыту сабағында мәтінмен жұмыс арқылы оқушылардың тіл байлығын дамыту»

Іс –тәжірибенің мақсаты: Оқушылардың сөйлеу мәдениеті қалыптастыру.

Іс –тәжірибенің міндеттері:

1.Өзара , сөйлесу, пікір алмасу дағдыларын қалыптастыру.

2.Әр сабақта мәтінмен жұмысты түрлендіре жүргізу.

3. Оқушылардың сөйлеу мәдениетін, мәтінмен жұмыс жасауын дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже:

Оқушылардың сөйлеу тілі дамиды;

- Байланыстырып сөйлеу дағдысы қалыптасады;

- Көркем шығармалармен танысады және мәтін мазмұнын талдай отырып, негізгі ойды түйіндейді.

Нысаны:Жалпы білім беретін ұстаздар мен оқушылардың бірлесіп істейтін жұмысы.

Іс –тәжірибенің болжамы:егер: оқу барысында белсенді сөздік қорын (ауызша және жазба тілінде) дамытуға бағытталса, мәтін тапырмалары арқылы оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілеті дамып, тіл байлығы қалыптасады.

Іс –тәжірибенің әдістері:

- ҚР Білім ғылым министрлігінің құжаттарын, педагогика, психология, әдебиеттік оқыту әдістемесін оқу, талдау;

- бағдарламалар мен оқулықтарға талдау жасау, оқушылардың әдебиеттік оқу арқылы тіл байлығын дамыту ;

- сабақ құрылымын жоспарлауда жаңа технологиялардың түрлі стратегияларын тиімді қолдану жолдарын қарастыру;

Іс–тәжірибенің көкейкестілігі: Еліміздегі білім жүйесінің алдында тұрған басты мәселе –оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі озық тәжірибелі технология негізінде оқушыларға білімді дайын күйінде бере салмай, алған білімін өмірлік қажеттіліктеріне сай пайдаға асыра білуге үйрету жолдарын меңгертуде ұстаздық шеберлікті талап етеді.

Іс –тәжірибенің нәтижесі:

• Әдебиеттік оқу сабақтарында оқушылардың байланыстырып, жүйелі сөйлеу дағдылары, сөйлеу мәдениеті қалыптасты;

• Сабақтарда және сабақтан тыс уақыттарда сөйлемдерді орынды қолдана білуге жаттықты;

• Мәтін тапсырмаларын пайдалану негізінде оқушылардың сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлесу дағдылары қалыптасып, грамматикалық тұрғыда жүйелі сөйлеуге үйренді;

• Шығармашылық жұмыстары баспасөз беттерінен жарық көре бастады

ТӘЖІРИБЕМДЕ

Жеке адамды қалыптастырып дамыту және оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген білім беру технологиялары ұсынылуда: СТО дамыта оқыту, рейтингтік, модульдік оқыту технологиясы, ынтымақтастық технологиясы т.б. технологиялары.

Оқушының ойлау қабілетін дамыту үшін өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру, оқушы белсенділігін арттыру барысында проблемалық сұрақтарды пайдалану, проблемалық ситуацияларды туғызу қажет.

Бәсекеге барынша қабілетті, әлемнің жоғары дамыған елу елінің қатарына қосылу үшін ең алдымен білім беру саласын реформалауды қолға алу қажет. Осыған орай, әдебиеттік оқу пәнін тиімді оқытудың алғы шарты – ұстаздардың әдістемелік ұсынысы арқылы әр түрлі әдіс-тәсілді пайдалану нәтижесінен тәжірибе жинақтай отырып және оның тиімді жақтарын өз тәжірибе енгізу.

Тиімді оқытудың негізгі бір шарты – білімнің мазмұнын дәл тиімді анықтау. Негізгі ұғымдар мен мәселелерді, теория мен фактілерді қажеттілігі мен тиімділігіне сай іріктей білу, өз бетімен оқи білуге, білім алуға үйрету.

Әдебиеттік оқу пәніне терең меңгертуде тіл дамыту жұмыстарының атқаратын маңызы өте зор. Тіл дамыту сабақтарын сапалы жүргізу оқушы тілін ұштай түсетіні анық. Тіл дамыту жұмыстарының бір ерекшелігі – оқушыларға тілдік заңдылықтар туралы тиянақты мағлұмат беріп, оны оқу әрекетінің барлық сатыларында дамытып отыру тиімді. Мысалы, тілдің қоғамдық рөлін, сұлулығын, байлығын, даралық сипатын түсіндіріп, белгілі ақын-жазушылардың, ғалымдар мен ойшылдардың нақыл сөздеріне талдау жасату керек. Дидактикалық мәтіндерді іріктеп, ондағы ой жүйесін қорытындылауға баулу; тіл сөз құдіреті жайында халық ауыз әдебиеті үлгілерін, мақал-мәтелдерді жинату; тіл туралы оқушының ой-пікірлерін, толғаныстарын жаздыру секілді жұмыс түрлерін ұсыну оқушының білімін арттырады.

Тілдің даму үстінде болатыны, оның ішкі заңдылықтары да оқушы назарынан тыс қалмауы тиіс. Әр ұрпақтың сөздік қорының өзгеруімен, яки тіл өзінің негізін сақтауымен бірге, ішкі алмасу, жаңару сипатына ие болатыны жөнінде, лексика, морфология тарауларын өткенде мол мағлұмат беріледі. Бір тақырыпқа байланысты әр кезеңде жазылған мәтіндерді салыстыру, тілдің тарихы туралы ғылыми-көпшілік мақалаларды талдау, түрлі лексикалық сөздіктермен жұмыс жасау үстінде оқушы білімі бекітіліп отырса құба-құп.

Соның бір жолы –әдебиеттік оқу пәні сабағында мәтіндік тапсырмаларды тиімді қолдану. Бұл жайында педагогика ғылымының докторы Н.Құрманова

былай дейді: «Тіл дамыту оқушыға берілген теориялық материалды практикалық қажеттіліктерімен, арнайы ұйымдастырылатын түрлі тілдік ситуациялармен, сөйлеу жағдайларымен байланыстыра отырып, жаттығулар орындату. Тіл дамытуда ситуациялық жаттығулар мен іс-қағаздарын, стильдердің ерекшеліктерін меңгертуге басым назар аударылады». Әрине бұл жағдайларды күнделікті сабақ барысында тиімді қолдану үшін икемділік пен дағдылық білім жүйесін танып, білу қажет. Тілді оқытудың алғашқы кезінен бастап соңғы кезіне дейін мәтінді ұзақ уақыт сабақта қолданылатын болғандықтан, ол сөйлеудің дұрыс үлгісінің еске сақталуына мүмкіндік беретін дидактикалық материал. Мәтінмен жүргізетін жұмыс түрлері оны оқу, мәтінді дұрыс сөйлеу үлгілері арқылы оқығанын , жеңіл диалогқа айналдыру, қарапайым мазмұнын айту арқылы көрінеді. Мақсаты- оқушының мәтіндерді практика жүзінде іске асуына, байланыстырып тіл байлығын қалыптастыруға дұрыс пайдалану. Сабақ барысында сол қиындықтарды жеңілдету үшін мен өз тәжірибемде тірек сызбаларды қолдану арқылы төмендегі әдістермен дамытуға мүмкіндік туғыздым.

Мысалы: Ы.Алтынсарин тақырыбын өткенде мына тірек сызбаны қолдануға болады.

Ыбырай Алтынсарин

1. Ы.Алтынсарин кім? (педагог, ағартушы, жазушы, ауыз әдебиетін зертеуші, этнограф)

2. Ы.Алтынсариннің өмір сүрген жылдары.

«Қазақ хрестоматиясы», «Кел , балалар, оқылық!», «Әке мен Бала»

Түсініктеме: түрлі-түсті жазылған сөздер 1,2,4 сандарының орнына бұрыштап жазылады.

I. Сөздік жұмыс:

1.Сөздерді таныстырып, мәнерлеп оқу.

2. Топпен дауыстап оқу

3. Сөздерге сөз тіркесін құру. (Ауызша)

II. Сұрақ -жауап : 1. Ы.Алтынсарин кім? 2.Ол қай жылы дүниеге келді? 3. Ы.Алтынсарин қай жылы қайтыс болды?

III. 4. Ы.Алтынсарин еңбектері қандай?

IV. Өз ойын айту: тірек сызба арқылы оқушы Ыбырай Алтынсарин туралы өз ойын айтады.

V. Баяндау: тірек сызба арқылы оқушылар Ыбырай Алтынсарин туралы кім екенін, өмір сүрген жылдарын, еңбектері туралы толық баяндап береді.

VI. Сұхбаттасу: Оқушы Ы.Алтынсарин туралы сұхбат береді (екі оқушының сұхбаттасуы)

VII. Монолог: тірек сызба арқылы оқушылар Ыбырай Алтынсарин туралы толық әңгімелеп береді.

VIII. Аударма: тірек сызба арқылы оқушылар Ыбырай Алтынсарин туралы әңгімені орыс тілінде ауызша түсіндіреді.

IX. Тест: Тақырып бойынша тестке жауап беру.

Осындай тірек сызбаларды қолдану барысында әр түрлі әдістерді қолданып, ауызша тілді дамытуға болады. Кез-келген белгілі адамдар туралы оқығанда тірек сызбалар арқылы толық мәліметтер алуға мүмкіндік туады.

Сондай-ақ тілдік бірліктердің өзара байланыстылығына, бір-біріне тәуелділігіне, яғни тілдің күрделі құбылыс екеніне оқушының назарын аударудың маңызы зор. Мәселен, дыбыс – морфема мен сөзде, сөз – сөз тіркесі мен сөйлемде, сөйлем мәтінде қолданылатынын, осылай тізбектеле орналасуының өзінде ерекше заңдылық бар екенін білу оқушының білімін тереңдетумен бірге, сөзді орнымен қолдануға үйретеді. Оқушылар сөздегі әр дыбыстың грамматикалық, лексикалық мағынаны түрлендіруге негіз болатынын таниды; екінші жағынан, сөз тудыру, форма түрлендіру және сөздердің бірігуі сол сөздің лексикалық мағынасына тәуелді болатынын біледі. Мәселен, лексика тарауын өткенде, тілдік хабардарлықты басқа тараулармен қалай сабақтастыруға болады?

12. Жұмыстың көкейтестілігі, міндеттері, ғылыми маңыздылығы, іс жүзінде қолданылуы.

Мектепте оқытылатын әдебиеттік оқу пәнінің лексика тарауы өзге тараулармен тығыз байланыста қайталанып отырылатын өзекті сала. Себебі, мұнда тілдің негізі – сөз туралы, оның басты белгісі – мағынасы жөнінде жан-жақты айтылады.

Кез келген теориялық білім мазмұнында тілдің құрылымы мен қызметі жайындағы білімдердің жиынтығы берілуі тиіс. Мұндай білім екі түрлі қызметті атқарады: бірі – оқушының тілді қолдану өрісін кеңейтсе, екіншісі, тілдік іскерлік-дағдыларды қалыптастырады. Яғни теориялық білім мен тілдік тұжырымдарды практикалық тұрғыда қолдану нәтижесінде сабақтың түпкі міндеті жүзеге асырылады. Сондықтан лексика тарауы бойынша өтілетін тақырыптар үстірт түсіндіріле салмай, оқушының тілін дамытуын, сөздік қорын байытуда, әдеби тіл нормаларына сай болуын ескерту жөн. Бала өтіліп отырған тақырыпты дара қалпында қабылдамай, тілдік жүйедегі орнын, басқалармен байланысын, әрі тұтастың бөлшегі ретінде қызмет ететінін бағамдайды. Мұндай лексикалық байланыссыз ешқандай тілдік ұғымды игертуге болмайды.

Оқушылардың тіл білімі жөніндегі түсінігін қалыптастыру дегеніміз – балаға тіліміздің ғылым ретіндегі даму үрдісін, жүйелілігін, атқаратын қызметін түсіндіру болып саналады. Мұның өзі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылып беріледі. Оқушы әрекетіне түрткі болып, оны білімге талпындыратын негізгі тетіктер – пәнге деген қызығушылық, білімге деген қажеттілік бір-бірінен туындап отырғанда ғана түпкілікті нәтижеге жеткізеді.

Оқушының бойына ана тілге деген шынайы сезімді қалыптастыру әрекеттері жалаң ұрандар мен құрғақ уағыздардан болмау керек. Мұнда тіліміздің ерекшеліктерін, я айрықша сипаттарын нақты мысалдар арқылы алға тарта отырып, ол туралы баланың өзі ойланатын үлгідегі жұмыстар ұсыну тиімді. Мысалы, синонимдік қатардағы саны көп сөздерді, сөздіктерді пайдалана отырып тапқызу тілдің байлығы туралы мағлұмат берсе, ана тіліндегі үндестік. Ал тұрақты сөз тіркестерінің мағынасын ашу арқылы тілдің мазмұн жинақылығын анықтайды. Мақал-мәтелдерді оқу нәтижесінде халықтың тіл арқылы танылатын данalығынан хабардар болады. Сол сияқты қарым-қатынас жасау әдебіне енетін, түрлі атаулық ұғымдар қарым-қатынас жасау әдебіне енетін, түрлі атаулық ұғымдар (айналайын, қарағым, қозым, ботам, жарығым т.б.) мен жер-су атауларын берудегі тапқырлықтар ұлттық таныммен, ұтымды үрдістердің жүйесін

белгілеумен бірге олардың сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Мұның қай-қайсысы болса да, біріншіден, ана тілінің жеке пәндік, арнайы міндеттеріне қатысты болса, екіншіден, сол арқылы тілдің жалпы дидактикалық мақсатын айқындайды. Оқушыларды саналы тәрбиелеу, олардың логикалық ойлауын дамыту, алған білімдерін өз беттерінше толықтыруға үйретеді. Қазіргі заман оқушылары ақпараттық материалды да еркін қолдана біледі. Бала өтіліп отырған тақырыпты дара қалпында қабылдамай, тілдік жүйедегі орнын дамытып, өз жұмыстарын мысалы; сурет, мәтін, шығарған өлеңдерін журнадарға жіберіп отырды.

Қалалық деңгейде өткізілген тәрбие сағаттарда оқушылардың тіл байлығы, сөздік қоры, әдеби тілде өз ойын еркін жеткізетіндіктерін байқап, мадақтап, Республикалық ғылыми-танымдық журналда «Жақсылықтар жиынтығы Әз-наурыз!» атты тақырыпта олар туралы суреттері шықты.

Сонымен қатар, осы Республикалық ғылыми-танымдық журналда 1 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні оқушыларымның суреттері мен Тұңғыш Президент туралы жазған шығармалары мен өлеңдері шықты.

Оқушыларымның шығармашылық жұмыстарын құрастырып, жинақ шығаруға дайындау барысындамын.

Оқушылардың тіл байлығын дамытып, оқыту барысында тәрбиенің эстетикалық, адамгершілік т.б. түрлері мынадай оқу материалына қатысты беріледі:

а) тіл туралы жалпы мағлұмат.

ә) сабақ үстінде ұсынылатын дидактикалық материалдар.

Дидактикалық материалдар кездейсоқ жалаң тілдік дүниелерден құралмауға тиіс, ол оқушы танымын кеңейтуге арналып, ұлттық педагогикаға негізделген тәрбиелік мәні терең, пайымды мәтіндерден жинақталған болуы керек. Тақырып ауқымы мен мәтін мазмұны ұтымды ұтымды үйлескен дидактикалық материал – мұғалім шеберлігінің белгісі. Тәрбиелеу мен білім беруді қатар алып жүру үшін сабақ сыныптан тыс жұмыстарды қатар алып жүрген абзал. Мектепте өткізілетін түрлі кештер мен кездесулердің әсерін баяндау, өзекті мәселелер төңірегінде мазмұндама, шығарма жаздырту, оқушылардың тілектері бойынша тіл туралы қосымша шаралар ұйымдастыру, оқушыларға тәрбие берумен қатар белсенділіктерін де арттырады.

Осы талаптапрды ескере отырып, жалпы білім беретін мектептердегі бастауыш сыныптарға арналған қолдабалы курс жұмысын өткізу мақсатында, оқушылардың жас ерекшелігі мен деңгейіне байланысты күнтізбелік жоспар мен онда қолданатын ертегілерді жинақтадым. «Ертегілер елінде» қолтаңбалы курсының маңыздылығы оқушылардың әдеби мәтіндер арқылы тілдік қоры мен тіл байлығын кеңейтуге мүмкіндік туғызуға қызмет етуімен дәйектеледі. Сонымен қатар «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» оқушылардың тілдік қорларын дамытуда халық ауыз әдебиеті бойынша жұмыс жүйесі берілген. Оқушыларға жұмбақ, жаңылтпаш, мақал – мәтелдер және ертегі-әңгімелер мен аңыздардың жүйесі мен жылдық жоспары көрсетілген. Қолтаңбалы курс күнделікті бала тілін дамыту процесіне пайдалануға тиімді. Бір-біріне сыни көзқарасын қалыптастырып, оны әділ шешуге ұмтылдырады, сонымен бірге ұжымдық бірігуіне әсерін тигізеді.

Әдебиеттік оқытумен қатар, алған білімдерін қоытындылап, талдау жұмыстарының маңызы зор екендігін сызба арқылы көрсету:

Міне, осындай құндылықтарына қарай алғанда, мектептерде әдебиеттік оқыту сабағында талдау жұмыстарының ғылыми практиалық қажеттілігі ерекше зор және көп қолданылып отыратын әдістің түрі.

Талдау жұмысы әрқашан өтілген тілдік материалдарға байланысты жүргізіліп отырылады. Онда да жаңа материалдарды түсіндіру үшін, өтілген материалдарды жинақтап, қорытып отыру үшін, өтілген материалдарды жинақтап, қорытып отыру үшін өте қажет.

Мысалы,

а) Жаңа материалды түсіндіру үстінде қолданылатын талдау.

Қандай материал болмасын, мұғалім алдымен өзі талдап түсіндіреді және сол арқылы талдау үлгілерін көрсетеді. Мұнда өткен материалдардың ұқсастығы мен жақындығы бар салаларын жетік ете отырып, жаңа материалды талдайды;

ә) Бекіту ретінде талдау мұғалім түсіндірген талдаудың жалғасы болып саналады. Онда алдымен сабақ үстінде өтілген жаңа материалдардың мазмұнына қарай талдау жұмыстары жүргізіледі де, соған байланысты бұрынғы өтілген материалдардың негізгі түрлеріне қарай да әр жақты талдау жасалып отырылады.

Бұл әдісті қолданғанда, мұғалім тілдік материалдардың ішкі заңдылықтары мен жүйесін, оның бөлшектері мен ерекшеліктерін оқушыларға талдап, дәл ұғындыруға жол ашады, оларды қызықтырады.

Адамның ойлау қызметін жаңарту мәселесі баланың тілдік қабілетін шыңдаумен тығыз байланысты. Психологтардың адамның сөйлеген сөзінде оның ойлау жүйесі де көрінеді дейді. Сондықтан баланы жастайынан ойын жүйелі, нақты айтуға жаттықтырудың маңызы зор. Әсіресе, мазмұндау барысында, я көпшілік алдында сөйлегенде қойылатын талаптармен баланы таныстырып, оны дағдыға айналдыру арқылы нәтижеге жетуге болады. Ол талаптар жөнінде шетелдік әйгілі психолог Дейль Карнеги еңбектерінде бай мәліметтер беріледі. Онда сөйлеушінің өз тақырыбын нақты білуі, сөз сөйлеудегі мақсатының анықтығы, оны жеткізуге негіз болатын мәселелерді жүйелеуге негіз болады.

Мәтін арқылы көптеген тақырыптарды жүйелі баяндауға қалыптасуға мүмкіндік көп.

Мәтінді оқу түрлері

1. Дауыстап оқу.
2. Іштей оқу.
3. Араласып оқу (кезекпен оқу).
4. Буынға бөліп оқу.
5. Мәнерлеп оқу.
6. Сөйлемді мазмұнына, айтылуына қарай ырғағымен оқу.

Мәтінмен жұмыс

1. Дыбыстармен жұмыс.
2. Сөздіктермен жұмыс.
3. Сөздік қорларын жетілдіру.
4. Тіл дамыту - ертегі, аңыз әңгімелер, мақал-мәтелдер т.б.

5. Суреттермен жұмыс.

6. Ауызша сөйлей білуге дағдыландыру.

Мәтінді меңгеру дәрежесіне арналған жұмыс үлгісі.

Мәтін түрін айыру, мәтінге жоспар құру, мәтіндегі бейнелі сөздерді табу, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, мәтінді жалғастыру (шығ. деңгей), мәтінге сұрақ қою, талдау (орта деңгей) мәтінге сөздік жұмысын жасау (мінд. деңгей).

Демек оқушының жеке басының қасиеттерін дамытуда, тәрбиелеуде ең маңызды құрал – тіл туралы жүйелі ұғым қалыптастыру. Тілдің қызметін түсіндіруде басшылыққа алынатын қағидалар білім мазмұнындағы негізгі бағыттар, оқу-әдістемелік жолдар бір-бірімен тығыз бірлікте қарастыруды қажет етеді. Бала дүниетанымының қалыптасуында ерекше рөл атқаратын мәселенің қай-қайсысы да оның қабілетінің деңгейімен қаралатыны дау туғызбасы анық. Олай болса, тілдік қабілет оқушының жеке басы қасиеттерінің дамуының да айқын көрсеткіші болып саналады. Сондықтан оны қалыптастыру ана тілі пәні мазмұнында ерекше айқындалып, сабақ барысында жүзеге асыруға байланысты.

Мәтінді оқу арқылы оқушы не үйренеді?

Ендігі сөз кезегінде тілді дамыту жұмыстарындағы білім мен дағдының алатын орнына тоқтала кетсек.

Білім жүйесі әрқашан белгілі бір икемділік пен дағдыға сүйенеді де оның негізін қалайды. Білімге негізделген әрекет қандай да бір икемділіктің, кей жағдайда дағдының болуын қалайды.

Білімді меңгерту – оқушының танымдық талдау жасай отырып, оны орынды пайдалана білуі арқылы жүзеге асатын құбылыс.

Психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде білім мен дағды жөнінде әр түрлі ұғым жүр. Бірде білім мен дағды бір-бірінен бөлініп алынып оқшау қаралса, бірде ақыл-ой қызметі – саналы әрекет, ал дағды саналы әрекеттің автоматтанған компоненті деп жазылып жүр. Білім мен дағдының арақатынасы диалектикалық тұрғыда дұрыс түсіну мүмкіндігіне И.П.Павлов ілім береді.

Білімнің бәрі дағдыға айнала бермейді, бірақ дағды, әдетте білім арқылы қалыптасады. Уақытша байланыс пайда болуы үшін, жеткілікті дәрежеде қозу әсері, И.П.Павловтың айтуынша қозудың тиімді ошағы құралуы керек болады. Қозу немесе қозу ошағы жеткілікті дәрежеде құралған кезде шапшаң және баяу жылдамдықпен, дәлдеп айтқанда, уақытша байланыс қатары пайда болады. Одан әрі сол байланыстар әр түрлі басқа байланыстарға қосу да қозу ошақтары жеткілікті дәрежеде болған жағдайда жүзеге асырылады. Осындай процестердің нәтижесінде адам өз білімін еркін игеріп, білімін өз қалауынша пайдалана алады және баяу қозу кезінде стереотипті әсер ететін уақытша байланыстар жасалады. Ми қабығы клеткаларының баяу қозуы кезінде байланыстар сан алуан қайталанып, үздіксіз жаттығады. Соның нәтижесінде әрекет автоматтанады.

Еліміздің егемендiлігімен қатар жоғары және орта буындағы білім беру саласында жаңашыл ұмтылыстарға ден қойылды. Білім саласындағы бұл бетбұрыстың негізгі мақсаты – оқу-тәрбие үрдісін түбегейлі өміршеңдету, жаңашаландыру. Осы негізде қазақстандық білім беру құрылымын озық елдер тәжірибесімен ұштастыра отырып, оқушылардың тіл еркіндігін, сөйлеу мәдениетін және шығармашылық, әрі тұлғалық даму жүйесін жақсарту, оқытудың іс-тәжірибелік бағытын күшейту, ақпараттандыру арқылы білім берудің сапалылығын көтеру алға қойылды.

Педагогика теориясы мен әдістемесі ғылымның көкейкесті мәселесінің бірі – оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру. Осы бағытта қажетті көрсеткішке жету жолдарын тиімді жолға қою. Егер, теориялық білімді шығармашылық ізденіспен нақты игертіп отырсақ, оқушылардың алған білімі мен білік ізгілікті бағытта нақты қалыптасады. Мұндай жолмен қалыптасқан білімі мен біліктіліктің танымдық маңызы да зор болады.

Қазіргі заман талабы: әр оқушы әр сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймайды, соны өзі игеріп, талдап, пікір таластыру деңгейіне жетіп, даму үстінде болуын қалайды.

II. Практикалық бөлім. Зерттеулер, ізденістер, ғалымдар, ұстаздардың пікірлері.

Ендігі сөз барысында тіл дамыту жұмысында тиімділік танытып отырған бүгінгі педагогикадағы технология барысына тоқталып өтсек.

Бүгінгі педагогика оқушыны оқу барысындағы субъект ретінде қабылдайды. Соның бірі тиімді деп танылып отырған М.М.Жанпейісова технологиясындағы оқу үрдісінде:

- білім алушының көптеген тұлғалық психикалық қасиеттері оның жеке өзіндік, өзін қанағаттындыратын қызметі барысында айқындалып қалыптастыру,
- оқытуды ойын түрінде ұйымдастыру;
- әр түрлі белсенді формаларды (топтық, топтық-жеке және жұппен жұмыс, диспуттар, пікірталастар) қолдану,
- өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамыту;
- оқушыға сенімділік білдіру;
- пәнге қызығушылығын арттыру;
- оқушы өз біліміне сеніп, оны дамыту;
- өз білімін бағалау;
- өзара білім тексеру;
- ақпараттандыру арқылы білім алу;
- өзіндік шығармашылық деңгейге көтерілу мақсат етіп көзделген.

М.М.Жанпейісова технологиясының тиімділігі:

1. Бұл технология: оқушы тұлғасының танымдық қабілетін дамытуға; танымдық процестерді (жады, ойлау, зейін, елестету қабілет) дамытуға; оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыру, тұлғаның қиындықтарға даяр болу және жеңе білу, қарым-қатынас, ойын, танымдық, қауіпсіздік, сыйласу, шығармашылық, өзін-өзі бекіту қажеттіліктерін қанағаттандыруға ықпал етеді.

2. Танымдық процестерді: жады, зейін, ойлау, елестету, қабылдау, танымдық, шығармашылық қажеттілігін қанағаттандыруды дамытады.

3. Қажеттіліктерді қанағаттандыру: қауіпсіздік (тұлғаның негізгі қажеттілігі), сыйласу, өзін өзектілендіру, өзін-өзі бекіту «негізгі қажеттіліктер» өзара қатынас, ойын қажеттілігі, қиындықтарға дайын болу және оны жеңуге мүмкіндік береді.

4. Танымдық қабілеттерін дамытады. Тапсырмаларды үш деңгейлік саралап беру, Б.Блумның таксономиясын пайдалану,

сөйлесу бөлім сабақтарын ұйымдастыру, тұлғалық бағытталған формалар.

5. Белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілі) дамытады. Тұрақты түрде өзара сөйлесу, ортақ тақырыпта әңгімелесу сөйлесу бөлімінің сабақтарында адамның екі сигналдық жүйесіне сүйену.

6. Оқуға жағымды қызығушылық қалыптастырады. Танымдық қызметтен қанағаттанып қуаныш сезіміне бөлену (оқу модулінің сөйлесу бөлімі сабақтарындағы «екіліксіз» оқу, «өз деңгейінде жұмыс істеу мүмкіндігі, ойынға қатысу, қорқыныш сезімінің жойылуы, өзіндік және өзара бірге дайындау мүмкіндігі».

7. Жаңа тақырыпты балалар шығармашылық ізденіс үстінде өздігінен меңгеруі тиіс. Сондықтан мұндай сабақтарда оқушылардың ынтасын, белсенділігін арттыру үшін оларға проблемалық сұрақтар қойылып отырады. тақырып бойынша жасақталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі дамыта оқыту идеясын асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтауын, белсенділігін, дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді.

Деңгейлік саралау оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамытумен қатар оқушыларға өз білімін жаңа әдіспен бағалауға мүмкіндік береді.

Тіл дамыту білімін оқушыларға меңгертуде деңгейлік тапсырмалардың ауқымы өте кең. Оқушыны деңгейге бөліп оқыту үшін сабақ жаңаша жоспарланады. Оқушыларға деңгейлік тапсырмаларды беру арқылы сан түрлі жұмыс жүргізіледі. Оқушылардың алған білімін жүзеге асырылатындығы тексеріледі. Өз бетімен жұмысты орындауға бейімділігі бақылауға алынады. Қорытындылауда деңгейлік тапсырмалар арқылы жұмыс жасаудың тиімділігі байқалады. Оқушылардың белсенділігі мен іскерлігі артып, шығармашылыққа ұмтылады. Деңгейлік оқыту барысында біліктілікке жетеді.

Оқушыға өз бетімен жұмыс істеп, дағдысын қалыптастыру, ұзақ, жүйелі жұмыстардың нәтижесінде қалыптасады. Атап айтқанда, бастапқыда жеңіл, кейін біртіндеп күрделі тапсырмаларды орындау барысында салыстыру, қорытынды жасау, түрлі жағдайды өздігінен ойлау үрдістеріне өтеді.

Мен өзімнің тәжірибе барысымда жаңа технология түрлерін сабақта мұғалім өз әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, сабақты бекіту мақсатында қосымша алынатын қорытынды бақылаудың бала үшін атқаратын мәні зор екендігіне де көз жеткіздім. Қорытындылау, талдау барсындағы тапсырмада оқушы білімін нығайтуда жаңа технологиялық әдіс-тәсілдің жаңа түрі десе де болады.

Қорыта келгенде, әр оқушының психологиялық жағынан жас ерекшелігіне, тәжірибелеріне қарай өздігінен жұмыс орындау дағдысын қалыптастырудың танымдық мәні зор. Мәселен, әдебиеттік оқу пәніні сабақтарында мәтіндік тапсырмаларды орындағанда төменгі саты оқушылары көбіне сұрақ-жауап әдісімен орындалатын жұмыстарға бейім, ал кейінгі сатыдағы оқушылар қызықты оқиғаларды, әлеуметтік жағдайларды, спорт пен ғылымдағы жаңалықтарды көбірек білуді қалайды. Сондықтан да, психологиялық жас ерекшеліктерін, оқу орнына бейімделуін есепке алу өздігінен жұмыс істеу дағдыларына қарай жұмыс түрлерін таңдаудың белгілі басты талаптарының бірі болып қала береді және мұны әр ұстаздың есте ұстағаны абзал.

Қорытынды

Бүгінгі таңда білім беруде оқушыға тек қана білім беруде білім, білік дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, алған білімін өмірлік қажеттігін сезінуге жетелеуі көзделеді. Осыған орай, тіл дамыту жұмыстарында оқушының ой жұмысының дамуы, шығармашылықпен жұмыс жасауына көмек көрсетілді, оқушының дербестігін сезінуіне мүмкіндік туғызылды.

Жұмыс барысында баланың таным қабілеті дамып, білімді, дағдыны, икемділікті игереді. Педагогиканың бір саласы дидактиканың негізгі міндеті – оқыту үрдісіне бағынатын заңдылықтарды анықтау. Ол заңдылықтарды мақсатқа сай қолданудың жолдарын қарастыру. Дидактика ғылым мен техниканың даму дәрежесін, оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып білім мазмұнын, икемділік пен дағдының мөлшерін, көлемін анықтау мәселесімен де шұғылданады. Жалпы орта білім беру мекемелерінде оқушылардың тіл байлығын дамыта оқытудың сапасын артыруда талай жұмыстар атқарылып, нақтылы шаралар белгіленгенімен, оқыту мақсатында түбегейлі мақсатқа жету жолында әлі де көптеген істердің атқарылуын қажет етеді. Әдебиеттік оқу пәні бойынша әр түрлі мәтін тапсырмалары арқылы оқушылардың тіл байлығы дамып, шығармашылық қабілеттері артады. Тіл дамыту сабақтарын сапалы жүргізу оқушы тілін ұштай түсетіні ақиқат.

Қорыта айтқанда, танымдық қызығушылықты дамыту оқушылардың ойлау қабілеттерін арттыруға, тілін байытуға, өз ойын еркін жеткізуге, сауатты жаза білуінде елеулі нәтиже береді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ж.Дәулетбекова «Оқушылардың тілін дамыту жолдары», Алматы, «Рауан» 2000 ж.

2. Т.Сабыров «Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары», Алматы, 1998 ж.

3. Б.Тұрғынбаева «Дамыта оқыту технологиялары» Алматы, 2000 ж.

4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. Алматы, 2004 ж. №7.

5. «Қазақстан мектебі» Алматы, 2004 ж. №5.

6. Б.Тұрғынбаева «Ұстаздық шеберлік» Алматы, 2006 ж.

7. М.М.Жанпейісова «Модульдік технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде», Алматы, 2002 ж.

8. Т.Ысқақов «Қазақ тілі», Алматы, 1998ж.

9. З. Қабдолов «Сөз өнері» 1998 ж.

Әуелбек ТОҚТАҒАЗЫ,
Астана қаласы № 48 мектеп-лицейі, Тарих пәнінің мұғалімі

МҰҒАЛІМНІҢ МІНДЕТІ – БАЛАНЫ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУ

XXI ғасыр – жаһандану үдерісінің қарқыны барынша күшейіп, әлемдік проблемалардың шиеленісе түскен кезеңі. Әсіресе ақпарат ағынының кеңеюі, бәсекелестікті күшейтіп білім беру жүйесіне ауыр жүк салып отыр. Кез келген нәрсенің оң, терісі болатынындай, ғаламтор желісінің де оң және теріс ықпалы бірдей әсер етіп отыр. Бірі ғаламтор арқылы өзінің рухани дүниесін байытып, адамшылықтың шыңына қарай ұмтылса, енді бірі осы ғаламтор арқылы рухани азғындап, құлдырап барады. Бұл әлемдік проблема. Бұл материалдық әлемде барлық нәрсенің де екі жағы бар. Осы оң және терісті ажырату үшін адам баласына сана берілгені белгілі. Халқымыз ойы таза, істеген ісі ізгілікті, мейірімді, қайырымды адамдарды бір сөзбен «саналы азамат» деп атайды. Халық тәрбиесінде баланы ең әуелі мейірім-шапағатқа, сонан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы құрылымдарға баулу керектігін айтқан. Балаға мейірімді беретін – ол Ана. Адамның негізгі қалыптасу кезеңі отбасында екені ғылымда да дәлелденген. Отбасының баланың қалыптасуына ықпалы зор екенін мына даналық сөздерден де анық байқауға болады, «Тәрбие - тал бесіктен», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің», «Ата көрген оқ жонар, ана көргеи тон пішер», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Ұлдың ұяты - әкеге, қыздың ұяты - шешеге». «Елу жылда - ел жаңарады, қырық жылда - қазан жаңғырады» дегендей, бүгінгі таңдағы ашық ақпарат кеңістігінде баланың қалыптасуына ықпалды күштің бірі ақпарат. Әр түрлі азғындықты тарататын жаман ақпараттардың салдарынан ата-анасына қарсы шығу, тыңдамау т.с.с. теріс, адамшылыққа жат қылықтар белең алып, ол тіпті қалыпты жағдайға айналып бара жатқандай. Осындай өз балаңа өзің ие болу қиын болып тұрған заманда, бізді құтқаратын тек – мектеп. Швейцарияның ұлы педагогы И.Г.Песталоццидің: «Мектептің мақсаты - тәрбиелеу, тек қана тәрбиелеу», - дегені қандай даналық десеңізші?!

Еліміздің білім беру жүйесіндегі бітпейтін реформалар мен таусылмайтын жаңа технологиялар, мектепті И.Г.Песталоццидің ойындағыдай кейіпке келуіне кедергі жасап, ондағы мұғалімдерді әбігерге салуда. Қазіргі мектептердегі мақсат, тәрбиелеу емес, білім беру болып тұр. Бүкіл Республика бойынша мектептің рейтингі ондағы оқушылардың білім деңгейінің көрсеткішімен өлшенеді. Осы жағдайларға байланысты мұғалім де осы талаптарға икемделіп тек білімді меңгертумен әлек. Академик Ш.А.Амонашвили мұғалімнің болмысы жайында: «Барлық реформалар басталуы тиіс жерде емес, әуел бастан құрдымға кетер жерде басталады. Реформа тек мұғалім бойында басталады. Егер мен нашар мұғалім болсам, маған берілген ең жақсы бағдарламаларды мен қандай деңгейге айналдырамын? Егер мен жақсы мұғалім болсам, маған берілген нашар бағдарламаларды қандай деңгейге жеткіземін? Әдістемені өз бетіңше көре білуге тырысып, балаларға өз-өзіңді ұсын. Сонымен, мектепті кім реформалайды? Өз бағдарламаларымен министр ме? Әлде жеке ақиқаттарыммен мен бе? Мұғалімді ойшыл, шығармашыл, еркін етіп тәрбиелеу керек. Мұғалімдерді балағаттаудың орнына оларды ұлықтау қажет. Олар өмір суретшілері ғой. Бүгінгі мұғалімдер XXI ғасырдың ортасын салып жатыр», - деп жазды.

Ал, халқымыздың ардақты асыл ұлдарының бірі, ұлы педагог Ы.Алтынсарин: «Мұғалім – білім берудегі ең маңызды адам. Ең озық педагогикалық оқу құралдары, үкімет қаулылары, өте қатал инспекторлық бақылау маңызы жағынан мұғалім дәрежесімен теңесе алмайды. Сондықтан, мен үшін мұғалім әлемдегі барлық асыл заттардан қымбат», деп, мұғалімнің адами болмысына баса мән берген. А.Маслоудың «Қажеттілік пирамидасы» теориясына сүйенер болсақ, мұғалім балаға мейірім-шапағатын беру үшін, оның өзінің ең төменгі сатыдағы қажеттіліктері өтелуі қажет. Сонымен қатар, өзінің рухани дүниесін байытып отыру үшін бос уақыты болуы да керек. Бүкіл адам мұғалімнің алдынан өтеді. Мұғалім – қандай отбасынан келген бала болса да, оның жүрегін нұрландырып, бір-біріне деген бауырмалдығын оятып, ар-ұжданның нұсқауымен өмір суретіндей, кемел мінезді адам болуына ықпал жасауға қабілетті болуы тиіс. Балаға бұлай ықпал етуге қабілетті болу – мұғалімнен ең басты рухани сауаттылықты талап етеді. Рухани білімнің көзі – Абай, Шәкәрім, Ыбырай, Л.Толстой, бүкіл классик педагогтар. Мұғалім өзі жүргізетін пәні бойынша теориялық білімі өте терең болып, оны балаға шебер меңгерткенімен, қазір біз айтып жүрген дарынды оқушымыз, өмірге дайын емес жарымжан адам болып шығады.

Адам қай уақытта да өзінде жоқ нәрсені келесі адамға бере алмайды. Мұғалімнің негізгі қасиеті – руханилығы. Ол кемел мінезді болғанда ғана бала оған еліктеп жақсылыққа ұмтылады. «Өмір – теңіз, Еркін жүзем деменіз, Ізгіліктен жасалмаса кемеңіз», - деп Рудаки ғұлама айтқандай, баланы өмірге дайындау үшін оның жанын ізгілендіру қажет. Баланың жанын ізгілендіретін тек – ізгі жанды мұғалім ғана.

Анар ҚАБДУЛЛИНА,
әдебиеттанушы

ЖАН ДАҒДАРЫСЫ ТУРАЛЫ ЖАЗАТЫН СУРЕТКЕР

(жазушы Н.Дәутайұлының прозасы хақында)

Жазушы Несіпбек Дәутайұлының прозасы жайынан әңгіме қозғау оңай емес. Бұл деген суреткердің құпия жұмбағы мол шым-шытырық ой лабиринтіне өз еркіңмен енуің, ерекше амбиция мен астарлы сарказмнан тұратын ойын шарттарына көнуің. Айталық, «Көгілдір көйлекті келіншек» әңгімесінің тақырыбы оқырманды лириканың жібектей ескен самал лебіне бергісіз сыршылдығымен өзіне тартуы мүмкін. Оқи келе, «Қаралы сұлу» Қарагөздей жесірдің дегбірін алған «қара жыландарға» жаңаша жан біткенін, бұл жолы тіпті еркінірек бас көтергенін байқаймыз.

Жазушының «Аты жоқ әңгіме» кітабын қолға алғанда, суреттеу шеберлігі һәм бояу алуандығы жағынан мін таппайсың. Дегенмен, ұят категориясын жоғары қоятын ұлттық менталитеттің қабылдауына ауырлау тиетін тұстарын жоққа шығаруға бола ма?

Тіпті бұл кітапты парақтаған оқырман бір мезгілде оны тарс жауып, лақтырып тастауы да әбден мүмкін-ау!

Алғашқы әрекетің мұншама ашық, анайы суреттерден жирену, шошыну болатын болса, екінші бір ой: «біздің қоғам тұңғиық батпаққа осыншалықты шым батқаны ма? Ендігі табанына дейін жетіп, әбден малтығып жатуының көрінісі ме бұл?», - деп, елең еткізіп, есіңді жиғызады.

Көркем шығарманың сезімге әсер етуі – сананы оятқаны. Өз миссиясын орындағаны. Түпкі мақсатына жеткені.

Жазушы шығармаларында эротика тым көп. Мұны жалпы оқырманның назарын аудару үшін қолданылған тәсіл делік, әйтсе де, жазушының оқырманға жеткізгісі келетін негізгі ойы мүлдем басқа тәрізді.

Әңгімені постмодернизмнен бастасақ. Несіпбек Дәутайұлының әңгімелеріндегі бұлыңғыр болашақ, азған адам, іріп-шіріген қоғам суретінен постмодернизмнің барлық белгілерін көруге болады.

Адамзат әлемді тану мен шексіз еркіндік идеясының сағымдай бұлдыр екендігіне әбден көзі жеткен уақытта, «күннің батыстан шығатынына» біржола сенуден қалғанда, ХХ ғасырдың орта шенінде пайда болған философиялық бағыт еді бұл. Артынша әдебиетте де өз арнасын тапты.

«Мораль мен адамгершіліктен алыс, адамдардың өзара

постмодернистік қарым-қатынасы ақыр соңында этиканың күйреуіне әкелетінін» осынау стиль білгірлерінің бірі Жан-Франсуа Лиотар жазды.

Жазушы Несіпбек Дәутайұлының «Шал» әңгімесін оқи отырып, мұндағы бас кейіпкерді «постмодернистік адамға» баламауға лажың жоқ. «Постмодернистік адам» терминін алғаш қолданған Рудольф Панвицше пайымдасақ, оның өзі «ұлы декаданстың, радикалды төңкерістер мен еуропалық нигилизмнің қара қою иірімінен аман жүзіп шыққан декадент пен варвардың буданы».

Декаданс қазіргі заман адамының қаны мен мен миына кірігіп кеткені анық. Ал нигилизм мынау әңгімеде отбасы дәстүрін тым жақыннан жанап өтіпті: «Қырықтан енді асқанда қатыны өлді. Қайтып үйленген жоқ. Керек қылмады. Поездағы қызметті, қыз-қырқынның қызығын місе тұтты. Ойнакүл. Алдында еш борыштар емессің».

Кейіпкердің осынау өзімшіл нарцистік өмірлік мұратынан да қазіргі «постмодернистік адам» болмысын тап басып, тануға болады. Аталмыш әңгімедегі шал «бала – бауыр еті» сезімінен ада, ұрпақ жалғастығы жауапкершілігінен алыс, бір күндігімен өмір сүретін арақ пен нәпсінің құлы. Оған өзінен басқа ешкімнің керегі жоқ.

Бұл байғұс «өзгеден көріп жүрген әкелік мейірімін өзінен қанша іздесе де таппай қойған».

Сол күйі тәрбиесі келіспей ержеткен қу жалғыздың, уақыт өте, өзінің нақ «көшірмесі» болып шыққанын көреді ол. Әкеге деген өкпе-ызасы кейде өзегінен ащы запыран болып шыққан кезін есепке алмағанда, баласы да құмарпаз, дауасы жоқ маскүнем. «Сен маған бөтенсің. Туғансың, бірақ бөтенсің, - дейді баласы. – Мәңгі емессің, бір күні өлесің». Осы сөзі үшін шал өз ұлын өлердей жек көрді. Оған лағынет айтып, өлім тілейді. Қарттық жеңіп, бір күні өліп қалса, ұлына қалатын жиһаз толы үш бөлмелі үйін ғана емес, одан өмірдің өзін де қызғанады.

Баласының ішіндегі қыжыл ақыры оның өзін жалмап тынды. Ал әкеде қартайып қалғанына ғана өкінетіні болмаса, басқа ешқандай ой жоқ.

Шалдың небір жексұрын халдегі ішкі сезімін, жалпы, азғындық әрекеттері мен уақыт алдындағы тым дәрменсіз, бейшара күйін жазушы асқан шеберлікпен суреттеп береді. Қарттыққа дауа жоқ екенін, оның да бір «қорқыттың көрі» екенін ишаралайды.

Дәутайұлының тағы бір әсерлі дүниелерінің бірі – «Архитектор» әңгімесі. «Тазалық – ұлттық тамырымызда жатыр» - бұл шығарманың негізгі идеясы. Баба салтынан тәлім көрген, ділдің таза бастауынан су ішкен құдіретті де мықты болмысымыз қазіргі жылым заманның бұдыр-бедері жоқ тіршілігіне араласқанда, неліктен тым әлсіз, солқылдақ халге түсіп жүре береді?!

Сәулетші Өркенбек өз арманы жолында табандылық көрсеткені анық. Алайда, тоғышарлық пен жемқорлықтың қармағына оңай ілініп жүре берді. Әйтпесе, түрме – Өркенбектей талантты да таза жігіттің тап болатын жері ме еді? Талапты ердің арманы аласарды. Басқа салған соң, көретін көрешегін темір тордың арғы жағынан көрді. Бостандықта кедергіні жобасына қолдау білдірмеген әкім мен шенеуніктен көрсе, түрмеде көресінді сызбаларын көз алдында паршасын шығарып жыр қызып тастаған «паханнан» көрді.

Соңғысын жазушы «әкесі қазақ, шешесі орыс, нағашы апасы неміс, ар жағы тағы біреу, қырық сідіктен біткен біреу» деп, асқан жиіркенішпен суреттейді.

Қан тазалығы, жан тазалығы ұлт болмысын сақтап қалатын бірден-бір ерекшелік екендігін жазушы осындай тәсілдермен тұспалдайды, меңзейді. Мұндай деталдар шығармаларының денінде кездесетінін де айта кетуіміз керек.

Әңгіменің кульминациясында қиянат, ауыртпашылықтың небірін басынан өткізсе де, талабының тауы шағылмаған Өркенбектің маңдай тері еш болмағандығы ақыры дәлелденсе, оған дәнекер – нақ Құдайдың құдіреті ме дерсің.

Өмірдің бояуы баттасқан батпағын, қара көлеңкелі тұстарын көбірек суреттесе де, жазушы оның ар жағында Құдайдың, киенің де бар екенін емеуірін арқылы білдіруден бір танбайды.

Жалпы, магиялық реализм жазушы стилін айқындап тұратын ерекшеліктердің бірі.

Адамның бес күн жалғанда көретін қиыншылығы мен бейнетінің себебі оның өзінің ой-санасында жатуы мүмкін. Тағдыр мен маңдайдағы жазуға сену, басқа салғанды көру, өмірді өзгертуге тырыспау, арман үшін күреспеудің мәнісі адамның өз таңдауында жатыр.

«Құмға қашқан құйын» әңгімесіндегі келіншектің тағдыр-тарихы осыған саяды. Жаратылысы әйел болған соң, иісі ер адамға есі кетпеуі мүмкін бе? Алайда, анасының жалғыз өсиеті есінде: «Арыңа абай бол. Ұятты ұрғашы тимейтін еркекке етегін көтермейді».

Ес білгелі емен-жарқын күлмеген, бір басында зор батпан қайғысы бар ана байғұс өлерінде де «оқыс кеудесін көтеріп алып, тізесіне қарай сырылып бара жатқан етегін қос қолымен бас салып, тобығына дейін түсіріп, етпеттеген күйі, қор етіп жүріп кеткен».

Бұл әңгімеде әйел мен еркек арасындағы ынтызарлық күйден адюльтер табиғаты байқалғанмен, қазақ әйелі бойындағы ұяттың күштілігі қайтсе де желікке жеңсік бермейтіні айтылады.

Әңгіме шешіміндегі әйелдің алданған арманы мен махаббатына жасалған қиянатқа қарсылық гротеск тәсілі арқылы беріліпті. Жап-жас, сұлу шағында тіршілік пен жауапкершіліктің торынан босана алмай, жан дағдарысына түскен келіншек есі ауып, жынды боп қалғанда алады бас еркіндігін. Құйынға айналып, құмды кезіп кеткенде ғана адамдар бірбірін жөніне қалдыратындай көрінеді...

«Аты жоқ әңгіме» шығармасындағы ақшаның буы бойын алған тоғышар кейіпкер қазіргі қоғамға жат емес. Жазушы осы сынды жинақталып, дараланған, өмірде қатарлас тірлік кешіп жатқан адамдардың портретін кескіндегенді мақсат етеді. Рухани азықты қажет санамайтын бұл тектес кейіпкерлері дүниеге есі кетіп, азғындық жолында ата-баба зиратын ойрандауға да бар.

Несіпбек Дәутайұлының «Аққүшік», «Айғыркісі» тәрізді сүйекті әңгімелері - жазушының айрықша аниморфозалары. Тазалық пен адалдықты, мейірім мен сезімталдықты адамнан емес, санасыз мақұлықтың бойынан іздеу арқылы оқырманға ой салады. Өте әсерлі, ауқымды тақырып болғандықтан, тағы бір бөлек тоқталуды жөн көрдік.

Жазушы адамның табиғаттан, тегі мен тамырынан қатты ажыраған бүгінгі халін боямасыз суреттейді. Іріп-шіріген, қатты азған қоғамдағы жан дағдарысының аса трагедиялы халін көрсетіп береді.

Несіпбек Дәутайұлы – тілді, терең де шебер суреткер. Ұлттық постмодернизмнің жазушы Несіпбек Дәутайұлының шығармаларынан бастау алатынын осы жолы қаламгер шығармашылығымен жақын таныса келе, қат-

Сарыбұлақ

Еркегүл АРЫҚҚАРАҚЫЗЫ,
Филология ғылымдарының кандидаты

САҒЫНЫШ

Аңызғаққа шаң шудасы түрілін,
Сол татырдың беті кеткен тілінін.
Қалтырайды жұлма-жұлма сағыныш,
Сексеуілдің бұтағына ілінін.

Құмдақ дала. Дода-дода күзгі уақ,
Қаңбақ өтеді бір жыраға «мызғып» ап.
Сары белде сары орамал бір қыз тұр,
Айдай жүзін ыстық моншақ сызғылап.

Кәкей Жаңжұңұлы

Тағы да сол жерге келді. Күту үшін.

Жапырағы сарғыш тарта бастаған еменнің саясындағы ағаштары қурап, өңінен айырылған ескі орындық. Орындық арқалығына ойылған жазулар әлденеше жылдардың ізі. Қашан қашалып таңбаланғаны, кім жазғаны зымырап жатқан уақыт ағысының қойнауына сіңген құпияға айналған. Бүгіндері беймәлім сырын сыралғы етпей сақтаған сиқырлы дыбыстар сияқты сартап сағыныштың сазынан ғана елес беретін белгі іспеттес.

Айшөрек артына бұрылып орындық арқалығына қарады. Осы орындықтағы әрбір өзек пен өрнек – көзіне оттай ыстық. Тек осы орында ғана отыз бес жыл, тек осы саябақта ғана отыз бес жыл ғұмыры өтті. Күтумен. Келіп қалса көрмей қалып жүрмесін деген ізгі үмітпен. Отыз бес жыл көкірекке толған сыр мен мұңлы сағынышты, арайлы асқақ арманын бөліскен ғапыл уақыт.

...Жарты өмірін ұрлаған, қиял қуып, тәтті мұңға, тылсым сырдың жетегіне бөленіп, сағыныштың қамқа тонын жамылып, жанарлардан үміт шоғын жандырып, жабығыңқы өмірінің мәнін мәңгілік отты сезімге айырбастап жалғыз жарты, жарты да емес һәм екеу болып елес өмірге жұтылған жарты ғұмыр өтті.

Сол елес, сол сұлу бекзат бейне... бір күні анау күз өмірдің сарғыш тартқан алтын жапырақтарының сыбдырымен ілесе келіп құлағының түбінен ақырын ғана сыбырлап, «Мен келдім, Айшөрек!» дейтін сияқты. Бұрылып қараса... сол баяғы сұлу да маң төре, сол баяғы салиқалы сабырлы қалпы, Құдай-ау, тіпті мына уақыт деген өлшеуіштің тізгінін тоқтатып қоярдай, ...әлі ...әлі де болса бұларды күте тұрардай... өздері де, не тәйірі, қартаймай мәңгі, мәңгі бірін-бірі асықпай күтіп, жасарып жүрердей...

Жан әлемінің бар сұлулығын қос жанарына жинаған, ақшыл түстес көзілдірік әйнегі де сол жарқын жанарынан төгілген шапағатты жасыра алмаған. Сол баяғы, бекзат бейне, сол баяғы ақиық, байсалды болмыс.

Жаны нұрланды... өмір кітабының сарғыш тартқан әр парағы сағыныштың сартабына сарғайған, сары алтын түстес әріппен қашалып, сары баяуға малшынған, мұңлы да болса тәтті сағыныш күйіне айналған... өмірінің әр сәтін... өмірінің сарғайған алтын күзін адал ақ арманына арнағанына... мәңгілік арнағанына...

Жаны нұрланды... Осы ескі саябақтағы емен саясындағы ескі ағаш орындық екеуінің ең алғашқы ең соңғы тіл қатысып, сөз байласқан сәттеріне куә болған, дәл сол мезеттен бері жастықтың жалынды жаз шағын күтуменен күз өмірге алмастырған, әр кеш сайын қолына жазған жаңа хатын төрт бүктеп – сезім кілтін бос қойып, сері қаламын қайқаңдатып ой маржанын отты жалынға орап, ешкімнен де именбей бар әлемін жан әлемін ақ қағазға ақтарып, «жаным» деген жалғыз сөзбен қос жүректі жылытар, қос тілекті ұғысар сәтке асығып келіп, жауынға да, дауылға да қарамай, қайтпай өткізген жас ғұмырының жалынды сәті, жанының жас үміті босқа өшпегеніне... мәңгілікке біржола күте беретініне...

Тек сол ой, сол сезім басқа ешқашан... ешуақытта... басқа біреу мұның жастық өмірінде де, сағынышқа айналып сағымға жұтылған сары күз өмірінде де болған емес...

Бәлкім... соңғы үміті үзілер сәтте... «өзекті пенде өкінішсіз болушы ма еді?!»,

сол оқиға есіне еміс-еміс келе бастады...

Өң-түс екені, өткен өмір елесі екені, әлде не еді?!

Әйтеуір құпиясы тым терең, тұңғиық бір күй. Өзі «Алланың сынағы» деп жорыды.

...Сол күні қаңғалақтап қаңбақша ұшып жергілікті басылымдардың біріне барды. Пенде шіркін «әр табалдырықты аттағанда не күтіп тұратынын білмейді». Сол жерде тұңғыш рет емес, әйтеуір осы жігітпен ойда-жоқта ұшырасты. Әуелі көзіне жас кезіндегі қалпын елестетті. Алғаш кездескенде мойнына мінгізіп алған алтын асықтай қызы, сымбатты сұлу жары қасында еді. Содан кейін... жолыққанда Ақберенше айтқанда, «саусақтарының ұшында тірі пендеге көрінбес алтын қауырсын дірілдеген» арындаған асау қалам, арғымақ шабытты ол ел-жұртына танымал тұлға болып қалыптасыпты. Жақын барып амандасып еді, танымаған сыңай танытты. Содан бері де біршама уақыт өткен еді.

Бұл жолы күтпеген кездесу болды.

Қала сыртындағы адам аяғы аз саябақта екеуі отырып әңгімелесті. Бірақ сөз сөзге жуыспай, ой оймен қиыспай әңгіме-дүкен қызбады.

Бұл кеш қыз үшін қиянатты сұраққа жауап таппай тығырыққа тіреліп, далбаса күй кешкен, бәлкім, өмірдегі өзінің шындығымен бетпе-бет келген сәт болды. Жан сарайын әлем тапырақ етсе де ақтала алар шамасы да болмай әуреге түсіп еді.

– Сенің жеке өмірің қызықтырады! – деген күмәнді сұрақ қыз жанының жарасын тырнап өткенін сезімтал жүректі ақын сезді ме екен сол сәтте?!

Осыдан бастап жалғыз басты емес... әйелге ақынның бар ниетті ақ жолға бағыштаған ақ қанат жырлары арнала бастады.

Өлең... Сөз... Өлең сөздің қуаты...

Сол сезім... сөз құдіреті еліткен сұлу сезім...

Жаралы жүрегімді қансыратып өшірме?, – деп жалбарынды әуелі Тәңірден, содан соң ақыннан.

Бүгін түс көрді. Сары алтынға оралған су перісінің жанына жантайып жатқысы келді. Алау нұрдың жылуын жанымен сезінгісі келді. Жанды пенде болып жаралғалы бері жанына жетпей келген жылуды осы періден табатындай сезіледі. Ол қос қанатын жайып жанына тартады.

Шіркін-дүние... Сол жылуға жанын біржола бергісі келеді, сол алтын нұрдың шуғыласына бөленгісі келеді. Бірақ байыптап қарап еді, басы адам тектес, бірақ жануар текті тұрқы бар мақлұқат екен. Адамға ғана бұйырған сезім патшалығына аялдап көрмеген жаратылысы, адамның сезімімен ойнағысы келетінін жасырмайды.

Бұл жан-дәрмен су перісінің алтын шағылысқан сәулесінен алшақтай бастады. Ол отты қанаттарын жарқ-жұрқ еткізіп жая салып қызға ұмтыла түсті. Қатты қысып, қанатына тартқысы келетін тәрізді.

Қыз қатты қорыққанынан артына қарай-қарай жүзіп келеді. Көз қарықтырар алпауыт шұғылалы алтын қанат су перісі өкшелеп жүзіп әне-міне жетті-ау деген кезде...

Кенет көк мұнар мұхит аралын алысқа, тым алысқа қалдырып сар татыр шағыл құмға кез келді.

Енді артына бұрылып қарауға жүрексінді.

Сырғып өткен уақыттың тағы қанша сағаты соққаны белгісіз.

Сол татыр, сол шағыл құм, сол оқиға бәлкім, бәлкім...

Қос ғасырдың тоғысында Әз-Ұяның төрінде байырғы түркілердің Қара шаңырағын еншілеген Қазақ жерінде ел астанасының қазығын қадап, аяғын тәй-тәй басқан баладай қаз тұрып, қатар тізіп, аз ғана уақыттың құмсағатын жылжыта беріп, төңіректегілермен терезесін теңеп, тыныштық пен татулықтың төл нышаны мәрт мінезді дархан далада мәрмәр тастан көз жанарындай мөлдіреп бой түзеп әсем шәр салынды.

Бұл жаңа ғасыр көшіне ілесе келген Қазақ Елінің жаңа Астанасы еді.

Жадыраған жаз күндерінің бірінде туысқандарының жеңіл көлігіне отырып Астанадан жиырма-отыз шақырым қашықтығы бар кішкене ауыл іргесіндегі Сары бұлаққа су алуға барған.

Бұлақ басына келгенде бұлар кәдімгі алып адамдарға тап болды.

Екі жүз, үш жүз литрлік бөшкелерге су толтырып тұрған алпамсадай жігіт ағасымен қол алысып амандасқан жездем одан әрменіректе отырған ақсақалға көзі түскенде таңданып қалды.

Жездей қол алысуға бұрыла бергені сол еді ақсақал орнынан ылп етіп жылдам ұшып тұрды да үпір-шүпір болып таңданысып қалған бізге қарай адымдап келе жатты. Мұндай алып адамдарды ұшырастырғанымызға барлығымыз аң-таңбыз.

Ел астанасының айналасына алысжақыннан көшіп келіп қоныстана бастаған адамдар бір-бірін жатсынбай-ақ «әу дегеннен» таныстықты бастап, ел мен жер тарихынан, тіршілік, қоныс жайынан сыр тартып «Еліміз, елдігіміз берік болсын, Отан тыныш, қоныс құтты болсын!», – деген бір тілекке ұйып, терең-терең тарих қойнауларынан сыр шертетін әңгімелер өрбітетін.

Ақсақал әуелден-ақ осы өңірді өзінің бірнеше атасынан бері мекендеп отырғанын зор үнімен, тамағын кенеп-кенеп қойып баяндап берді.

Бұлақ басына нышан ретінде темірден жасалған үлкен шаңырақ қойылыпты.

– Сарбұлақтың суының емдік қасиеті бар, жер астынан шығып жатқан таза бұлақ көзі. Осы бұлақ суының шипалық киесінің нышаны ретінде көне көз қариялар осы Шаңырақты қойған – деп, әңгімесін сабақтай түсті ақсақал.

Бірінші көргенде орасан ұзын бойлы, алып денесін тік ұстаған, шырайлы, қоңырқай жүзіне жарасқан қою қас, қалың қабақты қайсар тұлғасына қарап, алпыстың асқарындағы ақсақал ма деп ой түйген Айшөрек, қарттың «сексеннің сеңгірінен шықтым» деген сөзін естігенде таңданысын жасыра алмады.

– Өзімнің атам өмір бойы осы Сарыбұлақтың ғана суын ішті, жүз үшінде дүниеден өтті, әкем де «Сарыбұлақтың суының қасиетіне ештеңе жетпейді» – деп, қысы-жазы ішуші еді, тоқсанның тоғызында өмірден өтті. Бұл өлкенің суы да шипалы киеге ие. Топырағы да қастерлі – деді, ақсақал.

«Ел іші – кеніш» дейді ғой, қарттардың айтуынша, бұлақ суының қаншама уақыт сарқылмай, тұнба, тұма қасиетін сақтап келе жатуының себебі, бұл өңір, осы Сарыарқа алқабы өте ерте замандарда түпсіз терең теңіз, тіршіліктің киелі бастауы болған. Ғасырлардан ғасыр өте теңіз суы суалып, тартылып қалған деседі. Мына жердің әр тасына қарасаңыз, балықтың қабыршақтары секілді бедерлі, бейнелі келеді, – деп ақсақал әр жерден бедер белгісі бар тастарды іздей бастады. Әлден уақытта қолына жинап әкелген мық тәрізді тастарды көрсетіп, – мінеки, – балықтың қабыршақтары тәрізді, құрамында кальций көп, өзі боркеміктеу келеді, бұларды үгітіп қаз-үйректердің балапандарына жегізсе жақсы тойынады, бұл жердің бұлағының бір тамшысы да, тас-топырағының бір түйірі де жанға дәру, қасиетті – деді, ақсақал.

Содан бері, Сарыбұлақтың тұмасынан таралған көк мұнар мұхит дариясы тарих толқындарына сіңіп ғайып болғаны туралы аңыз-әфсаналар ел аузында айтыла ма екен деп елең-алаң күй кешетін ғадет таптым.

Содан бері, санамның сүмбіл сарайында сағыныштың сарғалдақтары бүр жарған-ды.

Иә, тарихтың талай толқыны, фәни жалғанның қайырлы құмсағаты уақыт қана төрелік ете алатын – мәңгілік алмасулар заңына бағынышты.

Ал мәңгілік алмасулар заңын – бір ноқат белгі, бір нышан ғана айғақтай алмақ!

Сапар Ысқақов,
«Тілеп-Қобыз» сарайының директоры,меценат

«ТІЛЕП БАБАМЫЗДАН ҚАЛҒАН КҮЙЛЕРМЕН» ХАЛЫҚТЫ СУСЫНДАТУ»

Уақыттың қымбаттылығы былай тұрсын, ол үшін тағылымды өмір сүрудің өзі қымбат. Қанша мың шақырым аспан төрінде және 30 метр теңіз тереңдігіне түсіп кеткен сәтінде де соны сезінгені барды. Кертартпа кедейшілік пен кержалқаулыққа жаныққас оның осылайша адами келбеті елінің рияссыз алғысын алуға ғана жетелейді. Музыканың құдіретін сезініп, сазөнеріне табынушы бұл жолғы кейіпкеріміз Астана қаласының қақ төрінде «Тілеп-Қобыз» сарайын ашты. Қазақтың ұлттық стилінде безендірілген сарайында «Көк түріктер» фольклорлық ансамблі мен «Тілеп» қобыз квартетіне әр ай сайын дәстүрлі музыканы дүбірлеткізіп, концерт бергіздіреді. Бұл Торғай өңірінің тумасы, әрі кәсіпкер, әрі құрылысшы, саяхатшы-жиһангез, аталмыш «Тілеп-Қобыз» сарайының директоры Ысқақұлы Сапар Ысқақов болатын.

- Сапар аға, сіз әлемді шарлап, туристік сапарларға шықтыңыз саяхатшы-жиһангезатандыңыз. Қазақстанның туын тігіп, жер-көкті шарлау сіз үшін қаншалықты маңызды?

- Туризмге қызығушылығым студент кезімде Ленинградта оқып жүргенде басталды. Қазір Санкт-Петербург деп аталады. Қаланың көркемдігі атақты Париждең асып түспесе, кемтүспес деп айтар едім. Туризмге қызығушылығым осылайша Ресей жерінен бастау алды. Сөйтіп, жер шарын аралауды мақсат еттім. Дүниежүзін аралап жүргеніме қырық жылдан асты. Мен әрі құрылысшы, әрі архитектор ретінде жер-көкті шарлағанды ұнатамын. Тарихта сақталған «Әлемнің жеті кереметінің» қалғаны Пирамиданы және жүзденаса ғажайып әрі көркем жерлерді көрдім. Шет мемлекеттерге саяхатқа шығудағы мақсатым – сол елдердің туын және мәдениетін көруге, бай музыкасын тыңдауға, сонымен бірге, архитектурасын тамашалауға барамын. Яғни, өзіме қажетті ақпаратты алу үшін саяхат жасаймын. Міндетті түрде барған жерлерімде Қазақстанды насихаттаймын. Еліміздің Көк Туын тігіп кетемін. Оңтүстік полюске, яғни, 2007 жылы Антарктидаға барғандада Туымызды желбіретіп іліп кеттім. Әлемді кемемен шарлау үшін төрт айға туристік саяхат қажазылып қойдым. Бұйыртса, қасыма немеремді алып, саяхаттауға шықпақпын. Негізімен құрылысшымын ғой. Ара-тұра осы іспен де айналыспақпын. Дүниежүзін аралауды алдыма мақсат еттім және сол мақсатыма жеттім.

- Мақсатқа жетудің маңыздылығын немен байланыстырар едіңіз?

- Бай болу үшін еш уақытта мақсат қойған емеспін. Рухани бай болмасаң сенің миллилоның мен миллиардың кімге керек? Адамға екі квадрат метр жер мен он метр мата ғана тиесілі болып қалады. Қалған байлығы сол дүниеге керексіз, мына өмірде қалады. Егер адам біреуді бақытты қылса, сол адам екі

рет бақытқа кенеледі. Ал бай болу үшін адамға білім және еңбек керек-ақ. Оның үстіне адамның өзінің бір ерекше қасиеті болу керек сияқты.

- Дәстүрлі музыканы дамытуға қосып жүрген үлесіңіз көп болмаса, аз емес. Айтыңызшы, «Тілеп-Қобыз» сарайын құрудағы мақсатыңыз не еде? Тарихта есімін алтын әріппен жазуға тұрарлықтай Тілеп Аспантайұлы қандай адам болған?

- Тілеп Аспантайұлы туралы аңызды ғана білемін және ол кісінің ұрпағымын. Аңыз бойынша XVIII ғ. өмір сүрген атақты қобызшылардың бірі Қойлыбай қобызшыдан сабақ алған, бақсылығы бар кісі. Тілеп бабамыз қайтыс боларының алдында былай депті: «Түйем қай жерге барып шөгеді, сол жерге киіз үй тігіңдер. Ескі бір қорымда Сарықыз бартын, соның қасына мені жерлеңдер». Тілеп бабамыз оқуын бітірісімен өз жолымен кеткен екен. Ал Сарықыз оны қимай жылап қалады. Біраз жылдан кейін бір тойда жүргенде бабамыз ауылдың сыртында Аққөл дейтін көлдің жағасындағы қамыстың арасынан бір қатты ызың шығады дегенді естіп, сол жерге бармақшы болады. Алыстау жерде келе жатып, қобызын тарта бастайды. Қобыздың үні шыққан сайын әлгіндегі ызыңның дыбысы шыға қоймайды. Жақындай келе, Тілеп бабамыз Сарықыз екенін бірден танып, жөн сұрайды. Сөйтсе Сарықыздың әкесі Қойлыбай дүние салысымен, өгей шешесі оны жын-періден туған деп, бүкіл ауылды шулатып, үйден қуып шыққан. Мән-жайды түсінген бабамыз оған айтыпты: «Сен осы жерде мен келгенше тоса тұр. Мен сенің жасауыңды алып келемін. Сосын екеуміз үйленеміз». Керек дүниелерін жиыстырып, түйесіне мініп келген бабамыз қыздың қансырап жатқанын ғана көреді. Сол арада өгей шешесі естіп, «Бұл қыз бәрімiздің басымызға пәле болады», - деп ауыл адамдарының біріне садақ атқыздырады. Қыз жараланып, шала жансар күйінде қалады. Тілеп бабамыз қызды құтқару үшін қобызда ойнап, құдайдан өлмеуін тілейді. Еш нәтиже шықпағанын білгесін, қызды киіндіріп, ауылға апармақшы болады. Күн батып бара жатқан уақытта қыз оның түйеден түсіруін өтінеді де, бабамызбен қоштасып, бақилыққа аттанады. Сол жерге қабір қазып, бабамыз қызды көмген екен дейді. «Тілеп-Қобыз» сарайын құрудағы мақсатымыз – қазақтың ұлттық музыкасын дамыту және оны шетелдерге таныту. Ақын Несіпбек Айтұлы Тілеп пен Сарықыз аңызының ізімен «Тілеп-Сарықыз» деген поэма жазды. 2007 жылы Алмас Серкебаевқа жаздырған «Тілеп пен Сарықыз» балеті Абай атындағы академиялық опера және балет театрында әлі күнге дейін қойылып келеді. Лондон композиторы Карл Дженкинске қазақтың ән-күйлерін өңдеуге тапсырыс беріліп, «Тілеп» деген атпен диск шығарылды. Драма да жазылды, енді міне үлкен сарайын ашып қойдық. Тілептен қалған «Толғау», «Алламжар» және «Бақсы» күйлері кең тараған. Осындай құдіреті күшті күйлермен халықты рухани қазынамен байыту, әрі сусындату.

- Сарайдың ашылу салтанатында «Көк түріктер» фольклорлық ансамблі ұлттық аспаптармен бірге қыпшақтардың домбырасында ойнады. Қыпшақтар домбырасының ерекшелігі неде?

- Археолог Қаржаубай Сартқожаұлы 2012 жылы Алтай үңгірінен табылған домбыраның көшірмесін жасатыпты, соны мен ол кісіден алдым. Қыпшақтар домбырасының ерекшелігі – жеті термесі бар, екі ішекті, басқа домбыраларға қарағанда дауысы өзгешелеу. Ешкінің ішегінен жасалған. Тарихы бар ең көне аспаптардың бірі саналатын бұл домбырадан аса нәзік дыбыс шығады.

- Еліміздегі туризмнің қалыптасуы мен қазақ спортының дамуына қандай баға берер едіңіз?

- Біздегі туризмнің деңгейі төмен деп айтуға болады. Меніңше туризмді спортқа араластырмай жеке министрлік қылып қою керек еді. Сосын аямай қаржыны құйғанда, оның нәтижесін көруге болар еді. Қазақ спортының болашағы зор. Тек оны дамытқанның үстіне, дамыта беру керек.

- Сіз үшін «Тәуелсіздіктің» ұғымы қандай?

- Тәуелсіз елдің Туы, Елтаңбасы, Әнұранынан басқа бай тілі, көркем мәдениеті, әдебиеті және тарихы дами берсе, сол ел түп-тамырын сақтап қала алады. Қазақ сонда ғана басқа мемлекеттерге қарағанда өзгешеленіп тұрады. Тәуелсіздіктің тұғыры биік болсын!

Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Әсем Сағиқызы

ҮШТАҒАН

Махаббатпен жаратқан аадмзатты,
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,
Және сүй Хақ жолы деп әділетті.

Хәкім ақынның «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және сүй Хақ жолы деп әділетті» деген сөзі бүкіл дүниежүзі жұрттары өз байрақтарына жазып қоюларына болатын сөз.

Адамдарда Алланы сүю сезімі, бауырмалдық пен әділеттілік жағы кемшін... Әр бенденің бойынан табыла бермейтін сол қасиеттердің аздығы адамзат баласын бір-бірімен өшіктіріп отыр. Құдайын сүйген бенде баласы бауырмал болса керек еді, бауырмал адам әділетті болса керек еді. Осы үштағаннан (Алланы сүю, адамзатты бауырым деп қадірлеу, әділдікті жақтау) ажырамаған адам ғана – адамның адамы болмақ.

Ал біз жаһан жұрттары «демократия» деп ойлап тапқан дүниемізді басты қару қылып, керісінше, бауырмалдықты жою жолына жұмсаймыз. Әлемге әділдік жүргізгіміз келеді. Соғысумен, қарумен. Дұрыс па осы?

Бұл бір ғана шумақта – орындалуға тиісті парызыңыз да бар, ұлттарды ынтымақтастыру да бар, бейбітшілік әрекеттерін амалға асыру туралы сөз де, демкоратияңыз да бар. Ендеше, Абай сөзі ешқашан да өзектілігін жоғалтпайтындығымен құнды.

Мамандығым – мақтанышым

Нұргүл ЕҢСЕГЕНОВА,
Маңғыстау облыстық әмбебап кітапханасы әдістеме бөлімінің меңгерушісі

«Кітапхана – тағдырымның тынысы,
Кітапхана – Рухымның мекені.
Менің ғазиз «Өмір» деген жұмысым,
Кітаптардың арасында өтеді, – деген ақын Бауыржан Қарағызұлының тармақтары менің өміріме де қатысты айтылды деп қабылдаймын.

Менің кітапханашылық қызметіме де 35 жылға жуықтапты.

1979 жылы Алматы қаласындағы Қазақ қыздар педагогикалық институтының кітапхана бөліміне оқуға түсіп, 1983 жылы сол оқу орнын табысты аяқтап, жолдамамен Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасына келдім. Содан бері бір қызметте еңбек етіп келемін. Тағдыр жолым осы кәсіпке тікелей алып жеткізгендіктен болар қызметімен адал болуға талпындым.

Көштен қалғаным жоқ, оза шапқаным да жоқ.

«Барлық білім – кітапта». Сол сан миллиондаған кітаптардың сақтаушысы – кітапхана. Ежелден еліміз Отырар кітапханасымен мәлім болды. Әлемде екінші орынды иеленген Отырар кітапханасы туралы қытай саяхатшысы: «Отырардың даңқы шарапханасымен емес, мейманханасымен емес, кітапханасымен әлемге жайылды», – деген екен. Ауылдағы бір-екі бөлмелі кішкентай ғана кітапханадан телегей-теңіз білім алған әрбір азамат, атағы әлемге әйгілі ғұламалардың бәрі де – кітапхана алдында қарыздар.

Заманымыздың заңғар жазушысы, сөз өнерінің хас шебері Әбіш ағамыз: «Кітапхана – кеше мен бүгінді, бүгін мен ертеңді жалғастырып тұрған алтын көпір, Мәңгілік парасаттың ең киелі ғимараты, ал кітапханашыларды ешқашан жоғалмауға тиісті қазынаның сенімді сақшылары», – деп санаймын деген болатын.

Ал өмірден жұлдыздай ағып өткен талантты прозашы Оралхан Бөкей: «Адамзатқа ауа қаншалықты қажет болса, кітапханашылар да соншалықты қажет», – деп кітап сақшыларының мәртебесін көтерді. «Кітапханаға бас сұқпайтын болсаң, білгішсініп төс қақпа» деген де тәмсіл бар. Сондықтан да кітапхана өмірі жалғасады, келешегі зор.

Бір өкініштісі, қазіргі технологияның шарықтап дамыған заманында жастардың көп уақытын компьютер жұтып жатқаны қобалжытпай қоймайды. Кейінгі өскелең ұрпақ кітапты сүйсе екен, кейіпкердің көзінен жас тамса, қосыла жылап, күлсе, бірге қуанып, кітаптың, сөздің құдіретін жүрегімен түсініп өссе екен деп армандаймын. «Кітапсыз ел, кітапсыз болашақ болмайды. Компьютер, теледидар және төрткіл дүниемен түгел байланыстырған телефон ғасырында да КІТАП, бұрынғысынша, әрқайсымыздың сенімді серігіміз болып қала береді.

Ел үшін қызмет етіп отырған кітапхана қызметкерлерінің басты мұқтаждығы неде? Біздің облыс республикадан шалғай жатқан кадрларға мұқтаж аймақ екені кім-кімге де аян. Сол қатарда кітапханашы мамандарға деген қажеттілік те өткір тұр. Мұның бірнеше себебі бар. Алдымен, жалақының аздығы, баспанамен қамтамасыз етілмеуі кітапхана мамандарының тұрақтамауына алып келді. Өйткені, жас маманды осы салаға тарту үшін материалдық жағдай қарастырылмаған. Облыста сала мамандарын даярлайтын жоғарғы оқу орны да жоқ. Батыс облыстағы бөлімдер де жабылып қалды. Әрине, кітапханашы болам деген адам кітапқа, әдебиетке жақын, қызығушылығы бар, рухани бай болғысы келетін адам болуы керек.

Бір қуаныштысы, қазіргі таңда кітапханаларға оң көзқарас оянып келеді. Оған айғақ, жақында ғана руханият жанашыры, Премьер-Министрдің орынбасары И.Тасмағанбетов кітапханалар жұмысына айырықша басымдық берді. Республиканың барлық облыс орталықтарында жаңа заманға сай сәулетті ғимараттар салынып жатыр, біздің облыста да Ақтау қаласының жаңа шағын ауданынан жер бөлініп, жобалық-сметалық құжаты жасақталды. Нәтижесі – уақыт еншісінде!

Құрметті әріптес!

Төмендегі жыр жолдары Маңғыстау облысының марқұм болып кеткен кітапханашысының кітап пен кітапханаға арнап жазып қалдырған өлеңі еді. Кітапханада біраз жыл жұмыс жасаған әріптесімді ақындығы бар еді деп, Фариза апамыз елге келгенде «Айсырға қайда?» деп іздеп отыратын еді.

Кітапханашы, ақын, марқұм
Айсырға Қилыбаева
Маңғыстау облысы

КІТАПХАНА

Кітап деген даналықтың қоймасы,
Кітап деген ақылшы да, ой басы...
Сен өмірді үйренбесең кітаптан
Кенже қалып қоймайсың ба, ойлашы...

Кітапхана – кітап қоры, мекені,
Мұнда дастан, зерттеулер бар, ертегі.
Мұнда айтылған ақылдылар сөзімен,
Өмір сүру мағынасы не екені.

Мұнда ақынның шалқар шабыт, жыры бар,
Сол шалқардан өмір күйін ұғып ал!
Бар ғаламды сыйғызатын беттерде
Дүниенің талай жұмбақ сыры бар.

Жас оқырман, кітап оқы, қадірле,
Кітап берер күш пен рух... бәрін де.
Сол кітаптан азық алып өзіңді,
Болашаққа, жол сапарға әзірле!

Ашық болсын бейбіт әлем аспаны,
Үзілмесін өмір күйі, дастаны.
Ойлы ұрпақ кітап досың, бағала,
Кітап деген барлық білім бастауы.

Әуелбек ТОҚТАҒАЗЫ,
Астана қаласы № 48 мектеп-лицейі, Тарих пәнінің мұғалімі

ЕЛДІҢ БОЛАШАҒЫН ЖАСАУШЫ ИНСТИТУТ - МЕКТЕП

Әр адамның өсіп-өнген ата-анасының үйі – киелі. Оны халқымыз киелі қара шаңырақ дейді. Сол киелі қара шаңырақта ана мен әке қамқорлығы арқылы үлкен өмірге қанат қағамыз. Бұдан кейінгі киелі шаңырақ – мектеп. Мектептің киелі екенін талдап, дәлелдеп жатудың өзі артық шығар, сірә.

Халқымыз баланы періште деп атайды. Періште – жамандық атаулыдан таза, тек жақсылықтың жаршысы, мейірім-шапағаттың көзі ретіндегі адам санасындағы асыл бейне.

Адам өмірге келгенде осы періште қалпында келеді. Бұл періштені көру үшін кішкентай сәбиді еске алсаң жеткілікті. Кез келген адам болмысынан пәктік пен тазалыққа, білу мен үйренуге жаны құмар келеді. Абай атамыздың жетінші қара сөзінде айтқанындай ол уақыттың өтуімен біреулерінде ластана бастаса, енді біреулерінде сол таза қалпы сақталып, дами бастайды.

Бүгінгі біз өмір сүріп отырған қоғамда адамның қолымен жасалып жатқан жамандықтың, қатыгездіктің шегі жоқ екені жасыруға да келмейді, бірінен бірі өтеді. Ғылым мен техниканың дамыған дәуірінде адамдардың осындай азғындыққа бет бұруының себебі неде деген сұрақ адамға маза бермейді. Кез келген адам тумысынан пәк, таза күйінде дүние есігін ашатыны анық. Америкалық ғалым Г.Доманның зерттеулеріне сүйенер болсақ, бала алты жаста мінез-құлқы мен жекелік болмысы толық қалыптасып бітеді. Бұл жерде баланың адамгершілік болмысының қалыптасуына ата-анасының ықпалы күшті әсер етеді. Психологтардың зерттеулеріне сүйенер болсақ адамның балалық шағы 23 жасқа дейін созылады. 6-7 жастан мектепке келген балаға мектептің де ықпалы өте көп. Швейцарияның ұлы педагогы И.Г.Песталоцци: «Мектептің міндеті – тәрбиелеу, тек қана тәрбиелеу», - деген екен. Ал, біздің қоғам мектептен тек білім беруді талап етіп отыр. Бұлай айтуға негіз болатын нәрсе – қазіргі мектептердің рейтингінің оқушылардың білім деңгейімен, әр түрлі білім сайыстарындағы көрсеткіштерімен және ҰБТ нәтижесімен өлшенуінде. Мектептегі тәрбие жұмысының көрсеткіші, егер ол мектептен жан түршігерліктей қылмыс шықпаса, «жақсы» деп есептеледі. Баланың бойында қандай ниет, ұстаным, қалыптасып келе жатқаны, оның ертең кезі келгенде қоғамға қандай ықпалы болатыны жайында назардан тыс қалып

отыр. Балалардың білімділігін артыратын шетелдік технологиялар да көбейіп кетті. Осы білімге қатысты Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз: «Адамға білім беруден бұрын тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы», - десе, Д. Менделеев: «Тәрбиесіз адамның қолындағы білім, есі ауысқан адамның қолындағы қылышпен тең», - деген екен. Біз осы жоғарыдағы данышпан, бүкіл адамзаттың ұстаздары айтып кеткен өсиеттерді естен шығарып алғанбыз. Ә.Қапиевтің: «Ғалым болудан адам болу қиынырақ», -дегеніндей, балалардың бәрін ғалым қылуға ұмтыла бермей, бірінші олардың адам болуын ойлауымыз керек. Мектепте балаға бір аптада 36 сағаттың бір сағаты ғана тәрбиеге беріледі. Сонда бір оқу жылында 34 сағат тәрбиеге арналса, 11 жылда 374 рет тәрбие сағаты өткізіледі екен, ал, білім беруге арналған сағаттың саны 13000-нан асып жығылады. Осыдан-ақ біздің тәрбиеміздің қандай екенін байқай беріңіз.

Сабақтың білім берушілік, дамытушылық және тәрбиелік мақсаты бар. Бұның бәрі қазіргі уақытта білімділікке орын беріп отырған жағдайы бар. Адамның танымы білім арқылы өсетіні белгілі. Білім – баланың бойында адамгершілік сапаларын жасауға қызмет етуі керек. Яғни, білім – тәрбиенің құралы болуы керек деп ойлаймыз. Мұғалім сабақ жоспарын жасаған кезде осы білімді балаға меңгерту арқылы оның бойында қандай адамгершілік сипатын жасай алатыны жайында ойлануы керек. Бұл мәселе бойынша жұмыс жүргізуге гуманитарлық ғылымдар бағытындағы пәндерде мүмкіндік мол. Бұл пікір жаратылыстану ғылымдары саласындағы пәндердің тәрбиелік мүмкіндігі шектеулі дегенді білдірмейді.

Н.Ә.Назарбаевтың: «Қандай да бір атқарылған іс, ғылыми жаңалық, бәрі де адам үшін, оның игілігі үшін, жас ұрпақтың бүгінгі заман талабына сай дамып қалыптасуына игі ықпал етіуге қызмет етуі керек», - дегеніндей осы дүниедегінің бәрі адам үшін болғандықтан да кез келген пәннің мазмұнын адамгершілікпен байланыстырып оның тәрбиелік сипатын жандандыруға болады. Осы орайда тарих пәнін жүргізуде балаға қалай рухани-адамгершілік тәрбие беруге болатыны жайында бірер сөз қозғап көрейік.

Тарих оқулығының негізгі мазмұнын, адамзаттың қоғамдық құрылымдары, кезеңдері, мемлекеттілігі, дамуы, жойылуы т.с.с. ақпараттар құрайды. Мұғалім осы ақпараттарды сол күйінде балаға меңгертуі құрғақ, жалаң білім болып саналады. Қандай да бір білімді меңгерту барысында оны адамның ішкі рухани құбылысымен байланыстыру керек. Мысалы, халықтың азаттық жолындағы күресі кезінде адамдардың қандай сезімде болғаны, азаттық күресті ұйымдастырушы көсемдердің бойында қандай адамгершілік қасеттері болғаны, халқы үшін жан аямай қызмет етуге итермелейтін адамның бойындағы қандай қасиеттері, қысқасы, мұғалімнің көздегені – баланың бойында сүйіспеншілік, мейірімділік, қайырымдылық, жауапкершілікті сезіну, адалдық т.б. рухани-адамгершілік қасиеттерінің бүр жарып дамуына жағдай жасау болуы қажет.

Даналықта ұлт болмайды. Себебі, кез келген ұлт өкілінің даналық ойлары, олардың ұлтына, нәсіліне, кезеңіне қарамастан бір нүктеде түйіседі. Оған мысал ретінде Әбу Насыр әл-Фараби мен Менделеевтің ойларын қараңыз. Осындай әлемдік данышпандардың, «Адамның жақсысы - адамға сүйіспеншілікпен қарағандар», «Адамда негізгі екі қасиет болуы тиіс, олар адалдық және махаббат», деген данышпан Абайдың даналық ойларындай сөздерді кез келген сабақта әр сабақ сайын айтып отыру баланы ойлылыққа, өнегелілікке, парасаттылыққа үйретеді. Бұл даналық сөздер сол сабақтың мазмұнымен тығыз байланыста, яғни, сабақтың мазмұнын толықтырушылық қызмет атқаруы қажет.

Мектепте жүргізілетін пәннің бәріне ортақ мақсат – баланың рухани танымын кеңейтуге қызмет етуі тиіс. Адамның рухани болмысы қалай болуы жайында Абайға жүгінер болсақ, ол: «Өзің үшін еңбек қылсаң – өзі үшін оттаған хайуанның бірі боларсың, адамдықтың парызы үшін еңбек қылсаң – Алланың сүйікті құлының бірі боларсың», - дейді. Осы тұжырым әр адамның өмірлік ұстанымына айналса, заманымыз түзеліп, мейірім, шапағаттың жалауы желбірейтіні анық.

Экспо 2017 – «Болашақ энергиясы»

Қазақ елі тағы бір мәрте әлем назарын өзіне аударды. Мәртебесі тағы да биіктей түсті. Францияның Париж сияқты бас қаласында Халықаралық көрмелер бюросы Бас Ассамблеясының кезекті сессиясында бас қосқан әлемнің 161 мемлекетінің 103-і өз дауыстарын санаулы жылдарда талай белестерді бағындырған ару қала Астанаға берді. Дүниежүзілік ауқымда беделі бар халықаралық мамандандырылған ЭКСПО көрмесін 2017 жылы «Болашақ энергиясы» тақырыбында өткізу құқы біздің елімізге бұйырды. Ал енді жалпы тақырыпқа көшпей тұрып, неліктен көрменің ұраны «Болашақ энергиясы» деп аталды, жалпы энергия деген ұғым нені білдіреді, осыған сәл тоқталып көрсек. Энергия – бұл адамзат тіршілігінің дамуына жағдай жасаушы және ынталандырушы бірден-бір табиғи қайнар көз. Энергия - ол көптеген аспектілерді біріктіретін ұғым ретінде бүкіл әлем мен адамзатқа тікелей қатысты қызықты сауалдарды туындатады. Қоғамның энергия көздеріне қол жеткізуі олардың әлеуметтік, экономикалық және экологиялық тұрақты дамуының нақты жағдайларын тікелей түрде анықтайды. Технология саласындағы әр түрлі қуат көздерін оңтайландырумен байланысты ғылыми зерттеулер мен жетістіктер қоғамдастықтардың функционалды тәсілдерін анықтап, энергетиканың тұрақты даму болашағын қалыптастырады. Хош, дәл осы жерде тізгінімізді тарта тұрып, әңгімемізге арқау болған ЭКСПО 2017 көрмесіне және оның тақырыбына көшсек.

Астанада «Болашақ энергиясы» ұранымен өтетін ЭКСПО 2017 көрмесі кең ауқымды және барлығын қамтушы жоба ретінде ойластырылды, оның тақырыбы жан-жақты терең қызығушылық танытатын, қоғамдастықтардың тіршілігін анықтайтын және осы қоғамдастықтардағы адамның күнделікті тұрмыс-ахуалын айқындайтын фактор ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін энергия болып табылады. Болашақ энергиясы – бұл қазіргі заманның келелі мәселелеріне және болашақтағы шешімдерді болжауға қатысты міндеттерді шешуге бағытталған, ойлануға нәр беретін ауқымы кең тақырып болып отыр. «Болашақ энергиясы» жобасы алдына тұрақты қуат көздерінің дамуына бағытталған стратегияларды, бағдарламалар мен технологияларды зерттеу, қуатпен жабдықтау сенімділігі мен тиімділігін арттыру, қалпына келтірілетін қуат көздерін қолдануды ынталандыру және қонақтарға қуат көзін үнемдеу өндірісінің жоспарын дайындау мен іске асыруға, энергетикалық қорларды тиімді пайдалануға белсенді қатысу қажеттілігін көрсету тәрізді нақты мақсаттар қояды. Нақтырақ айытқанда, «Болашақ энергиясы» жобасы - қуат көзін пайдаланудағы жоспарлау мен бақылау адам өмірі мен ғаламшардағы бүкіл тіршілік атаулыға шешуші әсер етеді деген тақырыпта ойлану мен білім қалыптастыруды ынталандыру мақсатында түрлі мекемелер, ұйымдар, корпорациялар мен жеке тұлғалардың көмегімен халықаралық қауымдастықты жауаптылық сезіміне шақыру болып табылады. Жобаның түпкі ойы «Болашақ энергиясы» жобасының түпкі ойы тұрақты қуат көздерін басқаруды қамтамасыз ететін шешімдер мен әдістерге қоғамдастық назарын аудару. Осылайша: «БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫ» тақырыбына халықаралық көрме өткізу біздің тіршілігіміздегі басты мағынаға ие болатын және біздің өміріміздің қауіпсіздігі мен сапасын арттыруда шешуші рөл атқаратын мәселе туралы ойлануға мәжбүр етеді. Бұл мәселе көліктерімізді энергиямен жабдықтауда, үйлерімізді жылытуда және қалаларымызды жарықтандыруда пайдаланатын азды-көпті дәстүрлі қуат көздерінің үдемелі ескіруі, толығу мүмкіншілігінің жоқтығы және оларды пайдаланудың біздің планетамызға, денсаулығымызға және қауіпсіздігімізге күрделі әсер етуі сенімсіздік пен қамкөңілдік тудыратын кезеңде әсіресе өзекті болып табылады. Сондықтан, Астана ЭКСПО 2017 көрмесі – «БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫНЫҢ» мүмкіндіктеріне қатысты мәселелерді қарастыру заңдылық қана емес, сонымен қатар аса қажетті екенін айғақтағандай. Болашақ энергиясы – бұл қазіргі заманның өзекті проблемаларын және болашақтағы шешімдерді болжауға қатысты міндеттерді шешуге бағытталған, ойлануға нәр беретін ауқымы кең тақырып болып отыр. Мінеки ауқымды тақырыпты арқалаған Астана 2017 ЭКСПО көрмесінің талап, міндеттері осындай. Ал осы міндеттер мен мәселелердің сәтті шешімін табу көптеген факторларға, оның ішінде біздің әрқайсымыздың жеке қатысуымызға да байланысты болатынын әсте естен шығармаған абзал.

Редакция

Наталья Калашникова,
Руководитель службы науки, менеджмента и маркетинга НАБ РК

КОММЕНТАРИЙ

Калашниковой Н.П. к Посланию Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана от 31 января 2017 г. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность».

Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана от 31 января 2017 г. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» - это стратегический документ прагматической направленности.

Президент страны дает четкий посыл обществу о необходимости создания новой модели экономического роста, особо подчеркивая, что те народы, которым удастся опередить будущее, решительно пойти навстречу вызовам, окажутся победителями.

В нем сделан детальный анализ результатов и достижений двух сложных этапов модернизации экономики и политической ситемы.

В Послании четко и логично выстроена мысль о том, что основным концептами двух предыдущих модернизаций было – в основном привлечение инвестиций в Казахстан, создание всех необходимых условий по расширению привлекательности Казахстана в мировой экономике с его особым инвестиционным климатом.

Предстоящая Третья модернизация в глобальной системе, старт которой и дан в Послании, это своего рода транзит результатов и достижений Казахстана в глобальное пространство, с активной экспортной ориентацией.

Эффективная реализация Стратегии – 2050, «Плана Нации – 100 конкретных шагов», составит базис Третьей модернизации и предстоящих в ее рамках реформ в разных отраслях экономики и социальной политики. В этой связи в Послании обозначен реальный тренд - получение экономической отдачи от результатов инвестирования.

Все идущие и предстоящие процессы экономического реформирования, означенные в Послании, не могут быть результативными без решения комплексной задачи – модернизации рынка труда с внедрением новых технологий.

В ряду актуальных задач – развитие бизнес-среды. Данные Президентом поручения позволят активно продолжить развитие продуктивной занятости, массового предпринимательства, микрокредитования, особенно в сельской местности, что сможет решить многие вопросы социально-экономического развития на селе, привлечь специалистов и инвесторов, в том числе молодежь.

Быстро идущие процессы обязывают каждого казахстанца, для которого направлен комплекс мер и состоит глубинный смысл новой модели экономического роста страны, активно включиться в развитие успешного государства с выстроенной системой современных рыночных отношений и уникального человеческого капитала.

В ряду предстоящих реформ, подчеркнутых в Послании в виде основных приоритетов, - институциональные преобразования, безопасность и борьба с коррупцией, составляющие основу мерила сильного и дееспособного государства.

Послание – это, образно говоря, учебник нового поколения и мирового уровня по макро и микро экономике, в котором каждый может найти ответ на вызовы времени, увидеть параметры своего личного участия и компетенции в дальнейшем построении Нации Единого Будущего.

Балжан Еркебаева,
Электронды ресурстарға қолжеткізу бөлімінің жетекшісі

- Жолдау десе елең етпейтініміз жоқ, өйткені, кезекті Елбасы жолдауы еліміздегі бір жылғы өзгерістер мен дамудың нақты қадамдарын айқындап береді. Биыл да жолдауды тағатсыздана тосқанымыз рас.

Елбасымыздың Қазақстан мемлекетін дамытудың үшінші жаңғыру бойынша жасаған жолдауы әлемдік дағдарыс кезінде алға нық қадам басуға бағыттайтын саяси құжат болып табылады. Биылғы жолдаудың ерекшелігі қоғамды толғандыратын барлық өзекті мәселелер қамтылған.

Сондай-ақ, бұл жолдауда 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, цифрлық қызмет көрсету секілді денсаулық сақтау, білім беру ісінде қолданылатын көптеген басым салаларды дамыту керектігіне ерекше көңіл бөлінген. Жалпы, бұл жолдауда Елбасы үкіметке «Цифрлық Қазастан» бағдарламасын әзірлеуді тапсырды. Осы жоба аясында жаңа технологиялар мен IT саласын дамытуға, үш тілді оқуға кезең-кезеңмен көшу мәселесі бойынша шет тілдерін, оның ішінде ағылшын тілін жетілдіруді ұсынды.

Маған бұл жолдаудағы ең ұнағаны «Баршаға арналған тегін кәсіптік-техникалық білім беру» жобасы іске асырылатыны. Тегін оқытумен ең әуелі жұмыссыз және өзін өзі тиімсіз жұмыспен қамтыған жастар, сондай-ақ кәсіптік білімі жоқ ересек адамдар қамтылатынын атап өтті.

Ендеше, барша халық болып осы жолдан таймай, еліміздің жарқын да кемел болашағы үшін аянбай еңбек ету жолында істеріміз сәтті, болашағымыз кемел де жарқын бола берсін!

Алма Мурсалимова,
ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының Ақпараттық – библиографиялық сервис қызметінің библиографы.

– Елбасымыз айтқандай: «Бәріміз біріміз үшін, біріміз бәріміз үшін бірігіп, еңбек етуіміз керек. Сонда Қасиетті Қазақстанымызды Мәңгілік Ел етеміз». Осы уақытқа дейін жүзеге асырылған ондаған жобалардың өз жемісін беруі, дәл бүгінгі күні Дүниежүзілік Сауда Ұйымына енуі Қазақстанның қай жағынан болсын дамып жатқандығын көрсетеді. Елбасымыздың Жолдауын мұқият тыңдап, зерделей ой түйдік. Қол жеткен жетістіктерді ешкім жоққа шығара алмасы анық. Сондықтан, көреген Елбасы жариялаған Жолдау межелерін жүзеге асыруда тұтастай халықтың ауызбіршілігі мен жауапкершілігі өте қажет. Мемлекет басшысының бұл Жолдауы біздің болашақ өсуіміздің, өркендеуіміздің нақты тұғырнамасы іспетті. Сара саясатының нәтижесінде дербес дамуды қалыптастырып, баянды бағытымызды үнемі жаңғыртып, толықтырумен келеміз.

Алдымыздағы алтын ғасырға теңелген ұлық бағытымызды Елбасымызбен бірге жүзеге асыруды Алла нәсіп етіп, тәуелсіз Отанымыздың болашағын жарқын қылғай!

Анар Байманова,
сотрудница НАБ РК

– При изучении раздела «Социальная модернизация – новая социальная политика» Послания следует обратить внимание на слова Президента о том, что планы по индустриализации и технологическому развитию экономики не являются для нас самоцелью: главная цель наших программ - укрепить благосостояние народа. Важнейшая особенность Послания – его социальная направленность.

Народ Казахстана сохранил и укрепил внутриполитическую стабильность и национальное единство в стране, где проживают представители 140 этносов и 17 конфессий. В Казахстане последовательно формируются институты гражданского общества на основе демократической модели развития. Учрежден институт омбудсмена по правам человека.

Айгуль Дюсембаева,
Служба информационно-библиографического сервиса
Руководитель сектора библиографии

– Ознакомившись с положениями Послания Президента Республики Казахстан Н. А. Назарбаева народу Казахстана от 31 января 2017 года, считаю его своевременным.

Послание в истории нашей страны имеет особое значение. Это программный документ, соответствующий духу времени и полностью охватывающий актуальные на сегодняшний день вопросы, стоящие перед обществом. Наша главная обязанность – сохранить достижения за четверть века и преумножить их, войдя в 30 лучших стран мира. Уверена, что какие-бы трудности перед нами не возникали, мы пройдем их уверенно и сплоченно.

В послании Глава государства подчеркнул, что мир сегодня меняется на глазах. Скорость и сложность общественных процессов нарастает и в Казахстане. Уже сегодня должны думать о том, как реагировать на глобальные и региональные вызовы, которые неизбежно поставит грядущая история перед нами. В связи с этим наступило время модернизации в системе управления государством в соответствии с требованием времени и интересах страны. Он рассказал о работе созданной специальной рабочей группы, реформы будут проведены по нескольким основным направлениям, рабочая группа будет дальше работать, она всесторонне изучит все эти вопросы и подготовит пакет предложений для последующего общественного обсуждения.

Роза Шакимова,
Ақпараттық-библиографиялық сервис қызметінің библиографы

– Биылғы жолдауда Елбасы үшінші жаңғыру арқылы еліміздің даму болашағын айқындайтын бес басымдықты

атап өткен. Бірншісі - экономиканың жеделдетілген технологиялық жаңғыртылуы. Осыған орай, Президент Үкіметке «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді және қабылдауды тапсырды. Екінші басымдық – бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту. Үшінші басымдық – макроэкономикалық тұрақтылық. Төртінші басымдық – адами капитал сапасын жақсарту және бесінші басымдық – институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты. Осы бағыттарды жүзеге асыру үшін Президент Үкіметке «Қазақстанның ұлттық технологиялық бастамасы» деп аталатын Елді үшінші жаңғырту жөніндегі 2025 жылға дейінгі дамудың стратегиялық жоспарын әзірлеуді тапсырды.«Ең жақсы жоспар – уақыт талабына бейімделе алатын жоспар. Бізде заманның беталысына қарай межелерімізді белгілеп, жоспарымызды жөндеп отырмыз. Біздің мақсатымыз – елі бақытты, жері гүлденген қасиетті Отанымыз Қазақстанды « Мәңгілік Ел» ету!

- Ежегодное Послание Президента является одним из важных политических событий для нашего народа. Особенностью нынешнего Послания является то, что оно было озвучено после недавнего празднования 25-летия Независимости Республики Казахстан.

В Послании Президента предложены конкретные шаги развития страны. Большой интерес вызвала программа «Цифровой Казахстан», которая позволит сохранить культурное, историческое, литературное наследие казахского народа. Создание электронных библиотек позволит расширить библиотечное пространство. Меня, как работника библиотеки, не могли не порадовать мероприятия, направленные на изменения в этой сфере. Мы верим в своё государство, в выбранный путь, и время показывает, что проводимые реформы у нас в стране успешно реализуются.

Жанар Даумова,
Электронды ресурстарды басқару қызметі жетекшісі орынбасарының міндетін атқарушы

- Елбасының әр жылғы Жолдауы - тарихи құжат. Қайсы Жолдауды алып қарасақ та стратегиялық маңыздылығы мен белгілі бір мерзімде нақты міндеттер мен мәселелердің шешілуін қамтамасыз етуге бағытталғанын көреміз.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы жылғы халыққа арнаған «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында жаңару мен жаңғырудың даңғыл жолына түскен Қазақстан ширек ғасырдың ішінде бүкіл әлемге қуатты, дамыған, ынтымағы жарасып, ырысы артқан мемлекет ретінде танылғанғандығы, ендігі кезекте әрбір қазақстандықтың осы береке-бірлік пен саяси тұрақтылықты одан әрі нығайтып, еліміздің іргесін бекіте түсуі қажеттілігі нақты көрсеткен. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үшінші жаңғыртудың бес негізгі басымдықтарын нақтылай келіп, біздің еліміздің әлемдегі 30 ең озық елдің қатарына кіруді қамтамасыз ететін, экономикалық өсудің жаңа моделін айқындап берді.

Әсіресе, Жолдауда берілген бірінші басымдықтың басты мақсаты - қазақстандықтардың өмір сапасын арттыру әрі ұлттық экономиканы цифрландыру. Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл мақсатты жүзеге асыру шеңберінде 2020 жылға дейін интернет қолданушылардың санын 80 пайызға дейін арттыру, тұрғындардың 95 пайызын цифрлық хабар таратумен қамту, азаматтардың цифрлық сауаттылығын 80 пайызға дейін арттыру көзделуде.

Бұл жолдаудың түйіні-бірлік деп түсіндім. Ел болып, осы бастамаларды қолдасақ, барлық қиыншылықтарды жеңіп шығамыз. Елбасы түпқазығын қадап, нақтылап бағдар көрсетті, енді сол бағыттан ауытқымай, тікелей қадағалау жүргізсе бұл істің өнімді болары сөзсіз. Біздің көз алдымызда болып жатқан өзгерістер – бұл тарихи міндет және еліміз үшін жаңа мүмкіндік. Осы үшінші жаңғыру елдің экономикасының деңгейін біршама көтеруге ықпалын тигізеді деп сенемін. Елбасының жолдауын оқып білу барлығымыздың міндетіміз, сондықтан Қазақстан азаматы ретінде жолдаудың жүзеге асырылуына өз үлесімізді қосқанымыз жөн. Бұның бәрі еліміздің одан әрі дамып, дамыған елдердің қатарында болу - басты көзделген мақсатымыз.

Жұлдызай Нақыпова,
Электронды ресурстарды басқару бөлімінің қызметкері

- Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауындағы «Цифрлық Қазақстан» жеке бағдарламасын әзірлеуді ұсынғанын дұрыс деп санаймын, яғни бұл жолдаудағы мақсат жаңа индустриялар құрумен қатар дәстүрлі базалық салаларды, өнеркәсіп, көлік, логистика, еңбек нарығы мен экономика саласын дамыту. Тек қана осы жобалармен шектеліп қана қоймай IT саласын, яғни жаңа технологиялар мен стартаптар мәселесін жүзеге асыру мен шет тілдерін, оның ішінде ағылшын тілін жетілдірумен жалғасады деп ойлаймын. Сонымен қатар Қазақстанның дамып келе жатқанын Универсиада және «ЭКСПО – 2017» нысандарын өткізуден байқауға болады.

Адильбек Букетаев,
Руководитель оцифровки службы управления электронными ресурсами

-Послание Президента Нурсултана Назарбаева имеет четкую и качественно-эффективную логическую обоснованность и последовательность. Послание затрагивает практически все ключевые позиции, предлагая переосмыслить, насколько все предпринятые и предпринимаемые меры отвечают

нынешним реалиям. Казахстан постоянно развивается. Посмотрите, что было сделано за годы независимости: высокий макроэкономический показатель, высокий валовой продукт на душу населения. То есть сделано очень много для граждан республики.

Сания Безаубекова,
ҚР ҰАК Электронды ресурстарды басқару қызметінің жетекшісі

- Көптеген қазақстандықтар сияқты мен де Елбасының жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауын асыға күтемін. Себебі әр Жолдау жақсы жаңалықтар, айқын жоспар, тың күш-жігер ала келеді. Биылғы Жолдаудың ерекшелігі, техникалық мамандарға тегін білім беретініне көп көңіл бөлінген және көптеген заманға сай мақсаттарды жүзеге асырудың жүйелі жоспары деп ойлаймын. Бұл елімізде мәденет және білім сапасының арта түсуіне зор ықпал ететіні сөзсіз.

Жастарға жол сілтейтін талай мәселе қамтылған, «Сандық Қазақстан» бағдарламасы елімізді жаңа сатыға көшіретіні сөзсіз.

Жолдаудың әр бір жаңғыртуы Мен және менің замандастарым осы жолдағы үлкен жауапкершілікті сезіне білеміз. Президентіміз айтқандай, еліміздің әлемнің дамыған 30 елінің қатарынан көрінуі үшін өз үлесімізді қосып, барынша күш саламыз деп ойлаймын.

Екінші басымдық, бизнес ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту

Екінші басымдық – бизнес-ортаны түбегейлі жақсарту және кеңейту аясында 18 шара қарастырылған, олар ең жақсы бизнес ортаны қалыптастыруға және мемлекеттің экономикаға қатысуын төмендетуге бағытталған. Аймақтық деңгейде жаппай кәсіпкерлікті дамыту. Бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша қалалар мен аймақтардың рейтингі енгізіліп, оларға арнайы сыйақы тағайындалады. Қазақстанның Үшінші жаңғыруында бизнес шешуші рөл атқаруға міндетті болады. Президент айтқандай, бизнес үшін шығындардың барлық түрлерін қысқарту ең маңызды шаралардың бірі болуы керек және бұл тек электр энергиясына, байланысқа, логистикаға, коммуналдық шығындарға ғана емес, сонымен қатар, әкімшілік шығындарға қатысты дейміз. Экономикадағы мемлекеттік сектордың функциялары барынша жеке бизнеске өтуі тиіс. Кез-келген бастапқы бизнестің қалпын құруға 16 млн. теңгеге дейін бөлінетін үкіметтен көрсетілетін көмек түрі Қазақстандық қай кәсіпкерді болсын бей-жай қалдырмады. Бұл бастама жақсылықтың нышаны, жүйелік деңгей бәрімізді қуантады.

Күляш Оразова,
Оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің жетекшісі

- Екінші басымдығы бар салалардағы бәсекеге қабілетті экспорттық өндірісті дамытуды көздейтін индустрияландыруды жалғастыру керек.

Экспорттық өндірісті дамыту мен кеңейту экспорттаушыларға салықтық жеңілдіктер мен экономиканың экспорттық секторын дамытуға ұзақ мерзімдік жеңілдетілген несиелерді беру қолға алынса. Кәсіпорынның табысты қызмет етуі, шығарылатын өнімнің сапасын көтеру, өндірістік қуатты ұлғайту, өнімнің бәсеке қабілеттілігіне қол жеткізу және рыноктағы орнын нығайту. Ғылымды қажет ететін импорттық өнімдердің бірқатарын шектеу керек. Шетелдік фирмаларға осындай өнімдерді біздің елде шығаруына жол ашуымыз қажет. Бірақ шығарылатын заттың бір бөлігі отандық заттардан құралуы қажет. Осылайша отандық өндірістің үлесін көбейте отырып, ғылымды қажет ететін өнімді экспортқа шығаруға мүмкіндік туады.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: Жаһандық бәсекеге қабілеттілік»

